Аты-жөндерінің мемлекеттік тілде дұрыс жазылуына баса мән берілуде. Өйткені шетелде берілген құжаттарында қате жазылып кеткендері аз емес. Тұрақты тұруы үшін бірінші кезекте Қазақстан Республикасының азаматтығын алады. Жыл сайын мемлекеттік бюджеттен 16 млрд теңгеден астам шығыстар көзделіп, бір реттік жәрдемақы түрінде оралмандарға қаржылай көмек көрсетіледі.

Мүліктерін әкелген көлік шығындары өтеледі және тұрғын үй сатып алуы үшін қаржы беріледі. Сонымен қатар Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметі бойынша, биылғы жылдың алғашқы тоқсанында қандастарымызға қосымша жеңілдіктер ретінде 169 млн 767 мың теңге көлемінде әлеуметтік көмек қарастырылған.

Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы Елбасымыздың бастамасымен 1992 жылы, тәуелсіздігіміздің таңсәрі шағында, егемендігіміздің елең-алаңында азаттығымыздың алтын бесігі — Алматы қаласында өткізілді. Өзім осы бір ұлы жиынның куәгерімін.

Екінші құрылтай 2002 жылы діниіміздің дала төсіндегі діңгегі — қасиетті Түркістанда ұйымдастырылғаны да баршаға белгілі.

Ал 2005 жылы 29 қыркүйек күні әлем қазақтарының үшінші құрылтайы Астана қаласында барша қандасымызға құшағын айқара ашты. Осы Дүниежүзі қазақтарының III құрылтайында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасының төрағасы болып сайланды.

Дүниежүзі қазақтарының III құрылтайына жиналған әлемнің 32 елінен келген 314 делегат Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасының төрағасы етіп Нұрсұлтан Назарбаевты сайлау туралы ұсынысты бірауыздан қолдады. Бүгінгі таңда Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Талғат Мамашевтің ұйымдастыруымен шетте жүрген қандастарымыздың жай күйін зерделеп, олардың елге оралуына ықпал етуде іргелі істер атқарылуда.

Осы маңызды басқосуда Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев зор тебіреніспен сөз сөйледі. Елбасы бір миллионнан астам қазақтар тұратын Қытай Халық Республикасы, Ресей мен Өзбекстан басшыларымен мәңгілік достық туралы халықаралық келісімге қол қойғанын және әрбір іссапарында осы елдердің басшыларына қандастарымыздың мәселелерін үнемі тапсырып, оның орындалуын міндетті түрде қадағалап отыратынын жеткізді.

Ресей, Қытай, Өзбекстан, Моңғолия басшыларының қазақ бауырларымызға көрсетіп отырған қамқорлықтары үшін ризашылын білдірді. Және осындай көзқарастың елдер арасындағы достықтың беки түсуіне қызмет ететіні сөзсіз. Қазақтар бүгінде

дүниежүзінің қырықтан астам елінде тұрады. Әрине, басым көпшілігі Қазақстанмен шекаралас мемлекеттерде өмір сүруде. Соңғы кездегі деректер бойынша,

Өзбекстанда бір жарым миллион,

Қытайда — 1 миллион 500 мың,

Ресейде миллионға жуық,

Түрікменстанда — 100 мың,

Моңғолияда — 80 мың,

Қырғызстанда — 45 мың қазақ бар.

Өзге елдердің арасынан Түркия, Иран және Ауғанстанда қазақтар біршама көп және олар жинақы орналасқан. Еуропа мемлекеттерінде қажырлы қызметімен абыройға бөленіп, еңбек етіп жүрген қазақтарымыз аз емес.

Елбасы тарапынан бұл үшін аса зор қамқорлық та жасалды. Арнайы заң да қабылданды. Соған сәйкес жыл сайынғы этникалық көші-қон квотасының саны 20 мың отбасына дейін жетіп, 2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы Көш» бағдарламасы да қабылданып, жүзеге асырылды.

Соның нәтижесінде аз уақыт аралығында 1 миллионға жуық қандасымыз Ата қонысқа оралып, еліміздің өсіп өркендеуіне, мәдениетіміз бен ана тіліміздің дамуына зор үлестерін қоса білді. Бұл саладағы жиырма жылдан астам кезеңнен бергі атқарылған жұмыстарды талдау барысы көрсетіп отырғанындай, оралмандарға қатысты әлі де көптеген мәселелерді бір жүйеге түсіру қажет сияқты.

Осыған орай, «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдеде №477-IV Заң қабылданды, ол халықтың көші-қоны саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, көші-қон үрдістерінің құқықтық, әлеуметтік және экономикалық негіздерін белгілейді. Заңға сәйкес шет елдік жұмыс күші Үкімет белгілеген квота бойынша тартылады. Заңда елге келу мақсатына қарай көшіп келудің негізгі түрлері белгіленген: тарихи отанына қайтып оралу, отбасының қосылуы, білім алу, еңбек қызметін жүзеге асыру, гуманитарлық және саяси себептермен. Заңда жергілікті атқарушы органдардың құзыреті қарастырылған. Облыс әкімдіктері шетелдік қызметкерлерге ҚР Үкіметі белгілеген тізбені береді, оларға жұмысқа ораналасуға рұхсат береді, сонымен қатар, аталған рұхсаттарды қайтарып алады немесе тоқтатады, жұмыс берушілерге шет елдік жұмыс күштерін тартуға рұхсат береді, уәкілетті органдарға квота құрастыру бойынша ұсыныстар енгізеді және басқа міндеттер.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алған күннен бастап Елбасының тікелей қолға алуымен сырт жерлердегі қандастарымызды атажұртқа көшіріп әкелуге айрықша көңіл бөліп, көптеген игі істерді жүзеге асырды. Соның нәтижесінде, қазір жыл сайынғы көші-қон квотасының саны 20 мың отбасына дейін жетіп, жаңадан "Нұрлы көш” бағдарламасы қабылданды.

Оралмандарға арналған бұдан да басқа қаржылай көмек пен құқықтық жеңілдіктер бар. Алайда, бұл салада тез арада бір жүйеге түсіріп, реттейтін мәселелер де аз емес. Бұған нақты мысал келтірейік. Көші-қон саласында соңғы жылдары ерекше дау-дамай туғызып жүрген мәселелердің бірі – оралман деген атау. Біраз жұрт мұндай атау өте орынды деп есептейді.

Тіпті бұдан он жыл, он бес жыл бұрын көшіп келгендер де өздерін оралманбыз деп есептеп, түрлі көмек, жеңілдік талап етеді. Яғни, олардың ойынша оралман деген атау шетелден келген қазақтардың бәрінің еншісіне өмірбақи жазылып қоятын мәңгілік мәртебе сияқты.

Ал ағайындардың екінші тобы бұл атауға мүлдем қарсы. Оралман деген сөз бір қазақты екіге бөлу, кемсіту деп санайды. Соған байланысты, бұл атауды түп-тамырымен жойып, қолданыстан алып тастау керек деген арыз-шағымдар ең жоғарғы орындарға дейін жазылды. Көші-қон комитеті тіл мамандарын жинап, бұл жөнінде бірнеше рет

пікір алысу да өткізді. Ал сонда мұндай қарама-қайшылық пен түсініспеушіліктің туындауының себебі неде?!.

Себебі, о бастан оралман деген атауға түсініктің нақты, дәл берілмеуінде. Өкінішке қарай, заңның жаңа жобасында да бұл мәселе ескерілмеген. Мысалы, заң жобасының 1-бабында "Оралмандар – тарихи Отанында тұрақты тұру мақсатымен Қазақстанға келген және осы заңда белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған, Қазақстан Республикасы егемендік алған сәтте шетелде тұрақты тұрып жатқан ұлты қазақ шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар және олардың Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін одан тысқары жерде туған ұлты қазақ балалары” деп көрсетілген. Міне, осы ұзыннан ұзақ құрмалас сөйлемнің алғашқы екі жәй сөйлеміне сүйеніп қорытынды жасасақ, шетелден келіп тиісті мәртебе алған қазақтардың бәрі – оралман.

Яғни, бұдан он жыл, он бес жыл бұрын келген ағайындардың өздерін әлі күнге оралманбыз деп есептеуі заңға сәйкес болып шығады. Ал сол тармақтың үшінші және төртінші жай сөйлеміне қарасақ, шетелде тұратын 5 миллион қазақ үрім-бұтағымен қосылып түгелдей – оралман. Ал шындығына келгенде, шетелде тұратын қазақ та, оның үрім-бұтағы да ешқандай оралман емес, тек оралман атануға құқы бар үміткерлер.

Яғни, олар Қазақстанға келіп, арнайы куәлік алғаннан кейін ғана оралман атанады. Және ол куәліктің мерзімі біткен күннен бастап оралман емес, қолында шетелдік паспорты бар этностық қазақ немесе Қазақстан Республикасының өзгелермен құқы тең азаматы. Заңда осы мәселені тайға таңба басқандай етіп неге анықтап көрсетіп қоймаймыз?!

Жалпы, осындай бұлдыр, түсініксіз сөйлемдерді оқып отырып заң жобасын жасаушылардың ынта-ықыласы жақсы болғанымен, айтар ойды нақты, түсінікті жеткізуге келгенде кібіртіктей беретіндерін айқын аңғарамыз. Оралман деген атауды он бес жылдан бері халыққа дұрыстап түсіндіре алмай жүргеніміздің басты себебі, міне, осыдан болса керек.

Осыған орай заң жобасындағы оралман деген ұғымға "қолында оралман деген мерзімі өтіп кетпеген куәлігі бар, жәрдемақы алуға құқылы” деген тіркес қосылуға тиіс. Көші-қон саласындағы қазіргі кездегі олқылықтардың басым көпшілігі ұйымдастыру жұмыстарының төмендігінен туындап отыр. Мысалы, сырт жерлердегі ағайындардың атажұртқа келуін барынша оңайлату үшін, ең алдымен, олармен алдын ала байланыс жасап, құжаттарын дайындап, шекарадан өтуінен бастап, тұрақты тұратын жеріне дейінгі бүкіл жолын реттеп, үйлестіріп отыру керек.

Бұл ретте, өркениетті мемлекеттердің осы саладағы іс-тәжірибелері еріксіз еске түседі. Германия, Израиль сияқты елдер мұндай жұмыстарды мемлекеттік органдар арқылы бір орталықтан басқарып, тарихи отанына ораламын деушілерді алдын ала тізімдеп, нақты тәртіп-ережелер бойынша кезекке қойып, қай жерге орналасатынын анықтап, қоныс аударуға содан кейін ғана рұқсат береді.

Соңғы кезде Ресей үкіметі де шетелдегі отандастарын көшіріп әкелуде осындай тәртіп қолдана бастады. Өкінішке қарай, бізде көші-қонның дайындық жұмыстары әлі күнге жүйелі жүргізілмей келеді. "Халықтың көші-қоны туралы” заң жобасында көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті органның құзыреті 12 түрлі тармақпен белгіленген.

Бірақ оның ішінде көші-қон жұмысын ұйымдастыру туралы қарастырылмаған. Оралмандардың көп қиындық көретін және бір мәселесі – аттестаттары мен дипломдарын, басқа да құжаттарын куәландыру, яғни нострификация жасату.

Бұл құжаттардың шын немесе жалған екендігін анықтауда түсініспеушіліктер жиі кездеседі. Сондай-ақ, оралмандарды орта және жоғары мамандықтар бойынша қайта дайындықтан өткізу мәселесі де ескерілгені жөн. Заң жобасының 44-бабында "оралман мәртебесі оралман Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаннан кейін тоқтатылады” деп көрсетілген. Бүгінгі таңда оралмандарға байланысты түсініспеушілік

пен дау-дамайдың біразы, міне, осы мәселеден де туындап отыр. Сондықтан, Қазақстан азаматтығын алғандарға оралман ретінде жәрдемақы төлеудің қатаң ереже-тәртібін жасап, бекіту керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Заңы. Халықтың көші-қоны туралы 2012.10.07. 2. Нөкетаева Д. Ұлы көш – ұлттың абыройы. «Айқын» газеті, 24 мамыр 2011 жыл. 3. ttp://www.parlam.kz/3/mazhilis/news-details/id63/7/1 4. Балғабаев С. Көші-қон және жаңа заң | Егемен Қазақстан. www.egemen.kz/2010/05/25/7001

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІНІҢ, ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЖӘНЕ БІЛІМІНІҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ФИЛОСОФИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ

Кусманбекова Аружан
3 курс студенті
Алматы экономикалық колледжі
Ғылыми жетекшісі:Кайырбаева Р.Е

«Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан мәдениетінің, ғылымының және білімінің рухани жаңғыру философиясы мен тарихы» атты бұл баяндама еліміздің жаңа тарихы мен оның ертеңіне деген автордың көзқарасын танытады. Егемен мемлекеттің негізі қаланған күннен бастап оның қалыптасу кезеңдерінің ерекшеліктері мен 30 жылдық тәуелсіздік дәуіріндегі ішкі және сыртқы сын-қатерлерді еңсеруге байланысты қабылданған шешімдердің мән-мазмұны мен тетіктері баяндалады.

Қазақстан мәдениетінің, ғылымының және білімінің даму жолдары мен қосқан үлестері сараптала отырып, тарихымызда қаншалықты маңызды орын алатындығына тағы бір мәрте көз жеткізіледі.

Доклад «Философия и история духовного возрождения культуры, науки и образования Казахстана в годы независимости» отражает авторское видение новой истории страны и ее будущего. Описаны особенности этапов становления суверенного государства с момента его основания, а также содержание и механизмы решений, принимаемых для преодоления внутренних и внешних вызовов за 30 лет независимости.

Анализируя пути и вклады в развитие культуры, науки и образования в Казахстане, еще раз подтверждается, насколько это важно в нашей истории.

The report "Philosophy and history of spiritual revival of culture, science and education of Kazakhstan in the years of independence" reflects the author's vision of the new history of the country and its future. The features of the stages of the formation of a sovereign state from the moment of its foundation are described, as well as the content and mechanisms of decisions taken to overcome internal and external challenges over 30 years of independence.

Analyzing the ways and contributions to the development of culture, science and education in Kazakhstan, it is once again confirmed how important this is in our history.

Екі мың жиырма бірінші жылдың желтоқсаны. Ел тәуелсіздігіне 30 жыл. Әлемдік тарих тұрғысынан қарап отырсам онша көп те уақыт емес. Дегенмен осы жылдарда біз әлемге және болашақ ұрпаққа тәуелсіз Қазақстан атты жасампаздықтың ұлы жемісін ұсына алдық. Сол себепті бұл кезең біз үшін Ұлы дәуір.

Тәуелсіздік дәуірі дегеніміз – ұлттың бұрын өтуі мүмкін еместей көрінетін шыңыраудың шетіндегі таудың қатерлі соқпағымен жүргенмен бірдей құбылыс. Алайда біз оны да бағындыра алдық.

Тәуелсіз Қазақстан екі әлемдік дағдарыстан зардапсыз, айтарлықтай шығынсыз өте білді: біздің мемлекетіміздің мықтылығы оның әл-ауқатының көтерілуімен дәлелденді. 2012 жылы «Қазақстан-2030» стратегиясының барлық міндеттерін мерзімінен бұрын орындап, әлемнің бәсекеге қабілетті елу елінің қатарына және даму деңгейі орташа елдер тобына ендік. Сол жылдары Н.Ә.Назарбаев жаңа мақсаттарға негізделген «Қазақстан-2050» стратегиясын жасап: алдымызға әлемнің дамыған отыз елінің қатарына қосылу міндетін қойды.

Біздің осы мақсатқа негізделген іс-қимылымызды 2017 жылдың басында жариялаған үшінші жаңғыру бағдары қамтамасыз етпек. Біз қазірдің өзінде конституциялық реформа жүргізіп, экономикалық түлеудің келесі кезеңіне қажетті бағыттарды таңдадық және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қоғамдық сананы дамыту үстіндеміз.

Қазақстанда тәуелсіздіктің екінші онжылдығында мәдениеттің гүлденуі одан әрі жалғасты. Ол толыққанды, сан қырлы, жан-жақты, жарқын түрде дамыды. Мемлекет бұрынғысынша мәдениет саласына барынша жомарттықпен қамқорлық көрсетіп, қолдау жасап отырды: 2012-ші жылдары, бес жыл ішінде, мәдениетке жұмсалған қаржы үш еседен аса өсті. 2014 жылғы қараша айында отандық мәдениеттің беделін көтеруге және саланы сапалы жаңғыртуға бағытталған Мәдениет саясатының жаңа тұжырымдамасы бекітілді. Ұлттық мәдени өмірдегі елеулі оқиғалардың бірі – 2013 жылы маусым айында ғажайып «Астана Опера» театрының ашылуы, ал екіншісі – 2014 жылы маусымда Қазақстан Ұлттық музейі халыққа қызмет көрсете бастады. Екеуі де сәулет өнерінің жауһарлары әрі кең ауқымды мәдени жобалар.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан ұлттық салт-дәстүрлерімізді жаңғыртуға көп жағдай жасады және мәдени қорымыздың қоржынын толтыруға үнемі көңіл бөліп отырды. Енді халықаралық аренаға шығып, Қазақстанның дүниежүзілік мәдени үдерістегі үлесі бар толыққанды қатысушы екендігін дәлелдеу керек болды. 2012 жылы Астана қаласының бір мезгілде Түркі әлемінің және ТМД елдерінің мәдени астанасы мәртебесіне ие болуы – атап айтарлық жайт. Қазақстанның жаңа да жас астанасында ондаған мәдени форумдар, фестивальдар, көрмелер көз қуантып, көңіл тоғайтып өтіп жатқанына қала тұрғындары мен қонақтары дән риза болғаны анық. Қазақ мәдениетінің тамыры терең негіздерін, Қазақстан мәдениетінің тұғырлы іргетасы – қазақ мәдениетінің салт-дәстүрлерін дамытуға үнемі көңіл бөлінуі – мемлекеттің ерекше қамқорлығы. Бізде қазақ өнері мен салт-дәстүрі дамытылуда, сонымен бірге барлық этностардың мәдени мұраларына да көңіл бөлініп отыр.

Өркениеттің осынау асыл қазығына қор тарапынан қандай қолдау бар?

Ғылым-білім, мәдениет пен өнер саласындағы талантты жастарды қолдауда Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті қоры орасан зор жұмысты атқарып отыр.

Қай қоғамда да мәдениет пен өнер қолдау-көмекке мұқтаж. Сондықтан өнердегі жастарға қамқорлық жасау мақсатында қор жанында шығармашыл жастар кеңесі жұмыс істейді. Кеңестің құрамына республикамыздағы сәулетшілер, кинематографистер, дизайнерлер, жазушылар, суретшілер және басқа да шығармашылық одақтардың өкілдері кіреді. Кеңес түрлі көрмелер, байқаулар, фестивальдар мен концерттер, көрермендер конференцияларын ұйымдастырады.

Өнер мен мәдениет саласындағы жас таланттарды қолдау бағдарламасының аясында қор шығармашылық жобаларды қолдауға берілетін гранттар, елімізде және шет жерлерде өтетін салалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, симпозиумдар мен семинарларға, шығармашылық байқауларға, фестивальдарға, концерттерге, шеберлік

дәрістеріне, көрмелерге қатысуға мүмкіндік беретін «Іс-сапарларға гранттар», сондай-ақ жаңашылдығымен, өзіндік ізденіс-өресімен танылған талантты шығармаларға, бағдарламаларға, жобаларға Президент қорының сыйлығы байқауларын өткізіп келеді[37].

Шығармашылық жобаларды жүзеге асыруға берілетін гранттарды жеңіп алу үшін жыл сайын ұйымдастырылатын байқау мәдениет пен өнердегі жас таланттарды қолдау және ынталандыру, болашақ кино және телевидение мамандарының кәсіби біліктілігін жетілдіру, сонымен қатар отандық аудиобейне өнімдерінің сапасын жақсарту мақсатын көздейді. Мысалы, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 5-ші курсының 17 студентіне дипломдық жобаға гранттар тапсырылды. Яғни, студенттердің дипломдық жұмыстарын жүзеге асыруына қаржылық қолдау жасалады.

2011 жылы ақпанда қабылданған «Ғылым туралы» заң озық ғылыми жетістіктер үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. 2012 жылдан бастап, «Қазақстан-2050» стратегиясында ғылымның экономикаға қосар нақты үлесін күшейту туралы міндеттер қойылғаннан кейін, ғылымды басқарудың жаңа моделі күшіне ене бастады. Барлық жобалар Ғылыми-техникалық сараптама Ұлттық орталығы арқылы өткізіле бастады, ал қаржыландыруға байланысты соңғы шешімді Ұлттық ғылыми кеңестер қабылдады.

Қазақстан ғалымдары үшін Мемлекеттік сыйлықтар, Білім және ғылым министрлігінің сыйлықтары, сондай-ақ әртүрлі стипендиялар тағайындалуы да жемісті жұмыстарға ынталандырғаны анық.

2013 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығымен С. Ақшолақов жетекшілік жасайтын Нейрохирургия ғылыми орталығы, А. Медеу басқаратын География институтының қызметкерлері және физика-математика ғылымдарының докторы, академик Т. Қалменов марапатталды.

2015 жылы Ғылым мен техника саласындағы Әл-Фараби атындағы Мемлекеттік сыйлық белгіленген болатын. Оның алғашқы лауреаттары болып бірнеше ұжым танылды: сұйықтық физикасын зерттегені үшін – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми-зерттеу институты; ғарыштық ғылыми әдістерді дамытқаны үшін – Аэроғарыш комитетінің төрағасы Талғат Мұсабаев бастаған топ; түсті металлургиядағы ғылыми жұмыстары үшін – Әбдірасул Жәрменов жетекшілік жасайтын Минералды шикізаттарды кешенді өндіру жөніндегі ғылыми орталық; хирургиядағы жаңа технология үшін – Нұрлан Батпенов басқаратын Травматологиялық ғылыми-зерттеу институты.

2016 жылы наурыз айында 2016–2019 жылдарға арналған Білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Онда көзделген негізгі бағыттар: коммерцияландырылған жобалардың үлесін 20 процентке дейін көтеру, ғылымға бөлінетін гранттарды индустриаландырудың маңызды мәселелеріне қайта бағыттау, инновациялық консорциумдарды (ҒЗИ, конструкторлық бюролар, зертханалар) жүзеге асыру мен дамыту барысында патенттер алу.

Қазақстандық білім беру жүйесі үшін – 2010-шы жылдардың орта тұсы жаңғыртудың жаңа кезеңіне айналды. 2015 жылы қараша айында «Білім беру туралы» заңға толықтырулар енгізілді. Олар – мектепте білім берудің жаңартылған түріне көшуді, дуальды оқытуды, алғашқы жұмысшы маман-дығына тегін қол жеткізу құқығын, колледждер мен жоғары оқу орындарының тәуелсіз аккредитацияларын қамтамасыз етті. Келесі жылдың наурыз айында әлемдік трендтерді ескере отырып жасалған Қазақстан Республикасының 2016–2019 жылдарға арналған Білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Отандық білім беру – ең үздік халықаралық үлгілерге, соның ішінде ақпараттық технологиялар мен электронды оқытуды дамытуға бағытталған. Мемлекеттік-әлеуметтік саясаттағы басымдық – адам капиталының дамуы екенінің дәлелі ретіндегі, ерекше форматтағы оқу орындары – Назарбаев зияткерлік

мектептері ашылды, сөйтіп мектепте білім беру ісі тез арада әлемдік стандарттар деңгейіне дереу көтерілді. 2014 жылға қарай зияткерлік мектептер Астана, Көкшетау, Семей, Талдықорған, Өскемен, Орал, Ақтөбе, Қарағанды, Шымкент, Тараз, Павлодар, Қызылорда, Атырау қалаларында ашылды. Бұл – мектептегі білім беру ісіне салмақты серпін берді.

2014 жылы желтоқсан айында ҚазҰТУ-дің және қайта құрылған ғылыми-технологиялық «Парасат» холдингінің базасында алғаш рет Ұлттық ғылыми-зерттеу техникалық университеті құрылды. «Болашақ» стипендиялы бағдарламасы одан әрі жалғасып, 9,5 мыңнан астам мамандар даярланды. Жоғары оқу орындары біртіндеп корпоративті басқарудағы коммерциялық емес ұйымдарға айналады. 2010-шы жылдары мемлекет те, азаматтар да білімге қаражат салу – болашақтың перспективалы инвестициялары екеніне толық көз жеткізді. Қазақстандық білім беру жүйесіне 2017 жылы басталған қоғамдық сананың жаңғыруы бағдарламасы ерекше мол мүмкіндіктер туғызып отыр.

Адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады. Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-сонды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Қазіргі күні бұл технологиялар жасақталу үстінде. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады.Осылайша ертегілер шындыққа айналатын заман келді. Тіпті ата-бабаларымыз ертегілердің өзінде қиялы жетіп бейнелей алмаған жаңа дүниелермен кездесуімізге көп қалған жоқ.

Халық өмірінің әлеуметтік парадигмасын қайта цифрландыру, ол адамдардың ой өрісін кеңейтуге, жаңа білім алу мүмкіндігін ашады. Заманауи білім берудің негізгі бағыттарының бірі – желілік қызмет, әлеуметтік желілерді білім беру ресурстары ретінде пайдалану және шалғай шеберлік сабақтарын өткізу, тренингтер. Желілік технологияларды қолданумен цифрлы білім берудің типтік ерекшеліктері – бұл икемділік, ұтқырлық, өндіріс қабілеттілігі, диалогтық және интерактивтілік, медиа ағындарды қабылдауға бағдарлау.

Сонымен қатар,Қазақстанда баламасы жоқ BilimLand ұлттық цифрлық білім беру платформасына бүгінге дейін 7 000-ға жуық мектеп қосылған. Қазақстан бойынша білім беру мекемелеріндегі педагог мамандар сайттағы барлық сабақты қолданып, цифрлы технологиялардың тиімділігін сезінуде.

Bilimland.kz сайты қашан да ұстаздардың уақытын тиімді пайдаланып, тәжірибе алмасуы үшін порталды ұдайы жетілдіруде. Педагог мамандарды қолдау мақсатында сайтта педагогтер қоғамдастығы BilimLand ашық алаңы – "Мұғалімге" парақшасы жасалды.Аталған парақша бірнеше бөлімнен тұрады. Олар:

1. Сабақтар және сынып сағаттары
2. Видео
3. Вебинарлар
4. Сабақ жоспарлары
5. Форум

Қазіргі таңда "Мұғалімге" парақшасында “Жаңашыл мұғалім” байқауының аясындағы сабақ жоспарлары мен сабақтағы видеоүзінділер жинақталған қор бар. Осы бөлімді қолданып жүрген белсенді ұстаздар дайын сабақ жоспарларын көшіріп алудан бөлек, өз жұмыстарымен бөлісуді сұраған екен. Келіп түскен көп сұраныс пен ұсынысты негізге алынып, 2019 жылдың қазан айында, "Мұғалімге" парақшасы “Сабақ жоспарлары” және “Форум” атты су жаңа бөлімдерге толықтырылды.

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру.

Қазақстан Республикасның Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылдың 16-наурызынан бастап Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елімізде төтенше жағдай енгізген болатын. Осыған байланысты еліміздегі барлық мектеп оқушылары мен студенттері қашықтықтан білім алуды бастады.

Алдымен «қашықтықтан оқыту» деген ұғымға тоқталатын болсам, қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.Қашықтан оқыту формасы бүгінде уақыт және кеңістік белдеулерінен тәуелсіз, көпшіліктің өз бетінше үздіксіз жалпы білім алу жүйесін, өзара ақпарат алмасуын қалыптастырады және жүзеге асырады. Одан басқа, қашықтан оқыту жүйесі әлеуметтік жағдайына қарамастан және еліміз бен шет елдің кез-келген ауданында тұрса да адамның білім және ақпарат алу құқығын қамтамасыз етеді. Ел азаматының білім алу құқығын қамтамасыз етуде және қоғам қажеттілігін өтеуде тек осы жүйе мейілінше икемді әрі тиімді.

Сырттай оқу мен қашықтан оқуды шатастырмау керек. Олардың басты айырмашылығы - қашықтан оқытуда жүйелі әрі әсерлі интерактивтік оқыту қамтамасыз етіледі. Қашықтан оқытуды оқудың жаңа бір формасы деп, тиісінше қашықтан білім беруді (оқыту нәтижесі сияқты жүйені де, процестің өзін де) білім берудің жаңа формасы деп қарастыру керек. Әрине, оны басқа оқу жүйелерінің жетілдірілген түрі деп қарауға болмас. Қашықтан оқыту да күндізгі оқытудағыдай мазмұн мен мақсаттар негізінде құрылады. Бірақ, интернеттің ақпараттық ортасының және оның қызметінің мүмкіндіктеріне байланысты, қашықтан білім беруді жүзеге асыру ерекше болады.

Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, қашықтықтан оқытудың тиімділігі – студенттің университетке бармай-ақ, өзіне ыңғайлы жерде отырып, берілген тапсырманы орындай беретіндігі, яғни уақыттың ұтымдылығы, екіншіден, оқу ақысының арзан болатындығы, шалғайдағы шетел жоғары оқу орнын елде жүріп-ақ оқып, диплом алу мүмкіндігінің болуы.

Қашықтықтан білім берудің басты артықшылықтарының бірі – біздің оған қанша уақыт және қашан арнағымыз келетінін таңдай аламыз. Сондай-ақ үй тапсырмаларында әртүрлі компьютерлік бағдарламаларды пайдалануға болады.

Онлайн оқытудың кемшілігі,менің көзқарасым бойынша,топтық қарым-қатынастың болмауы. Бірақ та бұнымен әлі де жұмыс жасалатынына сенімдімін.Сондықтан,егер маған кандай оқу формасы ұнайды десе, мен онлайн оқу формасын таңдар едім.

Білім алу – сан қилы әрекет түрін қамтитын аса күрделі әрі үздіксіз процесс. Оған қатысатын әр адамның өзіндік қабілеті мен талғамы бар. Сондықтан да білім алу әр адам үшін ерекше процесс. Технологиялардың қарқынды дамуы білім алуды одан ары қиындатты дегенді соңғы кезде жиі естимін. Жаңа ұғымдар, бағыттар, техникалық құралдар мен технологиялар өмірге көптеп еніп жатыр. Оған ілесу, барлығын түсініп, игеру тіпті кәсіби мамандарға да оңай емес. Бірақ мен осы технологиялардың керемет мүмкіндіктер туғызатын зор күшіне риясыз сенемін. Технологиялық мүмкіндіктер баршаға қолжетімді,сапалы білімге жол ашады.

Мен Тәуелсіздік дәуіріндегі тарихымыз бен Қазақстанның алдында тұрған жаңа міндеттер жайлы баяндай отырып, еліміздің келешегіне көз тастауға тырыстым. Халқымызда «Жол мұраты – жету» дейтін нақыл бар. Мемлекетімізді дамытып, елімізді гүлдендіруге бет түзеген осы ұлы көшке бәріміз де атсалысамыз. Бағыттан жаңылмау үшін өткенімізге зер салып, алдыңғы буынның тәжірибесінен тағылым ала білу маңызды. Олар аса ауыр кезеңде, ерекше күрделі мәселелердің шешімін таба білді.

Баршамыз талап қылып, халық болып жұмылған еңбектің арқасында,қалыптасқан мемлекетіміздің тұғырын бекітіп, кемел келешекке қарыштап қадам басып

келеміз.Тәуелсіз Қазақстан тарихының басты тағылымы мынада: кез келген тығырықтан жол тауып, кедергіні – мүмкіндікке, тәуекелді табысқа айналдырып, ең асқақ арманға қол жеткізу әркімнің өз қолында.Жеңіс пен жетістік – жасқанбай алға ұмтылғанның еншісінде.Қазақстанды жоғары дамыған мемлекетке айналдыратын – азат ойлы, жаңашыл да жасампаз азаматтары. Ол үшін әркім жан-жақты және кемел білімге ден қойып, қажырлы еңбек пен өзін-өзі толассыз жетілдіруді өмір салтына айналдыруы қажет. Демек, бүгін де болашақ үшін құлшына іске кірісетін, жігерімізді жанып, санамыз бен өмірімізді өзгертетін сәт тағы туып тұр.

Ұлы тарих Кемел келешекке жетелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б.

2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНҒА 30 ЖЫЛ!!!

Оспанов Асан Бекешұлы
техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент -мүшесі,
Қазақ қайта өңдеу және тағам өнеркәсіптері ғылыми -зерттеу институтының
Басқарма Төрағасы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 2020 жылдың қазанында онлайн форматта өткен төртінші отырысында 2021 жылды Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы деп жариялау туралы шешім қабылдады.

Осы қысқа мерзім ішінде ел өте қарқынды дамып, орасан жетістіктерге қол жеткізді. 30 жыл ішінде елімізде тұрақты экономикаға қаланып, ғылым, сонымен қатар әлеуметтік салада, саясатта, мәдениетте және спортта айтарлықтай белестерге жеттік.

Дамыған елдердің маңызды салаларының бірі – тағам және қайта өңдеу өнеркәсібі болып табылады. Өз кезегінде, бұл саланың дамуы ғылымсыз мүмкін емес, ал Қазақстан Республикасының тағам және қайта өңдеу өнеркәсібінің ғылыми әлеуетін құрумен айналысатын мекемелердің бірі - «Қазақ қайта өңдеу және тағам өнеркәсіптері ғылыми-зерттеу институты» ЖШС (әрі қарай ҚҚӨжТӨҒЗИ). Институт 1993 жылы Алматыда шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының негізінде құрылған. 2016 жылдан бастап «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КеАҚ еншілес ұйымының қатарына кірді.

ҚҚӨжТӨҒЗИ Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенінің қайта өңдеу және тағам өнеркәсібі мәселелерін шешетін Қазақстандағы жетекші ғылыми мекеме. Институтта ғылыми зерттеулер жүргізудің мол тәжірибесі және қызметкерлерінің жоғары біліктілік деңгейі бар.

Бүгінгі таңда ҚҚӨжТӨҒЗИ Білім және ғылым министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігінің тапсырысы бойынша бағдарламалық қаржыландыру және «Ғылым қоры» АҚ коммерцияландыру жобалары аясында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізеді. Қазақстандағы 100 -ден астам тағам өңдеуші кәсіпорындары ғылыми-ақпараттық қамтамасыз етуде. Институт мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу, нан -тоқаш және шырын -шырын өнімдері өнеркәсібінің технологиясы мен барлық мәселелері

бойынша консультация берумен айналысады, тапсырыстар бойынша барлық өңірлерде де, жекелеген кәсіпорындарда да жұмыс жасайды.

Институттың негізгі мақсаты -агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігі мен экспорттық әлеуетін арттыруға бағытталған, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеудің ғылымды қажет ететін өнімдерін алу.

ҚҚӨжТӨҒЗИ құрамында Алматыда орналасқан Бас институт, сонымен қатар Нұр-Сұлтан және Семей қалаларында орналасқан филиалдар бар.

Бас институт пен оның филиалдарына ғылыми-конструкторлық зертханалар, тәжірибелік өндірістік қондырғылар кіреді.

Институт қызметінің негізгі бағыттары:

- Қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібінде жаңа технологиялар мен жабдықтарды қолданудың тиімділігін бағалау, жануарлар мен өсімдік шикізатынан азық -түлік өндірісінің жаңа жабдықтары мен технологияларын жетілдіру мен әзірлеу бойынша жұмыстарды орындау, оның ішінде наубайхана, кондитерлік өнімдер үшін , жеміс-көкөніс, ет және сүт, сыра мен алкогольсіз сусындар, шарап жасау, жемшөп және басқа да салалар кіреді.
- Шикі шикізаттың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жаңа функционалды тағам өнімдерін, соның ішінде ұлттық өнімдерді, сондай-ақ тағамдық және биологиялық белсенді қоспаларды алу мақсатында өсімдіктер мен жануарлар шикізатын терең және күрделі өңдеуге арналған жабдықтардың оңтайлы технологиялық режимдері мен конструкцияларын қалыптастыру.
- Тамақ өнеркәсібі үшін микроорганизмдердің генофондын қалыптастыру, сақтау және дамыту.
- Ұлттық ауылшаруашылық ғылыми-зерттеу орталығының институттарымен бірлесе отырып, өсімдіктер мен жануарлар шикізатын терең өңдеу және жаңа азық-түлік өнімдері мен мал азығын өндіру технологиясының алғашқы талаптарын негіздеу.
- Агроөнеркәсіп кешенін нормативті-әдістемемен қамтамасыз ету.
- Тағам өндірісінің заманауи әдістері мен технологияларының трансферті және бейімделуі.

Мемлекет басшысы 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына Жолдауында ең маңызды міндет - елдің өндірістік әлеуетін толықтай таныту деп атады. Осыған байланысты Үкіметке ішкі және сыртқы нарықта өңдеуші кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеті жүктелді.

Кез келген мемлекеттің өнеркәсібі - материалдық өндіріс салаларының симбиозы. Олардың мақсаттары шикізат өндіру, материалдар мен энергия өндіру мен өңдеу, машиналар, әр түрлі тауарлар жасау, сонымен қатар халыққа қызмет көрсету.

ҚР индустрияландыру және инфрақұрылымдық даму министрлігі өңірлермен бірге өнеркәсіптің әр түрлі секторларын қамтитын өңірлердің ерекшеліктері мен бәсекеге қабілетті артықшылықтарын ескере отырып, индустрияландыру картасын құрды. 2020 жылға өңірлерде 18 мыңнан астам жаңа тұрақты жұмыс орындарын құрумен жалпы сомасы 995 миллиард теңгені құрайтын 206 жобаны пайдалануға беру жоспарланған болатын.

Агроөнеркәсіп кешенінде тағам өнеркәсібі саласында жаңа өндірістердің ең көп саны - 76 жоба, құрылыс материалдары мен машина жасау - 38 және 19 жоба.

Ауылшаруашылық шикізатын қайта өңдеу, сонымен қатар жоғары сапалы, қолжетімді және бәсекеге қабілетті азық-түлік өнімдерін өндіру республиканың экономикалық жағдайын жақсартуға ықпал ететін елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі агроөнеркәсіп кешенінің басым міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасында Тәуелсіздік жылдарында Қазақ КСР-дан қалған шағын және ірі кәсіпорындар, зауыттар, цехтар ыдырап, елдің қайта құрылымдалуына қарамастан агроөнеркәсіп кешенінің қарқынды өсуі байқалды.

Азық-түлік және қайта өңдеу өнеркәсібін дамытудың негізгі мақсаты- өнімнің өзіндік құнын төмендету мен ауыл шаруашылығы шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыруды көреміз, және бұл мәселені шешу үшін біздің институт дамыған ресурстарды үнемдейтін технологияларды ұсынады.

Мысалы, астық өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыру мақсатында институтта глюкоза-фруктоза сироптары, ауылшаруашылық жануарларына ақуыздық қоспалар, аминқышқылдарын алу, глютенсіз нан өнімдері, құрамында пектин мен инулин бар жемістер мен көкөніс сусындары. Ет, сүт және май өнеркәсібінің экспорттық әлеуетін арттыру үшін түйе, бие мен қой сүтінен жаңа сүт өнімдерін, өсімдік майлары негізінде гидрленген және эфирленген майларды өңдеу бойынша жаңа технологиялар әзірленді және т.б.

Демек, агроөнеркәсіптік кешеннің инновациялық жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі-инновациялар қорын қалыптастыруға және оларды өндірісте дамытуға қолайлы жағдайлар жасау, нәтижесінде алынған нәтижелер арасындағы айырмашылықтарды тегістеу. Бұл тұтынушыларға қол жетімді инновациялардың сандық жиынтығын, сондай-ақ олардың агроөнеркәсіп қызметінің өндірістік, экономикалық және басқа көрсеткіштерін жақсарту қабілеттілігін білдіреді.

ИДЕОЛОГЕМЫ УНИЧТОЖЕНИЯ, ИСТРЕБЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНСКИХ ГАЗЕТАХ 20-Х ГОДОВ XX ВЕКА

Абилхасимова Б. Б.
к.ф.н. доцент Казахского национального университета им.аль-Фараби,
e-mail: bahit.babashevna@mail.ru

Введение. О власти языка над человеком и способах использования этой власти написано множество работ, которые относятся прежде всего к таким направлениям лингвистической и философской мысли, как общая семантика, прагматика и риторика. Более чем подробно описаны языковые явления и механизмы, позволяющие манипулировать сознанием адресата речи: отдельной личности или общества. В рамках этой проблематики исследуется и специфическая ситуация использования языка в тоталитарных обществах: в частности, в бывших социалистических государствах . Отмечается, что пресса выступала одним из наиболее важных и эффективных средств и сыграла огромную роль в становлении советской власти и нового языка на территории Казахстана и других республик ССР. Распространением официальной прессы занималось Центральное агентство по снабжению и распространению печати «Центропечать» при ВЦИК. Содержание пропаганды и агитации проводимой среди гражданского населения и в армии определялась, прежде всего той военно-политической обстановкой, которая сложилась в 20-е гг.

Именно в этот период формировались мировоззрение и система ценностей советского человека, а также особое лингвокультурное сообщество, основа которого заложена не в национально – культурной, а в государственно – политической сфере. Формирование и поддержание особого идеологизированного языка является эффективным средством пропаганды, позволяющим создать определённую картину социальной действительности.(Kolesov,1991:3) Все исследования на данную тему доказывают, что использование языка властью характеризуется «не столько

стилистикой и словарем, сколько особым отношением к реальности» (Berlova ,Zaharova,2003:93). Это особое отношение к реальности определяется, прежде всего, идеологией. «Идеология - многокомпонентная содержательная сущность, представляющая собой совокупность политических, правовых, нравственных, религиозных, художественных и философских взглядов, являющихся духовным выражением коренных материальных интересов и экономических условий жизни социальных групп».(Kýznetsova,1983:7). Язык может быть использован для искажения информации в целях контроля за сознанием и поведением людей. Манипулирование языком становится важным средством воздействия на общественное сознание. Самое действенное средство для распространения идеологии – средства массовой информации. Ведь пропаганда скорее обращена к массам, нежели к индивидуальности, к эмоциям, а не к разуму и логике. Журналисты широко используют стереотипы восприятия, присущие аудитории, такие как методы «навешивания ярлыков», ложь через умолчание, ложь, манипуляция статистикой, бесконечное повторение лжи, построение ассоциации, обращение к «высшим принципам», игра на эмоциях (вина, патриотизм, гордость, амбиции, жажда власти, надежда. (Berlova ,Zaharova,2003: 88).

Анализируемый корпус демагогических текстов газет «Семиреченские ведомости», «Туркестанский коммунист», «Голос Семиречья», «Джетысуйская правда», «Правда» охватывает события 20-х годов XX века. В статье рассматривается система большевистких идеологем в процессе её формирования. Для усиления эффекта воздействия на адресата использовалась речевая агрессия. Идеологема противостояния внедряется как обязательная и мотивируется рядом экстралингвистических факторов: революция, классовые противоречия, два мира, угроза извне, внутренняя угроза, победа реакции и др.

Эксперимент. Анализ исследуемых казахстанских газет показал, что идеологема уничтожения структурируется с помощью определённых лексико- семантических глаголов: глаголов уничтожения:ликвидировать, искоренить, истребить, полностью устранить, уничтожить/уничтожать; глаголов разрушения: взорвать, сломать,сокрушить,разрушить; глаголов давления: давить, подавить, раздавить; глаголв лишения жизни : убить, задушить, перерезать; глаголов прекращения бытия: обезглавить, покончить,свергнуть, низвергнуть, кончать;

В анализируемых текстах глаголы различных лексико-семантических групп в первичных и вторичных значениях употребляются в значении истребления-уничтожения, которое может мыслиться как физическое, политическое или нравственное.

-У нас мало оружия, но его хватит, чтобы уничтожить тех белогвардейцев и спекулянтов, которые его прячут.(Джет.правда №15,1920).

-Наша задача: как можно скорее раздавить Семиреченскую белую банду, которая даже не задумалась мобилизовать Алаш-орду и башкир, пообещав им автономию и самые лучшие земли, так как на русских они больше не надеются. (Голос Сем.№58,1919)

Идеологическое значение идеологемы уничтожения/ истребления всегда вводится при поддержке слов с семой долженствования, интерпретируется как необходимая закономерность. В роли субъекта истребляющего, уничтожающего первично выступает враг – прежде всего классовый.

-Съезд объявил борьбу кулацко – байско – манапским стремлениям. В этой борьбе должна быть проявлена готовность трудящихся масс стать твёрдой деловой стеной вокруг Советской власти. (Джет.правда №28,1923)

«Демагогический текст «Умрем иль победим» (Голос Сем. №35,1919) отражает реальную ситуацию борьбы за власть. Сталкиваются ситуации, отражающие идеологему классовой борьбы. Непримиримость, невозможность компромисса, соглашения приводят

к однонаправленному выбору: диктатура пролетариата - единственно возможная форма государственной власти, отражающая интересы народа. Формируется идеологема безальтернативного выбора. Неявная идеологема разрушения-свержения выступает как условие победы пролетарской власти Советов.

-Станичники! Жизнь или смерть, помните это, пойдете с Колчаком – смерть беспощадная. Пойдете с народом за Советы, за осуществления социализма – жизнь справедливая, бесконечная, если не нам, то детям, которые дождутся осуществления идеи. (Голос Сем №35,1919).

Обобщённое понятие врага возвышает и облагораживает идею разрушения, отчуждая её от конкретного лица, от конкретики физического уничтожения, от образа крови.

- Контр-революция всех мастей и оттенков, не могущая ещё успокоиться, распространяет эти слухи, желая спровоцировать, взбудоражить население, а «обиженные» революцией кулаки-колонизаторы хватаются за такие слухи и раздувают их.(Джет.правда №11,1923).

– Если хорошо посмотреть, то мы видим, что они входили даже в советские учреждения. Прикрываясь «фиговым листом» специалистов, а также буржуазно – корыстной интеллектуальной умственной силой, старались всё разрушить, всё довести до полного развала. (Турк. ком. №11,1919).

Субъект истребляющий выражен непосредственно, но сама идеологема уничтожения угадывается благодаря семантике слова-идеологемы контрреволюция, включающего смысл «уничтожение»: «Общественно- политическое движение, ставящее себе целью уничтожение результатов революции и восстановление старого, дореволюционного порядка» (ТСУ).

-Товарищи, наша задача - скорее все под ружьё, и единым последним ударом раздавить контр-революцию и освободить угнетённый и истекающий кровью от Колчаковского ига трудовой народ Сибири.(Голос Сем.№22,1919).

Субъект, отражающий ситуацию уничтожения, истребления врагом всего, что в битвах завоевал народ, выражен существительными, которые передают образ врага с разной степенью обобщённости.

-Тем не менее басмачество не уничтожено, и остатки его имеются в виде утративших политическую физиономию отдельных шаек, не имеющих ничего общего теперь с коренным населением. (Джет.правда №10,1923)

-Съезд объявил борьбу кулацко – байско – манапским стремлениям. В этой борьбе должна быть проявлена готовность трудящихся масс стать твёрдой деловой стеной вокруг Советской власти. (Джет.правда №28,1923).

Позицию субъекта - душителя часто замещает местоимение они, входящее в оппозицию мы – они(народ – вражеские силы): Они хотят уничтожить…..Они желают нам только смерти…

-А они всё продолжают заниматься провокацией. Они – чуждые Советскому строю элементы у нас внутри. Провокация, потерявшая почву, опору в их надеждах «на лучшие перемены» вырождается в брюзгливые глупости .(Джет.правда №31,1923).

Народ, партия, страна – вынужденные субъекты истребления, уничтожения. Ответные шаги выглядят, как народное сопротивление, возмездие: Смерть за смерть, кровь за кровь .Не допустить удушения Советов… Отомстим…

-Пусть помнят банды Колчака, что мы будем бороться до последней капли крови. И завоеванную свободу мы дешево не отдадим. (Голос Сем. №33, 1919).

- Нужно помочь красной армии добить белогвардейщину, только в этом спасение от голода и холода. (Правда №15,1920).

Уничтожение, истребление – следствие ситуации постоянной угрозы со стороны врага, его агрессии, разного рода коварных деяний:

- *Враждебные классы до конца останутся врагами.(Голос Сем.№34.1919).*

- *За последнее время джтысуйское кулачество зашевелилось, ходит провокационный слух, что будут возвращать имущество, конфискованное по земреформе или в порядке раскулачивания .В особенности это наблюдается среди кулаков-казаков станиц Исык и Чилик.(Джет.правда №11,1923).*

В исследуемых текстах газет авторы публикации прежде чем призвать к физическому истреблению, уничтожению всегда использовали развёрнутую мотивировку:

-*Казаки и гонимое офицерство идут на нас под плетью, жгут наши хлеба, топчут поля, вырезают рабочих.(Голос Сем.№10,1919).*

-*Заговоры против Советской власти один за другим партии, которая представляет из себя защитницу, так называемого «трудового народа», лучше всего говорят о её идеалах и за её мелкобуржуазную корыстно-классовую сущность.(Турк.комм.№5,1919)*

-*Интеллигенция Семиречья ещё не получила необходимый революционный урок, поэтому она не прекратила свою антисоветскую или выжидательную (нейтральную)тактику. Для нас является тактика выжидания глупейшим и презренным методом во избежание неприятностей и несчастий, связанных с революцией, это хуже открытой контрреволюции. (Голос Сем.№63,1919).*

В данных статьях журналисты использовали обобщённое понятие врага, которое возвышало и облагораживало идею разрушения, отчуждая её от конкретного лица, от конкретики физического уничтожения, от образа крови.

- *В настоящий момент – момент напряжённой борьбы труда с капиталом, все силы народа трудящегося и эксплуатируемого народа должны быть соединены и направлены только к одной общей цели – полной победе и сокрушению капитала и представителей его буржуазии. (Голос.Сем.№43,1919).*

«При конкретизации образа врага – носителя лжи – семантико-идеологическая сфера «буржуазное» выходит за пределы собственно языковой семантики». (Kýpına,1993:33) Буржуазия, господствующий класс капиталистического общества, являющийся собственником орудий и средств производства и живущий капиталистическим доходом, получая прибавочную стоимость. (МАС).

Результаты и обсуждение. Наблюдение за извлечёнными из казахстанских газет компрессивных демагогических текстов показало, что каждый такой текст передаёт определённую идеологему: содержит соединение двух или более идеологем – суждений, предписанных тоталитарной системой в качестве официальных догм (врага, вредительства, лжи, классовости, уничтожения и т.п). Демагогический текст является частью публицистического дискурса, квалифицируемого как персуазивный (воздействующий) тип дискурса. Он всегда включается в идеологическую коммуникативную ситуацию, имеет идеологический модус и предполагает общественную значимость. Стратегической задачей журналиста являлось не просто ознакомить читателя с произошедшим событием или болезненным явлением современной ему действительности, а прежде всего выразить отношение к нему и убедить читателя в правоте авторского видения.

Для усиления эффекта воздействия на адресата использовалась речевая агрессия. Речевая агрессия - это форма речевого поведения, мотивированного агрессивным состоянием говорящего, преследующего цель вызвать или поддержать агрессивное состояние адресата (Medýshevskı,1993:63). Чаще всего объекты агрессии могут создаваться целенаправленно, в угоду определенным идеологическим установкам. «В

раздражающих ситуациях, которые наилучшим образом вызывают воодушевление и целенаправленно создаются демагогами, прежде всего, должна присутствовать угроза высоко почитаемым ценностям. Враг или его муляж могут быть выбраны почти произвольно и - подобно угрожаемым ценностям-могут быть конкретными или абстрактными».(Kolesov,1991:252). Идеологемы уничтожения, истребления, противостояния внедряются как обязательные и мотивируется рядом экстралингвистических факторов: революция, классовые противоречия, два мира, угроза извне, внутренняя угроза, победа реакции и др.

Идеологемы уничтожения, истребления структурируются с помощью определённых лексико- семантических глаголов: глаголов уничтожения: ликвидировать, уничтожить/уничтожать; глаголов разрушения: взорвать, сломать, разрушить; глаголов давления: давить, раздавить; глаголв лишения жизни : убить, задушить, перерезать; глаголов прекращения бытия: кончить, покончить, свергнуть, низвергнуть, кончать.

В анализируемых текстах глаголы различных лексико-семантических групп в первичных и вторичных значениях употребляются в значении истребления-уничтожения, которое может мыслиться как физическое, политическое или нравственное..

Заключение. Анализ исследуемых газетных демагогических текстов первых послереволюционных лет, предписывающих физическое и духовное уничтожение, подтверждает вывод о том, что «Октябрьская революция быстро выродилась в самую ужасную тиранию, которую когда – либо видела человеческая история».(Zemskaıa,1996:69). На базе описанных идеологем в сознании народа формируется один из «фундаментальных мифов, через которые люди пытаются осмыслить и внешний мир, и свою собственную деятельность… миф разрушения и создания всего заново, священного убийства, ритуального жертвоприношения, делающего возможным рождение, миф спасительной катастрофы.» (Zemskaıa,1996:32). В настоящее время когда, казалось бы, изменился политический и экономический курс в стране и проводятся новые радикальные рыночные реформы, тем не менее на страницах газет «демагогические приёмы в политическом дискурсе газеты носят регулярный характер и используются в комплексе: суггестивность общения, констатирующий характер речи обусловливает употребление приёма солидаризации и бездоказательных утверждений» (Ahızer,1993: 34). Феномен тоталитарного языка требует конкретного системно – лингвистического осмысления, т. к. тоталитаризм представляет собой политическую систему, в которой «государственная власть достигает полного или тотального контроля над обществом» и над языком. (Kýpına ,1995:90).

При воспроизведении газетных демагогических текстов сохраняются орфографические и пунктуационные особенности источника.

Сокращения

ТСУ – Толковый словарь русского языка. Под. ред. Д. Н. Ушакова. – В 4 – х т. –М. , 1935.

МАС – Словарь русского языка. – В 4 – х т. – М., 1957 – 1961.

Голос. Сем – «Голос Семиречья» (Верный) за 1923 г.

Джет.правда – Джетысуйская правда (Алма – Ата) за 1923 г.

Джет.искра – Джетысуйская искра (Верный) за 1919 г.

Тур. ком. – Туркестанский коммунист (Ташкент) за 1919 г. .

Правда – Орган Семиреченской (Алма – ата)

Список литературы

1 Колесов В. В. Отражение русского менталитета в слове //Человек в зеркале наук.- Л:1991.- С.3. 2 Берлова О. А. Захарова В. В. Игра на информационном поле. – М.:.МСоЭС, 2003-С.93

3 Кузнецова Э. В. Язык в свете системного подхода. - Свердловск,1983.- 230с.

4 Купина Н.А. Лексическая система русского языка в поисках примитивов.

//Материалы второй международной конференции. «Язык и культура». Доклады. – Киев, 1993. С. 69.

5 Медушевский А. Н. Демократия и тирания в новое и новейшее время.//Вопросы философии.- №10.-1993.- С. 69.

6 Земская Е. А Клише новояза и цитация в языке постсоветского общества. //Вопросы языкознания.- №4.- 1996.- С.32.

7 Ахизер А. С. Россия как большое общество. //Вопросы философии. - №1.-1993.- С.34.

8 Купина Н. А. Тоталитарный язык: словарь и речевые реакции.- Екатеринбург:Уральский университет,1995.-143с

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ»

Сали А.Н.
Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті,
Жетекші: т.ғ.к.,социология доценті, профессор Орынбекова Д.С.
E-mail:s.serikbayeva@aues.kz

«Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек»

Н.Ә.Назарбаев

Түйіндеме: Абай үшін дүниенің басты құндылығы – адам, жәй ғана адам емес, рухани тұрғыда кемелденген толық адам. Абай ұсынған «толық адам» концепциясы Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында жалғасын тапты. Рухани жағынан бай адамұлттық бірегейлік пен ұлттық коды сақтаған, санасы ашық, білімді, ұлтының патриотын»- қалыптастыруымыз керек деп атап көрсетті.

Кілт сөздер: рухани жаңғыру, Қазақстан, білім, ұлттық код, мәдениет.

Аннотации: Главная ценность мира для Абая - это человек, не просто человек, а духовно зрелый человек. Предложенная Абаем концепция «полноценного человека» получила продолжение в статье президента «В фокусе будущего: духовное обновление». Нам необходимо сформировать духовно богатую национальную идентичность и национальный кодекс, открытые, образованные, патриотические нации », - сказал он.

Ключевые слова: духовное возрождение, Казахстан, образование, национальный код, культура.

Annotations: The main value of the world for Abai is a person, not just a person, but a spiritually mature person. The concept of "a full-fledged person" proposed by Abay was continued in the president's article "In the Focus of the Future: Spiritual Renewal". We need to form a spiritually rich national identity and a national code, open, educated, patriotic nations, ”he said.

Key words: spiritual revival, Kazakhstan, education, national code, culture.

Қазақстан – тұғыры биік, егеменді ел. Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Ендігі мақсатымыз айқын, бағытымыз анық. Ол – әлемдегі дамыған 30 ел қатарына қосылу. Қазақстанның бірінші жаңғыруы 25 жыл бұрын КСРО-ның қирандысынан шығып, өз жолымызды дербес мемлекет ретінде қалыптастырғандығымыздан басталған болатын. Екінші жаңғыру «Қазақстан-2030» стратегиясының қабылдануымен және жаңа елорда – Астананың салынуымен басталды. Үшінші жаңғыру Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласымен жалғасын табуда. Ел дамуының жарқын үлгісі мен салиқалы пікірге құрылған «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» бағдарламасын оқып шықтым. Ұлт санасының жаңғыруын мақсат еткен бұл еңбек – бағдарламалық құжат. Үлкен екі бөлімнен тұратын мақаланың екінші жартысында Елбасы кез келген жаңғырудың ең алдымен Ұлттық болмысқа, дәстүрдің замана сынынан сүрінбей өткен озығына негізделуін қадап айтып отыр. «Абайдың даналығы, Әуезовтың ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері» деп басталатын бұл мақаланы бас сұға қойып тыңдамау мүмкін емес! Олай дейтінім, мақалада «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деген жолдардың астарында үлкен мағына жатыр. Шынында да рухы биік азаматтары бар елдің іргесі мәңгілік болары хақ. Тәуелсіздік алғанымызға санаулы ғана уақыт өтті. Сондықтан, тәуелсіз жас мемлекет ретінде болашағымызға енжарлық танытып, селқос қарауымызға болмайды. Керісінше, өткенімізді білетін, ертеңімізге жарқын қарайтын, аяғын нық басатын еңселі мемлекет болуымыз қажет деп ойлаймын. Рухани жаңғыру бағдарламасының білім саласына қатысты тұсы - келешек ұрпақты кемел білімге сусындататын үлкен мүмкіндік. «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген қазақ мақалының мән - маңызы ешқашан кемімек емес. Керісінше, уақыт өтіп, заман өзгерген сайын халық нақылының құндылығы артып келе жатыр. Өйткені алдағы дәуір – нағыз білімділердің дәуірі болмақ. «Рухани жаңғыру болашаққа бағдар» мақаласын оқи отырып, өзімнің ой санамды кернеген пікірлеріммен осы баяндамамда бөліскім келеді.

Ұлт болашағы – рухани жаңғыру.

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық – рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды».[1] Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт – дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. «Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс».[2] Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Бұл Елбасы

жүргізген парасатты көреген саясатының нәтижесі – Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігінің, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығының арқасында болып отыр. Кезінде әлемді билеген Шыңғыс ханның баласы Жошы:

— Ұлы мәртебелі әлем әміршісі хан қандай болу керек ?-деп сұрапты. Сонда Шыңғыс хан: «Хан халқының көңілін табу үшін ақылды, ал халқы ханның көңілін табу үшін тақымды болу керек» [3, 112б] – деп жауап беріпті. Шыңғыс ханның дәріптеп айтып отырған ханы, бүгінде өз тәуелсіздігін алып, жетекші елдердің қатарына ілігіп, өз ойын ашық айта білетін демократиялы елдің азаматтары мен азаматшаларын тәрбиелеу жолында аянбай еңбек еткен – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты көрсеткендей. Еліміздің қай салада болмасын қарыштап дамуы үшін Елбасының халыққа арнаған жолдауларының көмегі көп. Солардың бірі, ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді»[4], – дейді Н.Ә.Назарбаев. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп танимыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу – Елбасының асыл арманы. Ендеше, мемлекет басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы келешекке қамданудың әрекеті деп түсінеміз. Рухани жаңғыру – қазақстандықтардың салт-санасы мен дүниетанымын өзгертетін қозғаушы күш. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған еліміз үшін маңызы зор мақала деп білемін. Мақаланы оқып шығып, осындай ой түйдім. Себебі, оның айтуынша, бұл ұлттық құндылықтарымызды ұмытпай, жаһандық жаңашылдыққа жетелейтін жол. Қазіргі қоғам көзқарасы қалыптасқан зерделі де, зерек тұлға тәрбиелеуі тиіс. Ол үшін ілім-білімге ұмтылып, жан – жақты жетілген жөн. Елбасы аталмыш тұғырнамасында білім, ғылымға ерекше басымдық беріп отыр. «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі»[4], – деген Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік ел» болуға қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның ендігі жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін ұлттық кодын сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға болуына маңыз береді. Сонымен қатар, Елбасымыз бұл жолдауында елдің жаңа бағытқа бет бұрып, заман ағымына қарай өзгере отырып, ұлттық салт – дәстүр мен бірегейлікті сақтау қажет екендігін атап өтті. Салт – дәстүр қазақ халқының – ұлттық айнасы десем қателеспеспін. Салт – дәстүрді сақтай отыра, еліміздің сан ғасырлар бойы қаланған іргетасын сақтаймыз. Ал салт – дәстүріміз жоғалатын болса, еліміз түп тамырымен сахнадан жойылады. Осы пікіріме:

Ұлттық дәстүр назардан тыс қалмады,
Салт – ғұрыптар жойылуға әсте болмайды.
«Елім » дейтін қайсар рухты ұрпағың
Ұлттық ғұрып, әдеттерді жоймайды.

Халқымыздың тарихы бар тағылымды,
Салт – дәстүрі үзілмеген нанымды.
Өркендеудің берік діңі етіп ап,
Сенімменен іс тындырар қарымды.

Немқұрайлы қарадық бір кез жерімізге,
Қатер төнді қасиетті тілімізге,
Бүгін, міне, соның бәрін өзгерттік
Жаңаша серпін беріп елімізге, – деп арнайы жазған өлең шумақтарымды арнадым. Осылайша мақалада айтылған әрбір ойдың астарында терең мазмұн мен зерделі пікір жатқандығын көреміз.

«Сананы жаңғыртудың» басты бағыттары.

Н. Ә. Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке – жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Елбасы жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы»[1], – деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Сол себептен, ең алғашқы бағыт – бәсекелік қабілеттілік. Ол дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Біз жаңғыру жолында ата - бабамыздан мұра болып, қанымызға сіңген, жүрегімізде лаулаған қасиеттерімізді жандандыруымыз қажет. Мен жолдауда айқын көрсетілген екінші бағыт – «прагматизм» туралы ойымды айтсам, прагматизм – бізге таңсық сөз. Бірақ жолдауды оқи отыра, прагматизмнің сөзінің мағынасын түсінгендей болдым . «Прагматизм» менің ойымша , алға ұмтылу, яғни болашаққа басқан сәтті қадам. Прагматизм – ұлттық байлығымызды айқын біліп, оны үнемді қолдану. Елбасымыз прагматизм заманауи әлемдегі бірден – бір табысты үлгі екендігін және таяу он жылда елдің ұраны болатынын атап өткен. Сонымен қатар, прагматизм бағытын өзімнің «Ұлт болашағы – рухани жаңғыру» атты өлеңімнің үзіндісі арқылы түсіндірсем:

Ұстанады салауатты өмір салтын,
Сақтайды нағыз өрелі қазақ қалпын.
Прагматизм — онжылдықтың ұраны,
Жастардың болашағы болар жарқын.

Ұлттық бірегейлікті біз сақтаймыз,
Елбасының саясатын жақтаймыз.
Өткеннің кертартпа тұстарынан

Бас тартамыз, ел үмітін ақтаймыз.

Көзі ашық, көкірегі ояу болуға
Ұмтылылайық бұл да бір қанымызда.
Болашаққа бағдарды жасап алып,
Алға басар өскелең ұрпағың да.

Ұлттық ұлы мұраты — бұл жаңғыру,
Бүгіні мен болашақты жол қылу,
Ұлттық құндылықты қастерлеумен
Алға қарай , өрге қарай ұмтылу.

Айқын болар ұлтымның болашағы,
Өрелі ойлы болады ұрпақтары,
Зайырлы мемлекеттің алар шыңы
Жарқырай бермек тәуелсіздік ақ таңы.

Ұлы мұрат, ұлы мақсат бір мүдде
Өрлеудеміз жаһандану әлемінде.
Ұрпағыңыз озық ойлы болады
Шарықтап білімнің өр көгінде.

Елімізді рухани жаңғыртамыз,
Жолын іздеп бабалардан қалған із,
Қазақпенен мақтанатын рухпенен
Намысты, ұлтжанды ұрпағымыз!

Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес. Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады. Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Тек өткен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды. Бағзы замандардан бері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген ұлттық прагматизм санаулы жылда адам танымастай өзгеріп, ас та төк ысырапшылдыққа ұласты. Соның кесірінен, Жер-Ана жаратылғаннан бері шөбінің басы тұлпарлардың тұяғымен ғана тапталған даланың барлық құнары құрдымға кетті. Түгін тартсаң майы шығатын мыңдаған гектар миялы жерлеріміз экологиялық апат аймақтарына, Арал теңізі аңқасы кепкен қу медиен шөлге айналды. Осының бәрі – жерге аса немқұрайлы қараудың ащы мысалы. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән – салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді. Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы. Бұл – заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі. Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған

мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады. Өкінішке қарай, тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес. Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы – коммунизм, фашизм және либерализм біздің көз алдымызда күйреді. Бүгінде радикалды идеологиялар ғасыры келмеске кетті. Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек. Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай бағдарлар ғана дамудың көгіне темірқазық бола алады. Ең бастысы, олар елдің мүмкіндіктері мен шама – шарқын мұқият ескеруге тиіс. Яғни, реализм мен прагматизм ғана таяу онжылдықтардың ұраны болуға жарайды.Ұлттық бірегейлікті сақтау – жаңғырудың келесі бағыты. Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін? Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруда болып отыр. Алайда, өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен қате екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді. Мысалы, жершілдікті алайық. Әрине, туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен дұрыс. Бірақ, одан да маңыздырақ мәселені – өзіңнің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екеніңді ұмытуға әсте болмайды. Біз әркім жеке басының қандай да бір іске қосқан үлесі мен кәсіби біліктілігіне қарап бағаланатын меритократиялық қоғам құрып жатырмыз. Бұл жүйе жең ұшынан жалғасқан тамыр – таныстықты көтермейді. Осының бәрін егжей – тегжейлі айтып отырғандағы мақсатым – бойымыздағы жақсы мен жаманды санамалап, теру емес. Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек. Келесі бағыт – блімнің салтанат құруы. Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. «Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар» »[5]. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді. Экономиканың кәсіптік сипаты бұрын – соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген. Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Осыны бек түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы да жаңғыруымызда ерекше орын алады. Биыл Еуразия құрлығының ұлан-ғайыр аумағын астаң-кестең еткен 1917 жылдың қазан

айындағы оқиғаға 103 жыл толады. Күллі ХХ ғасыр революциялық сілкіністерге толы болды. Бұл осы аумақтағы барша ұлттарға мейлінше әсер етіп, бүкіл болмысын өзгертті. Әрбір жұрт тарихтан өзінше тағылым алады, бұл – әркімнің өз еркіндегі шаруа. Біреуге өзіңнің көзқарасыңды еріксіз таңуға ешқашан болмайды. Бізге тарих туралы өздерінің субъективті пайымдарын тықпалауға да ешкімнің қақысы жоқ. Өткен ХХ ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды. Біріншіден, ұлттық дамудың көнеден жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды. Екіншіден, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді. Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады. Төртіншіден, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды. Әрине, тарих тек ақтаңдақтардан тұрмайды. ХХ ғасыр Қазақстанға бірқатар игіліктерін де берді. Индустрияландыруды, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымдардың құрылуын, жаңа интеллигенцияның қалыптасуын осыған жатқызуға болады. Бұл кезеңде елімізде белгілі бір жаңғыру болды. Бірақ, бұл – ұлттың емес, аумақтың жаңғыруы еді. Біз тарихтың сабағын айқын түсінуіміз керек. Революциялар дәуірі әлі біткен жоқ. Тек оның формасы мен мазмұны түбегейлі өзгерді. Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа – эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді. Бұдан сабақ ала білмесек, тағы да тарихтың темір қақпанына түсеміз. Ендеше, эволюциялық даму қағидасы әрбір қазақстандықтың жеке басының дербес бағдарына айналуға тиіс. Бірақ, қоғамның эволюциялық дамуы қағида ретінде мәңгі тұмшаланудың синонимі емес. Сол себепті, тарихтың ащы сабағын түсініп қана қоймай, өзіміз күнде көріп жүрген қазіргі құбылыстардан ой түйіп, болашақтың беталысына қарап, пайым жасай білу де айрықша маңызды. Бүгінде революциялар өңін өзгертіп, ұлттық, діни, мәдени, сепаратистік перде жамылды. Бірақ, бәрі де, түптеп келгенде, қантөгіспен, экономикалық күйреумен аяқталатынын көріп отырмыз. Сондықтан, әлемдегі оқиғаларды ой елегінен өткізіп, қорытынды жасау – қоғамның да, саяси партиялар мен қозғалыстардың да, білім беру жүйесінің де ауқымды дүниетанымдық, рухани жұмысының бір бөлігі. Сананың ашықтығы – жаңғырудың келесі бағыты. Көптеген проблема әлемнің қарқынды өзгеріп жатқанына қарамастан, бұқаралық сана-сезімнің «от басы, ошақ қасы» аясында қалуынан туындайды. Бір қарағанда, жер жүзіндегі миллиардтан астам адам өзінің туған тілімен қатар, кәсіби байланыс құралы ретінде жапатармағай оқып жатқан ағылшын тілін біздің де жаппай және жедел үйренуіміз керектігі еш дәлелдеуді қажет етпейтіндей. Еуропалық Одақтың 400 миллионнан астам тұрғыны ана тілдері – неміс, француз, испан, итальян немесе басқа да тілдерді сыйламай ма? Әлде 100 миллиондаған қытай мен индонезиялықтар, малайлар ағылшын тілін еріккеннен үйреніп жатыр ма? Бұл – бәзбіреулердің әншейін қалауы емес, жаһандық әлемге еркін кірігіп, жұмыс істеудің басты шарты. Бірақ, мәселе бұған да тіреліп тұрған жоқ. Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді. Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз еліңнің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек. Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава – Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі. «Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі. Егер қазақстандықтар жер жүзіне үйден шықпай, терезеден телміріп отырып баға беретін болса, әлемде, құрлықта, тіпті іргедегі

елдерде қандай дауыл соғып жатқанын көре алмайды. Көкжиектің арғы жағында не болып жатқанын да біле алмайды. Тіпті, бірқатар ұстанымдарымызды түбегейлі қайта қарауға мәжбүрлейтін сыртқы ықпалдардың байыбына барып, түсіне де алмай қалады.

Еліміздің тарихы мен салт – дәстүрі ешқашан өлмек емес, әрбір қадамы нық болуын, болашаққа сеніммен бет алғанын қалаймын. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» жолдауы тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңін айқындайтын, «Мәңгілік ел» болуымызға кепіл болады деп сенемін! «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. Білім – рухани жаңғырудың басты алғышарты. Өйткені, ой жүйесі терең, алыстан пайымдап, тереңнен тамырланған дүниетанымы кең адам ғана бәсекеге төтеп береді деген ауқымды ұғымды білдіреді. Мен Елбасының осы сөздерін толық қолдай отырып, рухани мәдениеттің дамуы үшін тағылымды ұлттық тәрбиенің қайнарынан сусындап, биік адами құндылықтардың кемелдену барысында әрбір маман иесі кәсіби қызметін жоғары деңгейде жүзеге асыруы қажеттілігін түсінемін. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз. Тәуелсіз еліміздің болашағы – жастарымыздың интеллектуалды көрсеткіштері олардың тек білім деңгейімен ғана емес, сонымен бірге олардың ұлттық тәрбиесімен, рухани жаңғыруымен де тікелей байланысты. Ұлттық кодтың өзегін сақтай отырып, болашаққа қадам басуымыз қажет. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім жүйесі әрдайым бірінші кезектегі орында тұруы міндет деп есептеймін. Болашаққа бағдар ретінде Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің профессор-оқытушылар құрамы, әскери қызметшілері және осы оқу орнында білім алып жатқан жастарымыз Елбасының осы сөздерін өздерінің алға қойған өмірлік мақсаттарына енгізе отырып, еліміздің рухани тұрғыдан дамып, интеллектуалдық дәрежесінің жоғарылауына үлесін қосады деген сенімдемін.

ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА

Демеуова Гулия Бакеновна
лектор кафедры «Экономика и финансы»
Казахстанский инженерно-технологический университет
E-mail: demeuova77@mail.ru

В современном мире в условиях ускорения научно-технического прогресса инновации приобретают решающее значение для устойчивого роста национальной экономики, повышения ее конкурентоспособности. Принятые программы в данном направлении играют положительную роль. Однако для решения долгосрочной задачи необходимо время, с одной стороны, с другой – выверенные решения. Инновационное развитие – это комплексная задача, важнейшей составляющей которой является производство высококачественной казахстанский продукции, которая позволит продавать ее на мировых рынках. Как обязательная мера продвижения казахстанских товаров – это создание соответствующей логистических центров на этих рынках.

В Казахстане основные элементы национальной инновационной системы созданы в течение последних лет, но доминирует устаревшее представление о линейной модели инновационной деятельности и элементарная цепочка для выявления эффектов научно-технического прогресса: затраты на науку - результирующий прирост абсолютного объема продаж. Тем не менее, в постиндустриальной экономике процесс диффузии инноваций часто идет нелинейным путем, развиваются процессы кооперации и сотрудничества по разработке нововведений на доконкурентной стадии, распространение инноваций идет в кластерах с меньшими затратами, чем в отдельных фирмах и т.д.

Применение системного подхода при формировании инновационной политики в развитых странах мира приобрело первостепенное значение, особенно на фоне таких современных тенденций развития мировой экономики:

- конкуренция за качественный человеческий капитал становится важнейшей характеристикой мирового инновационного развития, растущая мобильность высококвалифицированного персонала также обеспечивает процессы распространения знаний;
- роль информационных технологий в процессе распространения знаний становится все более актуальной для дальнейшего роста инновационной активности, процессы распространения знаний вышли за пределы отдельных экономик;
- глобализация заставляет компании конкурировать на все более высоких уровнях технологий и в тоже время стимулирует процессы специализации и локализации инноваций.

Страны, реализовавшие концепцию системного подхода к проведению инновационной политики, сумели за короткий исторический период времени создать эффективные национальные инновационные системы, включающие в себя механизмы взаимодействия государства, бизнеса, науки и образования и добиться увеличения общей наукоемкости ВВП [1, с. 12].

Главный источник внебюджетных средств — предпринимательский сектор, в котором лидируют крупные национальные и транснациональные корпорации. Корпорации предпринимательского сектора в развитых странах исторически сложились как важнейшие структуры национальных инновационных систем. Именно они, одновременно финансируя исследования и воплощая в реальные продукты и технологии научные результаты и изобретения, берут на себя экономическую ответственность за основные направления научно-технического прогресса, на их долю приходится большая часть финансирования науки силами частного сектора. Предпринимательский сектор является и останется в перспективе крупнейшим исполнителем НИОКР как по объему расходуемых средств, так и по числу занятых научными исследованиями ученых и инженеров.

Отсутствие комплексного, системного подхода к управлению инновационными процессами сдерживает развитие инновационного потенциала страны и не позволяет правильно обозначить приоритеты его дальнейшего развития. Можно выделить следующие основные проблемы, нерешенность которых негативно влияет на развитие отечественного инновационного потенциала:

- незавершенность большинства научных разработок технологий и продуктов с целью их выноса на рынок для востребованности потребителями. Это резко снижает ценность предлагаемых технологий (или продуктов) в глазах потенциальных партнеров;
- отсутствие современных механизмов внедрения технологических нововведений и выведения их на рынок. В рыночных условиях механизм освоения нововведений неразрывно связан с малым инновационным бизнесом, для которого характерен высокий риск, но и высокая отдача в случае успеха. В развитых экономиках существует особый

сектор народного хозяйства, обеспечивающий необходимые условия (инфраструктуру) для развития малого инновационного предпринимательства;

- отсутствие развитых инфраструктурных элементов содействия инновационным проектам, таких как технологические парки и специализированные бизнес-инкубаторы, сеть фондов рискового финансирования (венчурных фондов), специальные финансовые механизмы поддержки фирм на этапе их быстрого роста, сертифицированные оценщики фирм и интеллектуальной собственности и др.;

- отсутствие на внутреннем рынке платежеспособного спроса на передовые технологии и промышленные нововведения. Наука и научно-техническая деятельность относятся к сфере услуг и эти услуги должны быть востребованы рынком. К сожалению, отечественный рынок научных услуг и наукоемкой продукции в настоящее время очень мал.

Большинство предприятий не могут позволить себе «покупать» услуги науки. Для реализации системного подхода к формированию инновационной системы необходимо выделить и проанализировать ее основные подсистемы, где государство через прямое или косвенное участие может эффективно реализовать инновационную политику. Инновационная система подразделяется на следующие основные подсистемы, каждая из которых включает, соответственно, такие элементы:

1. Научный потенциал, необходимый фактор для инновационного развития формируется путем создания развитой сферы прикладных исследований, осуществляющих «доводку» фундаментальных разработок до уровня коммерческого применения; Научный потенциал включает:

- государственные научные организации

-национальные научные центры, научно-исследовательские институты, высшие учебные заведения, проектные институты;

- научные организации при национальных компаниях, лаборатории при крупных предприятиях;

- частные научно-исследовательские и проектные институты;

- малое и среднее предпринимательство, занимающееся научными исследованиями;

- научные кадры и индивидуальных изобретателей; - материально-техническую базу.

На сегодняшний день научный потенциал страны представлен научными организациями Министерства образования и науки, отраслевых министерств, частных научно-исследовательских организаций, центрами исследований по направлениям научных исследований на правах хозяйственного ведения, координирующих деятельность институтов соответствующего профиля, а также научно-исследовательских институтов, находящихся в ведении национальных компаний.

2. Инновационное предпринимательство, предусматривающее развитие связующей (посреднической) роли между научно-технической и производственной сферами. Конечной целью инновационного предпринимательства является развитие предприятий, способных оперативно реагировать на текущую конъюнктурную ситуацию рынка и налаживать серийные производства конкурентоспособной наукоемкой продукции нового поколения и повышенного спроса на уровне мировых стандартов; Инновационное предпринимательство включает:

- бизнес-ангелов;

- предприятия;

- инновационных менеджеров;

- многоуровневая инновационная инфраструктура, определяющая комплекс взаимосвязанных производственных, консалтинговых, образовательных и информационных структур, обслуживающих и обеспечивающих условия для

реализации инновационной деятельности; Инновационная инфраструктура состоит из следующих элементов:

- национальные технологические парки;
- региональные технологические парки;
- технологические бизнес — инкубаторы;
- наукограды.

Финансовая инфраструктура, обеспечивающая комплексное финансирование научно-производственных и образовательных процессов в сфере инновационно-технологического развития, основанная на сочетании различных механизмов прямой и косвенной государственной поддержки инновационного предпринимательства и инфраструктуры.

Финансовая инфраструктура состоит из следующих элементов:

- государственные институты развития;
- венчурные фонды;
- предприятия;
- индивидуальные предприниматели;
- банки второго уровня;
- и другие [2].

Одной из основных задач Министерства образования и науки является активизация инновационной деятельности в образовательных учреждениях, а также научно-технологическое сопровождение инновационной деятельности. Поэтому для развития экономики республики в условиях глобализации и подготовки к вступлению в ВТО необходимо принять государственную политику, ориентированную на признание приоритетности инновационной деятельности в повышении конкурентоспособности отечественной продукции, обеспечении экономического развития и безопасности страны, повышении уровня жизни населения. Основными принципами государственной инновационной политики должны стать финансовое обеспечение инновационных программ и проектов, направленных на решение важнейших социально-экономических задач, формирование инновационной инфраструктуры и подготовка кадров для инновационной сферы [3,с.29].

1. Переход экономики республики на инновационный путь развития невозможен без формирования нормативной правовой базы, благоприятствующей развитию инновационной деятельности, основой которой должен стать Закон «Об инновационной деятельности».

2. В Казахстане научно-техническая сфера до настоящего времени не стала базовым элементом социально-экономического развития общества. С целью реализации стратегических направлений научно-технологического развития необходимо откорректировать приоритетные направления развития отечественной науки и техники, выявить причины и факторы, сдерживающие их развитие, определить реальные механизмы по их разрешению.

3. По сравнению с экономически развитыми странами условия для развития инновационной деятельности в Казахстане имеют принципиальные отличия. В частности, в республике инновационная деятельность в основном осуществляется на основе привлечения прямых иностранных инвестиций.

4. Наряду с прямыми инвестициями в страну приходят новые технологии, новый менеджмент. Для большинства предприятий приобретение иностранных технологий и лицензий является большим стимулом, так как это позволяет им выйти на мировой рынок. Вместе с тем, неконтролируемый поток иностранных технологий может привести к подавлению развития национального научно-производственного комплекса, что

создает реальную опасность возникновения технологической зависимости отечественной промышленности от зарубежных разработок.

5. В Казахстане в условиях ограниченных возможностей государственного бюджета из средств, выделяемых на фундаментальные и прикладные научные исследования, практически невозможно выделить долю непосредственно на доведение результатов научных исследований (разработок) до серийного производства. В связи с этим необходимо предусмотреть в республиканском бюджете увеличение ежегодных ассигнований на научно-технологическое развитие и доведение его до 2 % от ВВП. Кроме того, с целью завершения и продвижения на рынок наиболее перспективных разработок, необходимо сформировать сеть государственных и негосударственных региональных инновационных фондов и центров, шире привлекать для этих целей внебюджетные средства.

6. В республике не налажена система подготовки кадров для инновационной сферы. Основными причинами этого являются — значительное ослабление связи системы высшего образования с прикладной наукой и производством, отсутствие отечественных учебных программ, учебников и учебных пособий по инноватике, соответствующих государственных стандартов образования. В связи с этим, необходима государственная поддержка и приоритетная подготовка научных кадров для отраслей наук, имеющих первостепенное значение для преодоления технологического отставания и структурной перестройки казахстанской экономики. Необходимо создать реальные условия для интеграции вузов страны с научно-исследовательскими институтами и научными центрами с учетом кадрового потенциала, материально-технической базы, потребностей инновационного развития и создание, на ее основе, научно-образовательных комплексов по приоритетным направлениям научных исследований.

Таким образом, мы видим, что в силу отсутствия эффективных и развитых инструментов в сфере права, технологий и научных кадров, общее состояние социально-экономического развития сложно охарактеризовать как инновационно-направленное, несмотря на имеющиеся у Казахстана возможности и инновационные достижения.

Оценка состояния и перспектив казахстанской экономики позволяет утверждать, что недостаточно применяется последовательная, цельная система инновационного развития казахстанского общества, основой которой должна быть инновационная экономика. При всем этом источником должен быть научно-технический фактор, а результатом – новые предприятия, производящие новые продукты и услуги, которые будут обеспечивать рост благосостояния и устойчивое социально-экономическое развитие. Для того, чтобы повысить конкурентоспособность страны на мировом рынке нужно активно развивать высокотехнологичные отрасли и строить эффективную национальную инновационную систему. Без этого не будет инновационного прогресса.

Список использованной литературы:

1. Инновационная модель развития национальной экономики. // Panorama, 2019, № 4–5, с.12.

2. Арзамасцев Н. В., Бочаров А. В. Государственная инновационная политика 2017, с.11.

3. Сеть ИНТЕРНЕТ

«ҚАЗАҚ БІЛІМІНІҢ РУХАНИ ДІЛДІК ЖАҢҒЫРУЫ»

Бекежан Алтыншаш Ержанқызы
№155 ЖББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Altynshash-14@mail.ru

«Тәуелсіздік тірегің соғып тұрған жүрегің...» .

Тәуелсіздік ұғымының өзі еркіндікке қол жеткізген халқымыз,еліміз, жеріміз үшін баға жетпес жетістік, құндылық деп білемін. Қазақ даласы өз тәуелсіздігін алғалы міне 30 жылдың жүзі болса, отыз жылда қол жеткізген белестер ұшан теңіз. Оны тілдің дамуынан да,мәдениеттен де, білім саласынан да, экономика жағынан да алға ілгерілеген нәтижелерден байқауымызға болады.

Әр саланың өз мамандары осы күнге дейін жоғары көтерілген баспалдақтарын жарыса жазып та жатқан шығар. Мен педагог болғандықтан әрі қазақ тіліне жанашыр ,өзге тілді мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәніннің мұғалімі болғандықтан педагогика салсындағы жаңғыру мен жаңару туралы өз мақаламда ашық, баса көрсеткім келіп тұр.

Тәуелсіз Қазақстанның негізгі ұйытқысы болып, аяғына тік тұруға бірден –бір күшін салған елбасы Н.Ә.Назарбаевтың еңбегін айтпай кетпеске болмас. Осы турада Н.Ә.Назарбаевтың өткенді сараптай отырып келешекке деген мақаласын жариялаған еді, мен де ұлы сөздерін тілге тиек етіп ұсына кеткім келеді.«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «ұлттық сана, бәсекелік қабілет, прагматизм, Ұлттық бірегейлікті сақтау, Білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, Сананың ашықтығы» барлығы түгелімен қамтылған. Соның ішінде Қазақстан Республикасында «білімнің салтанат құруына» мән бергім келіп тұр. Тарихты көз жүгіртіп , білім, ғылымда басып өткен жолдарға елбасы сөздерімен шолу жасайық.

«Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдай алды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды.

Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді.

Экономиканың кәсіптік сипаты бұрын-соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген.

Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді.

Осыны бек түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлем¬дегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз.

Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді».

Бүгінгі таңда отыз жылды артқа тастаған еліміздің педагогикасында біршама өзгерістер орын алды. Білім және ғылым министрлігі шет елдердегі білім беру саласындағы қарқынды, білім беру жүйесін саралай отырып көптеген өзгерістер енгізді. Яғни жаңарту мақсатында орын алған жүйелер қазіргі уақытта жүйеге түскен , өз нәтижесін берген жоспардың бірі деп атасамда болады. Мұғалім педагогтарды «Өрлеу» орталықтары жаңа бағыттағы біліммен қаруландырып ,жыл сайын курс өткізіп,сынама тест алып дайындауда. Алған білімді практика жүзінде педагогтар мектепке келіп

шәкірттеріне жүзеге асыруда. ОСы әдістердің арқасында ұстаз үшін де оқушы үшін де жеңіл әрі тереңірек үңілуге өз көмегін беруде.

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін , мектебін шексіз сүйетін адам.Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі- рефлекцияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы,коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр.Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс - әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық , психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Яғни жалпақ тілмен айтсақ педагог та оқушы да жан-жақсы болады. Бұл күнге дейін білім беру саласында, тәуелсіздік алған 1991жылдан бері дәстүрлі оқыту жүйесі болып келсе, педагог бар білгенін оқушыларға айтып, ауыздарына салып беріп, дайын дүниені жазғызып, жаттатқызып оқып, үй тапсырмасы ретінде дайынды түсінік ретінде айту беріліп келген болатын. Ал, қазіргі кезде бұл жүйе өзгеріп ұстазға бұндай жүктен гөрі оқушылрды сабақ материалына қызықтырып , ары қарай сабақ тапсырмаларын шәкірттер өздері ізденіп орындайды.Ұстаз тек бағдарлаушы,тек бағыт береді. Елбасымыздың жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет». Жаңа білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Өз тәжірибесінде сынап көруге және оны ой елегінен өткізіп, рефлексия жасауға, сондай-ақ оқушыларға барынша қолдау көрсетуге бағытталған жаттығулар мен тапсырмаларды қолдана білуге мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламасын жаңарту критериалды бағалау жүйесі оқушылардың сонымен қоса мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру. Жаңаша оқытуда педагогиканың барлық аспектілері сындарлы оқытуға негізделген. Яғни оқушылардың бір-біріне сын тұрғысынан қарауы.

Қолданылған әдебиеттер

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 2017 жылғы 12 сәуір

2. «Педагогика» 2-басылым «Фолиант» баспасы Астана-2012 (136-137 бет)

ТІЛГЕ ҚЫЗМЕТ

Мұса Ә.Т
Т.Жүргенов атындағы Ұлттық Өнер академиясының оқытушысы,
Құрмет орденінің иегері

Аннотация. В статье рассказывается о том, как наши предки ценили искусство слова и уважали язык

Annotation. The article tells about how our ancestors appreciated the art of words and respected the language

Біз, “қатынас құралы” деп қараған “тіл” күні бүгінге дейін ұлтымызға қызмет етіп келе жатқаны рас. Адам баласы барлық қажеттілігін тек тіл арқылы ғана жеткізе алады. Олай болса, тілсіз адамзатты елестету мүмкін емес.

Қазіргі уақытқа дейін сан ғасырлар бойы үздіксіз дамып, жетіліп, әдебиетімізде небір жауhарлар дүниеге келді. Олар ауыз әдебиеті арқылы бізге де жетті. “Өнер алды – қызыл тіл” деп білген бабаларымыз сөз өнерін өте жоғары бағалап, оған аса сақтықпен қарағаны белгілі. Өйткені, тіл, тек қатынас құралы ғана емес, ол – тәрбие құралы, ол - ұлттың баға жетпес байлығы. Өйткені, өткеніміз сол тіл арқылы хатқа түсіп, тарихқа айналып жатыр. Тарихы жоқ ұлттың таңдауы болмайтыны сияқты, өткенімізге үңілмей, болашағымызды болжай алмайтынымыз айдан анық. Сол себепті бізге тарих та, әдебиет пен өнер де керек.

Ендігі сөз, сол “қолда бар алтынды” бағалай алып отырмыз ба? Қадіріне жете білдік пе? Келер ұрпаққа не қалдырамыз? Шұбарланған тілімізді ме, әлде, бардан айырылған абыройсыздығымызды ма?

Дәл қазір сан ғасырлар бойы бізге қызмет еткен тілге біздің қызметіміз керек болып тұрған сияқты. Сияқты емес, дәл солай. Асыл мұраға қамқорлық, жанашырлық керек. Әр адамның бойындағы ар мен ұятының қызметі қажет.

Соңғы отыз жылда дүние дөңгеленіп, материалдық құндылықтардың барлығы жекешеленіп кеткенде меншіктелмеген тек тіл қалды. Сондықтан да болар оның құнының болмай, табанасты болғаны.

Бұл бүгін ашылған жаңалық, немесе көтеріліп отырған мәселе емес. Қазақ қоғамындағы беті ашық шындық. Оған ана тіліміздің бүгінгі қолданыс аясының тарылғаны, мәртебесі бола тұра орыс тілінен кейін тұруы, ұлты қазақ көптеген азаматтардың өз ана тілдерін білмеуі айқын дәлел. Келелі кеңес, жиындарда орыс тілінің басымдыққа ие екендігі. Оған дәлел, Қазақстан Республикасы Паламентіне заң жобасын талқылауға барған министрлеріміз бен оның орынбасарлары өздерін РФ Думасында тұрғандай сезінетіні өтірік емес. Тіпті, ұлты өзге депутаттардың мемлекеттік тілдегі сұрақтарына қазақ атқамінерлерінің орысша жауап берулері тіліміздің ғана емес, еліміздің болашығына деген күмәнді қоюландыра түседі. Оның себебі, біріншіден, өз тілімізге деген құрметтің жоқтығы, екіншіден, санамыздың құлдықтан құтыла алмай

жүргені. Бұл біздің намысымыздың, ынта-жігеріміздің жоқтығының көрсеткіші. Әйтпесе, Тәуелсіздік алғанымыздан бері өткен отыз жылда өз ана тілін үйренбеу мүмкін емес қой.

Қазақ тілі туралы мәселе көтерілген жерде орыс тілді ағайын Кеңес өкіметінің саясатын, өздерінің орыс мектептері мен жоғарғы оқу орындарын орысша оқығандықтарын айтып ақталады. Бұл Тәуелсіздікке қол жеткізгеніне отыз жыл болған ұлт өкіліне жараса ма? Әрине, жоқ. Арамызда мемлекеттік тілді меңгеріп, аңқиып отырған қазақтың аузындағыны қағып әкетіп жатқан орыс пен кәріс, немесе неміс аз ба?! Тілді білгендерінің арқасында әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік қызметтерде отыр. Мен мұны олардың еңбекқорлығына, мемлекеттік тілге деген құрметтерінің зорлығына сүйініп айтып отырмын. Ал, жамбасына жайлы орынтақ тиген орыстілді қазақ азаматтарды ұлтына жаны ашымайтын, елінің болашағына күмәнмен қарайтын жандар деп білемін. Қазіргідей заманның келерін білген қазақтың біртуар ұлдарының бірі Мәшhүр-Жүсіп, «Ұлттың тілінің кеми бастауы – ұлттың құри бастауы» деген екен.

Мақсатым, біреудің ар-ожданына, беделіне нұқсан келтіру емес, «...тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер - мәңгүрт» дегенді де қазақтың өр тұлғалы азаматтары намысымызды ояту үшін айтқандығын жеткізгім келеді. Қоғамымыздағы қазақ тіліне байланысты дәл қазіргі ахуал менің көңіліне қорқыныш ұялататыны жасырын емес. Әрине, мемлекет қалар, экономикамыз дамитын шығар, халық болар, бірақ, ұлт емес, мәдениет пен өнер жетілер, бірақ, ұлттық емес, тіл болар, бірақ, қазақ тілі емес. Себебі, кешегі ұлты үшін жанын берген алаш ардақтысы Х.Досмұхамедов, «Өз тілін білмеген ел – ел болмайды» деген кесімді пікір қалдырған.

2. Этап динамики фундаментальной теории НТС квантовой теории: теория Шредингера - теория Паули – теория Дирака и.т.д.

Цель любой естественной науки:

- открытие объективных законов природы как функциональных соотношении между понятиями, которые отображают различные свойства исследуемого объекта;
- объяснение и предсказание на основании этих законов экспериментальных фактов.

Эмпирические факты (ЭФ), фиксирующие наблюдаемые явления, порождаются в результате взаимодействия исследуемого объекта с измерительными приборами, т.е.лежат в телесном мире и имеет иерархическую структуру башни: $ЭБ^1 \subset ЭБ^2 \subset \ldots ЭБ^n$; где $ЭБ^n$ – соответствует экспериментально – измерительной деятельности и приборам n-го уровня сложности ($ИзП^n$) ; так например,эксперименты по обнаружению дублетного расщепления и сверхтонкой структуры атомных спектров требуют экспериментально – измерительной деятельности разных уровней сложности.

В научном познании на теоретическом уровне (Т) рассматриваются свойства и закономерности идеализированных объектов, отображающих и моделирующих реальные объекты исследования. Другими словами, Т и ЭФ лежат в двух взаимно противоположенных мирах: Т- в идеальном мире абстрактных объектов; а ЭФ – в чувственно наблюдаемом мире.

Фундаментальный эмпирически факт атомной физики – это дискретность спектральных линии излучения и поглощения атома. При поиске фундаментальной

теории квантовой механики ($ФТ^{кв}$) Гейзенберг начинал с попытки объяснения и понимания именно этого факта. Фундаментальная теория квантовой механики формально–логически из теории классической механики невыводима.Точно также $ФТ^{кв}$ из эмпирических фактов индуктивно невыводима; ибо $НТС^{кв}$ квантовой теории и $НТС^{кл}$ классической механики и классической электродинамики взаимно – противоположные замкнутые системы (по Т.Куну несозмеримые парадигмы). Опосредующим звеном между $ФТ^{кл}$ и $ФТ^{кв}$ является модельный этап науки.

Любое вещество можно рассматривать как геометрическое место материальных точек. Поэтому роль субстанции,т.е.первоматерий в классической механике представляет идеализированный объект-материальная точка. В XIX веке было открыто Фарадеем и Максвеллом электромагнитное (силовое) поле как новый вид материи континуальной природы. А природа субстанции квантово – механических явлений зафиксировано в понятии корпускулярно–волнового дуализма (Л.де Бройль). Понятие корпускулярно–волнового дуализма из фундаментальных понятии классической механики и классической электродинамики формально–логически невыводимо.Точно также это понятие не является результатом интеллектуальной интуиции. Как известно, понятие корпускулярно–волнового дуализма появился на переходном этапе формирования квантовой теории как результат решения антиномии устойчивости атома в гибридной модельной теории (ГМТ) Нильса Бора.

Переходной этап динамики физических теории как показывает история становления фундаментальных теории квантовой физики - это, конечно, модельный этап. Например, начиная с появления проблемы излучения абсолютно черного тела (конец XIX века) до появления матричной механики Гейзенберга (20 годы XX века) – это модельный этап развития квантовой механики. Аналогичные процессы происходят и в современном модельном этапе развития теории элементарных частиц, космологии и социального бытия.

3. Поразительные экономические и научные успехи, достигнутые в динамично развивающих странах можно объяснить только тем, что модель экономики и государства, которая формируется и совершенствуется в этих странах, начиная с XVII века, более адекватно соответствует к истинной синергетической природе социальной реальности. Действительно, начиная с XVII века, Западная цивилизация идет в направлении поиска наиболее совершенной формы динамически развивающегося общества открытого типа, основанный на принципах индивидуальной свободы и равенства возможностей всех членов общества. На Востоке Япония вступила на этот путь с середины XIX века - в эпохе Мейдзи. И в этом направлении эти страны достигли наивысших высот в науке, технике и культуре. Это неоспоримый факт. Казахстан избрал это направление модернизации общества с конца XX века. Эпоха Возрождения (XV-XVIв.н.э.) является переходным этапом обновления Западной цивилизации.

4. Как известно, 600лет(VIII-XIVв.н.э.) был Золотым Веком арабо-мусульманской цивилизации Средневековья. Исламская культура сохранила античное научное наследие Платона,Аристотеля и других греческих ученых от суда инквизиции. Арабо-мусульманские ученые не только переводили и комментировали античное культурное наследие(как обычно считают), но они также участвовали в постановке новых фундаментальных проблем и идей классического естествознания. Это видно из научного наследия аль-Фараби. Это гибридный процесс обновления , основанный на сочетании исламской религии и науки на базе принципа двойственной истины.Но пародоксально, что такое ортодоксальное понимание религии явилась причиной дальнейщего упадка этой цивилизации; ибо закрыла дорогу к новой социальной общности-капитализму,естественным наукам и технологиям.

5. Западная цивилизация избрала другой путь возрождения культуры. Процесс обновления господствующей Средневековой культуры как процесса вытеснения теологического мышления, т.е, как секуляризационный процесс, начался в эпохе Возрождения только в Западной цивилизации. Это - процесс ограничения функции Бога, отделения религии от государства, который далее реализуется в натурфилософии эпохи Возрождения отождествлением Бога с Природой. Природа-это Бог,т.е. причина самой себя(взаймодействие). А обратный процесс обновления, т.е.попытка редукции философии к религии, – это циклический процесс характерный всегда в переходные эпохи развития человеческой цивилизации; особенно, в периоды социальных и естественнонаучных революции. В этом направлении сейчас пытаются переинтерпретировать открытия в современной физике в духе теологического мышления; и далее обосновать , что якобы современнае науки только дискурсивно доказывают вечные религиозные истины открытые мистическими философскими течениями.

6. В истории мировой цивилизации в XX веке реализовались как социальные реальности две противоположные системы общества, в которых господствовали духовные ценности индивидуализма, основанный на базе частной собственности (капитализм- с XVII века), или коллективизма-на базе государственной собственности. Мировой экономический кризис 30-ых годов XX века явно показал необходимость выхода капиталистической экономики за пределы частной собственности. В поисках выхода из кризиса дискуссии экономистов развернулись вокруг вопроса о роли государственного регулирования в экономике. Так президент США Ф. Рузвельт отрицал теорию об автоматизме рыночных процессов и признавал необходимость активного государственного вмешательства в сферу хозяйственных отношений. Необходимость вмешательства государства в процесс воспроизводства обосновал английский экономист Дж. М. Кейнс. Так,ещё 1930-е гг. в Швеции, Норвегии и Дании отдельные предприятия и отрасли хозяйства перешли к государству. Западная цивилизация пошла по пути господства духовных ценностей индивидуализма, основанный на базе частной собственности, но ограниченный и дополненный государственным регулированием. Китайская цивилизация пошла по противоположному пути - господства государственной собственности и регулирования, но ограниченный и дополненный капиталистической рыночной экономикой. Таким образом, процесс обновления развитыми цивилизациями мира трактовалис как конструктивный процесс ограничения и дополнения господствующих духовных ценностей, противоположными ценностными установками. К сожалению, процесс обновления в СССР и странах СНГ начался с тотального отрицания господствующих духовных ценностей как ложных, что привело к большим экономическими и нраственным потерям.

7. В переходной эпохе самым оптимальным в политическом, идеологическом и экономическом отношениях являются гибридные модели и технологии. Так,в Китайской народной республике господствует государственная социалистическая идеология, синтезированный с конфуцианской коллективистской философией, а экономика развивается в гибридной форме –государственно управляемый капитализм; идея государственно управляемого капитализма была обоснована ещё в двадцатых годах XX века в статьях В.И. Ленина о новой экономической политике (НЭП). Для усточивой экономики доля государственного сектора должен находиться в интервале 32%-68%.

8. Стратегическая задача перед элитными вузами и университетами классического типа– это подготовка будущих профессионалов эпохи глобализации, глубоко владеющих основами фундаментальных наук. Это те науки, которые занимаются исследованием новых видов энергии и поиском технологий их опредмечивания в виде различных технических устройств, поскольку естественные энергетические ресурсы Земли -

ограничены. Так по прогнозам экспертов мировой динамики «Римского клуба», около 2040-2050 г. на Земле начнется энергетический голод. Поэтому, начиная с конца XX века в ведущих странах мира идет прорыв в космос (как неограниченный источник новых видов энергии и материалов) и в микромир – на атомный и субъядерный мир. Появляются новые виды технологий и деятельности как: нанатехнология, космическая технология; получение искусственных (физических, химических и биологических) материалов с заранее заданными свойствами и т.д. Но, к сожалению, в интеллектуальной сфере идет разрыв между современным уровнем развития мировой (т.е. “элитной”) культуры, накопленной человечеством за 2,5 тысячелетия своего развития от начала античной и Древне – Восточных цивилизаций, и массовой традиционной культурой.А этот разрыв заполняются магическими, астрологическими и различными видами религиозных представлений. Этот факт был подчеркнут ещё в 70 годах XX века Р.Фейнманом в своих знаменитых лекциях по физике. Поэтому ощущается необходимость переориентации стиля мышления и деятельности будущих специалистов в русле формирования синергетического стиля мышления, основанного в умении оперировать с такими понятиями, как флуктуация, аттрактор, бифуркация, динамический хаос (2, 195).

Литература

1. В.Гейзенберг. Понятие замкнутой теории в современной естественной науке. //В книге: Шаги за горизонт М. «Прогресс»,1987,стр.178

2. И. Пригожин, И. Стенгерс «Порядок из хаоса» (М., 1986 г.)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ

Жарахметова А.К
Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университеті Халықаралық қатынастар факультеті, 1 курс, Алматы, Казахстан;
alina26-03@mail.ru
Ғылыми жетекші: Қарабаева Запихан Мухтарқызы, т.ғ.қ., доцент.

Annotation. The article examines the development process of Kazakhstan as a sovereign, independent state. Particular attention is paid to the role of President Nursultan Nazarbayev in the preservation and strengthening of our statehood. In accordance with historical standards, in a short period of time our country has taken major steps towards sovereign development and achieved significant results. Kazakhstanis faced many difficulties on the way to independence, but overcome all of them and the country embarked on the path of rapid economic, social and political modernization. Modern Kazakhstan is an internationally recognized country with its own direction of development.

Key words: Independence, December events,famine, Kazakhstan.

Аннотация. В статье рассматривается процесс развития Казахстана как суверенного, независимого государства. Особое внимание уделяется роли Президента Нурсултана Назарбаева в сохранении и укреплении нашей государственности. В соответствии с историческими стандартами, за короткий промежуток времени наша

страна предприняла серьезные шаги в направлении суверенного развития и добилась значительных результатов. Казахстанцы столкнулись со многими трудностями на пути к независимости, но преодолели их все, и страна встала на путь быстрой экономической, социальной и политической модернизации. Современный Казахстан - это международно признанная страна со своим собственным направлением развития.

Ключевые слова: Независимость, декабрьские события, голод, Казахстан.

Түйіндеме. Мақалада Қазақстан Республикасының егемен, тәуелсіз мемлекет ретіндегі даму үрдісі қарастырылды. Тарихи өлшемдерге сәйкес қысқа мерзім ішінде біздің еліміз егеменді даму жолында ең маңызды қадамдарды жасады және айтарлықтай жетістіктерге жетті. Егемендік жолында қазақстандықтар көптеген қиыншылықтарға кезікті, бірақ олардың барлығын еңсеріп, еліміз жылдам экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңару жолына түсті. Қазіргі Қазақстан – өз даму бағыты бар, әл ем мойындаған ел десем қате айтпаспын.

Тірек сөздер: Тәуелсіздік, Желтоқсан оқиғасы, ашаршылық, Қазақстан.

Мен ең алымен өз сөзімді осы бір сөздермен бастамақшымын,Атам менің аштық болған деуші еді, Шүкір Алла, көргенім жоқ мен соны. Түйір нанға зәуір болған кезектің,мен туғанда біткен екен ең соңы. Мен бұл сөздеріммен ата-бабамыз осы бір Тәуелсіздік алу жолында қаншама қиындықтармен жеткендігін айтқым келді. Тарихтың тереңіне үңілетін болсақ.

Менің ойымша, әрбір тас бетінде қалған таңбаларға қарап, бабаларымыз жасап келе жатқан дәуірлердің есебінде кеткен шайқастар, аштық, жау тылында қалған жұрттың әрбір қаны мен көз жасына қарап тәуелсіздіктің қандай керемет ұғым екенін сезінесіз деп нық сеніммен айта аламын. Япыр-ай, қайран қазағымның басына нендей күндер тумады десеңші? Елі қанбай, ері сусын ішпеген, аттың жалында, түйенің қомында, ат ауыздығымен алысып, ер етегімен күн кешкен аласапыран заманда бесіктегі нәрестенің де басы алынғандығын білеміз. Ер азаматтарымызбен қатар, ақ жаулықтыларымыз да қолға қару алып, атқа да қонды. Біреудің көлеңкесінде жүруді көксемеді, біреудің тізесіне бас имеді. Тек азат ел болуды мақсат етті, «Алаш» деп ұрандатқан ата-бабаларымыздың аманатына қиянат етпеді. Азалы жылдардың атасы атанған ашаршылық та қазақ елін айналып өткен емес. «Елім-ай» деп еңіреп, бір уыс нан да таба алмай аштан бұратылып өлген халқымыз бүгінгі азат күннің туарын білді ме екен? Жаңадан туған шаранасына ақ сүтін де бере алмай, тіпті бір - бірінің еттерін де жеуден тайынбаған қасіретті жылдар да сүйегімізге таңба болып басылды десем қате айтаспын деген ойдамын.Қарша бораған оққа да кеудесін тосып, судай аққан қанның куәсі болған 41-дің қаһарына да ұшырадық. Шайқаста халқы үшін жанын берген, «Отан үшін отқа түскен» даңқты батырларымыздың арқасында қазақ алғаш рет « Жеңіс» сөзін тілге тиек етті. «Жеңіс» деп алғаш рет ұрандаттық. Соғыстың жанайқайында қасқырша ұлып, арыстанша алысқан боздақтарымыздың қиылған жаны, төгілген қаны егемендігімізге салынған айрықша дара жол еді.Атының өзінен адам шошырлық атом бомбасы да қазақ даласын дүр сілкіндіріп, дүниенің астын үстіне шығарды. Уланған жер, суша қайнап, бу болып ұшқан үйлер, жүндері түсіп тентіреген жануарлар мен неше түрлі ауруға шалдығып, жарымжан болған адамдардың халін қазіргі таңда елестетудің өзі қорқынышты десем де болады.

Осы бір тұрғыда,Махамбет бабамыздың «Мұнар да мұнар, мұнар күн, бұлттан шыққан шұбар күні» артта қалған заманда атойлатып қазақ елі алғаш рет азат ел атанды. Қайрат, Ләззат, Сәбирадай рухты жастарымыз «Желтоқсан» оқиғасында қасқалдақтай қанын төгіп, жанын берді. Өзіміздің қазақ тұрғанда, өзге елдің адамын билік басына қоюға қарсы болған өрімдей ғана қаракөздеріміздің шыбын жаны шырқырап, етіктері қаннан қатса да, тәуелсіздік жолында «тар жол тайғақ кешті»-десем қате айтпаспын.

Иә, жүректерден өшпейтін, есімізде мәңгі қалатын сол зұлмат тағдырлардың ізі қалған жердің төсінде біз бақытты күн кешудеміз деп ойлаймын. Тәуелсіз мемлекеттің желбіреген туының астында өмір сүріп жатқан біздің ата - бабамыз кешкен тағдырды ұмытуымызға хақымыз жоқ. Қара қазан, сары бала қамы үшін кеткен қыршындардың ерлігі мәңгілік жадымызда сақталып қалуға тиіс,біз осы бір жайтты ешқашанда ұмытпауға тиістіміз десем қате айтпаспын деген ойдамын.

Қазіргі таңда ұлттың ұлы арманы орындалды деп айта аламын. Көлеңкелі күндер де келмеске кетті. Керей мен Жәнібек қазығын қадап, Қасым мен Есім керегесін кеңіткен, Тәуке мен Абылай шаңырағын шайқалтпаған Атыраудан Алтайға дейін созылған, ұшқан құстың қанаты талатын, ұлан- ғайыр атыраптың бәрі де-азат. Елбасымыз сол қара шаңырақты шайқалтпай, еліміздің шашу шығармай, болашаққа бағыттап, кемеміздің желкенін нық ұстап келе жатыр деп нық сеніммен айта аламын.

Азаттықтың арқасында алпауыт мемлекеттермен иық тіресіп, жер шарына "Қазақстан" деген есіммен танылдық. Ұлан-ғайыр жеріміз әлем картасынан кім-кімді болса да алаңдатары сөзсіз. Дербестіктің нәтижесінде өзіндік дара да даңғыл жолымыз бар. Бөрі бөрілігін танытпай қоймайды. Алты құрлыққа атымыз мәлім. Жас та болса, бас болып әлем елдерімен тереземіз тең ойысып, түтіні түзу ұшқан, тұрмысы бақуатты елге айналдық.

Биыл Қазақстанның Тәуелсіздік алғанына 30 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде еліміз біраз қиындықты еңсеріп, дамудың даңғыл жолына түсе білді. Қателіктер де болды. Дегенмен, Қазақ елі өз жолынан жаңылған емес десем де болады.

30 жылдың ішінде Қазақстанда экономика, мәдениет пен руханиятты дамытуға арналған біраз мемлекеттік бағдарламалар қолға алынды десем де болады.

Алдымен "Қазақстан - 2030" стратегиясы басшылыққа алынды.Ал 2012 жылы "Қазақстан-2050" стратегиясы жарияланды. Соның аясында салалық бағдарламалар қабылдана бастады. Жалпы, тәуелсіздік жылдары біраз құжаттар қабылданды десем де болады.

Негізгі бағдарламалар:

- Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы;
- Бизнестің жол картасы;
- "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы;
- "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы;
- "Рухани жаңғыру" бағарламасы
- Цифрлық Қазақстан
- "Нұрлы жол" инфрақұрылымдық даму бағарламасы;
- "Еңбек" бағдарламасы.

Бұдан бөлек, білім, денсаулық, ұлттық қауіпсіздік, экспорт, тіл саясаты, туризм, агроөнеркәсіп кешені, аймақтарды дамыту, жемқорлықпен күрес, дағдарысқа қарсы шаралар және тағы басқа маңызды бастамалар қолға алынды.

Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ауқымды бағдарламалардың дәуірі өтті деп санайды. Сол себепті ондай құжаттарды ұлттық жобаларға айналдыруға тапсырма берілді. Осылайша, негізгі мәселелерді дер кезінде шешуге мүмкіндік болады. Осы бір түрғыда менің есіме, президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы бір сөздері есіме түсіп отыр. Тәуелсіздіктің 30 жылдығын тек мерейтой деп санауға болмайды. Тәуелсіздіктің игіліктерін әрбір отандасымыз күнделікті тіршілігінде сезіне алатын болса – мақсатымыздың орындалғаны деп атап өткен болатын президентіміз.

30 жылдың ішінде қазақ халқы қалай өскендігі туралы айта кететін болсам.

1999 жылы Қазақстанда алғашқы халық санағы өтті. Оған сәйкес, республикада 14 миллион 953 мың адам тұрған.Бұдан он жыл бұрын өткен бүкілодақтық санақ кезінде 16 миллион 400 мың адам тіркелген. Осылайша, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары халықтың саны азайды. Алайда қазақтардың үлесі арта түсті. Шетелдегі қандастар да көп келді. Осы уақытқа дейін миллионнан астам этникалық қазақ атамекеніне оралды.

Биыл Қазақстан халқының саны 19 миллионнан асты. Қазақтардың үлесі 70 процентке жетті. Дегенмен, елдің полиэтникалық құрамы сақталып отыр. Қазақ жерінде 100-ден астам ұлт пен ұлыс бар десем қате айтпаспын деген ойдамын.

Тәуелсіздіктің арқасында Еліміз жеткен жетістіктер туралы қысқаша айта кететін болсам.

Аз уақыттың ішінде еліміз бізден едәуір уақыт бұрын тәуелсіздіктерін алған мемлекеттерді қуып жетіп, спорт, білім, ғылым, мәдениет, өнер жағынан әлемнің алпауыт елдерімен терезесі теңеле түсуде.Татулық пен бірлікті алға тартқан Елбасымыз көш бастап, Қазақстан бүгінде Орта Азиядағы дамушы елдерден алда келеді. Әлемдік дәрежеде спорттық жарыстарды ұйымдастырып, мықты деген елдердің ұйымына төраға болып, дүние жүзіне аты әйгілі, өзінің қандай ел екенін уақыт өткен сайын дәлелдей түсуде.

Қорытындылай кететін болсам, осы жылдар ішінде еліміз басынан үш дағдарысты өткерген екен. Аталған қиын-қыстау кезеңдер еліміздің шыдамдылығы мен төзімділігін қайрап, бүгіндері біздің Еуразиялық экономикикалық кеңістікті құру секілді бірқатар басым батыл қадамдармен алға жетелеуде десем де болады. Ендігі жерде бабалар арманы болған, ащы термен келген тәтті жеңісімізді көзіміздің қарашығындай сақтап, келешек ұрпаққа аманаттау өз еншімізде. Сол себептен, көзіміздің ағы мен қарасындай болған ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен, ата-баба қанымен келген ұлан- ғайыр жеріміз бен ана сүтімен дарыған, кеше ғана Абай, Мұхтар сөйлген қасиетті тілімізді сақтауымыз керек деп айтқым келеді.

Менің бақытты ел болуға арманым - ел бірлігі. Мемлекетіміздің әрбір жас ұрпағы Отанымыздың патриоты болып, тәуелсіздігімізді одан әрі нығайту үшін бірігіп елге еңбек сіңіруіміз қажет. Тәуелсіз елде туылып, тәуелсіз елде ержеткен менің де асқақ арманым бар. Біз осы жолдан бұлтармай алға баса беруіміз керек.Мемлекеттік рәміздеріміздің қашан да алатын орны төр болғай! Тәуелсіздік тұғыры әрқашан да биік болсын! деп тілеймін.

XXI ғасыр - білім ғасыры деп ойлаймын. Демек, ертеңімізге сеніммен қарайтын, өткенді қадірлей білетін, сүйікті Отанымызға күш-қайраттымызды жұмсайтын Қазақстан Республикасы азаматы боламыз,өз басым ол үшін бар күшімді салатын боламын.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы Электрондық ресурс: https://primeminister.kz/kz/news/prezident-kazakstan-respublikasy-tauelsizdiginin-30-zhyldygyn-merekeleuge-dayyndyk-zhonindegi-memlekettik-komissiyanyn-birinshi-otyrysyna-katysty-51415 [6,4]

2. «Көшбасшылыққа 30 жыл» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы, Алматы қ. Дереккөз https://sputnik.kz/spravka/20211017/18431631/kazakstan-Tauelsizdik-khronologiya-video.html [1,4], [2,5]

3. Назарбаев Н.Ә., Тәуелсіздік стратегиясы. «Қазақстан - 2030 Барлық қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының жақсаруы» ел Президентінің 1997 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы, Электрондық ресурс: http://adilet.zan.kz/rus/docs/K970002030_ [7,5]

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БІЛІМІНІҢ ДАМУЫ (1991-2021Ж.Ж) »

Болатова Элдана Кайратовна, студент 1 курса факультета международных отношений Казахского университета международных отношений и мировых языков им. Абылай хана, г. Алматы, Казахстан;
eldanaw@icloud.com
Научный руководитель: Карабаева,З.М. канд. Техн. Наук, доцент.

Annotation. The article considers the development and prosperity of science and education of the Kazakh people on the path to independence. It tells about the work done in the strategic path of President Nursultan Nazarbayev. The article discusses education and science,the president of Kazakhstan Kassym-Zhomart Tokayev's increased the total expenditures for education and science.
Keywords: innovation, intellectual, research, globalization, standard.

Аннотация. В статье рассматривается развитие и процветание науки и образования казахского народа на пути к независимости. В нем рассказывается о проделанной работе на стратегическом пути Президента Нурсултана Назарбаева. В связи с увеличением финансирования образования и науки Президент Казахстана Касым-Жомарт Кемелович Токаев увеличил общие расходы на образование и науку.
Ключевые слова: инновации, интеллектуал, исследования, глобализация, стандарт.

Ғұлама ғалым әл Фараби «Ғылымы жоқ елдің – болашағы жоқ» деген екен. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында: «Бұл дәуір – ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі», – деген болатын. Мемлекет басшысы айтпақшы, біздің заманымыз – ғылым мен білімнің дамуына білек түріп белсене кірісетін кезең.Сонымен білім-ғылымді дамыту аясында бүгінгі күнге дейін бірталай жұмыстар атқарылып келді және атқарылу үстінде.Жасалған жұмыстардың нәтижесін қазір байқамау мүмкін емес,себебі білім алу деңгейі 10 жыл ішінде күрделі өзгерістерге ұшырады.Әлі де ғылым-білім саласы дамып жаңа деңгейге көтерілуі қарастырылуда.

Халықымыздың ежелден аңсағаны тәуелсіздік болды.Қазір міне тәуелсіз қазақ жерінде өмір сүріп келеміз.Тәуелсіздікке жету жолында қаншама қан төгіс пен қаншама азаматтардың өмірі қиылды.Қазақ даласы қиын тағдырларды басынан кешірді.Керей мен Жәнібектің асқақ арманы тек осы тәуелсіздік болып еді,елім-жерім деген еліміздің қайраткерлерінің арман-мақсатының орындалғанына біз куәгерміз. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Біз Тәуелсіздікті ақылмен, ата-баба жолымен алдық деп ойлаймын» - деп айтқандай,1991 жыл – еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы болып саналуда.(6.2)Қазірде елдігімізге 30 жыл толып отыр,осы жыл ішінде экономикада,сыртқы саясатта,ғылыммен білімде,саяси және әлеуметтік жетістектерге қол жеткіздік.Еліміз көркейіп,дамыған елдердің қатарынан көріну үстінде.Мемлекет басшысының елді дамытудағы стратегиялық бағдарламалары мерзімінен бұрын жүзеге асып келеді.

Елбасымыз ғылым-білімге аса зор назар аударды.Білімді ұрпақ ел болашағы.Ғылым-білім кез келген елдің даму,өркендеу көрсеткіші болып табылады.Сол себептен Тәуелсіз Ел атанған алғашқы күннен бастап білім сапасын әлемдік өркениет талаптарына сай сапалық жағынан жақсартуды мақсат етіп қойдық.Қазіргі таңда бұл саланың дәрежесі биіктен көрініп,еліміз айрықша дамуда.

«Қазіргі кезде тәуелсіздігіміздің отызыншы жылында білім беру саласының қаржыландырудың құқықтық-заңнамалық негізі,әлемдік білім кеңістігіне интеграцияланған еліміздің білім беру жүйесі қалыптасып отыр.Білім беру саласының 30 жылдық тарихына көз жүгіртсек,бірнеше кезеңдерге бөліп қарастыра аламыз.1991-1994 жылдар-білім беру саласының заңнамалық және нормативтік-құқықтық базасын қалыптастырған кезеңі болып табылады,келесі кезекте 1995-1998 жылдар аралығы – білім беру жүйесінің мазмұнын жаңарту кезеңі,1999-2004 жылдар аралыгы –біліи берудің басқару мен оған қаржы бөлу кезеңі бола тұрын оған қоса,білімге академиялық еркіндік беру жылы болды.Ал 2005-2010 жылдар арасы – білім беру жүйесі нарыққа экономикалық ену кезеңі болып табылды,сонымен,2011 жылдар қазіргі жылға дейін – жана даму кезеңі,яғни инновациялану дәуірі,еңбекке қабілетті мамандарды дайындау,олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен ұлттық модельді қалыптастыру».(1.3)

Білім саласының жүргізген нәтижелі ревормасына сәйкес көптеген өзгерістер болды.Оқу орындарының құзіреті кеңейді,оған қоса жалпы орта білім мен мемлекеттік оқу орындарында кәсіби білімді тегін оқытуға мемлекет тарапынан кепілдіктер берілген болады;тағы айта өтетін болсақ,үш тілдік оқу жүйесіне ендік,бұл білімнің дамуын аса зор үлесін қосты;кредиеттік білім алу мен академиялық еркіндік беру арқылы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға мүмкіндіктер көптеп берілген болатын;өзге ел азаматтарына елімізде білім алуға толықтай жағдай жасалды.

Елімізде білім беру саласының құрылымы ЮНЕСКО ұсынған Халықаралық стандарттық білім беру бағдарламасының классификация өлшемдеріне сәйкестендірілген. Жоғары білім саласын халықаралық дәрежеге көтеру Қазақстанның халықаралық аренада бәсекеге қабілетті мемлекет болуына тікелей ықпал етіп отыр.Бұл жоспарды орындау үшін 2012 жылдан бастап Қазақстанда көптілді білім беру жүйесі енгізілуі қажет. 2012-2013 оқу жылында Қазақстанның 35 мектебінді көптілді оқыту жүйесін енгізді, сонымен қатар, 1 сыныптан бастап ағылшын тілін үйрету жобасы қолға алынған болатын.Бұл жұмыстардың қортындысын көзбен көріпте жүрміз,тілді жетік меңгерген елдің болашағы жарқын,тұғыры биік болмақ.Республика орта мектептерінде үш тілде сабақ берудің жаңа стандарттары сынақтан өткізілді.Қазақстанның Болон процесіне жедел кіруі нәтижесінде еліміз үш деңгейлі модельге енді: бакалавриат-магистратура- PhD докторантура.

«Еліміздің білім беру жүйесінің өркендеуі өзге елдерден кем болмады. Көптеген жетістіктерге қол жеткіздік: 1991 жылы Тәуелсіздік алған жылдары облыс бойынша 223 балабақша жұмыс жасап, онда 14543 бала тәрбиеленген болатын. 1991-2002 жылдары еліміздің ғылыми зерттеу жүргізген ұйымдар саны салалық бағыттар бойынша сипаттай отырып.ғылыми-техникалық сала ұйымдарының аймақтар бойынша орналасуын арнайы кесте бойынша берген. Ғылымның дамуында оған негізделген өнімнің халықаралық ауқымда жоғары дамып келе жатқанын, мұндай өнімдерді сату көлемінің соңғы 20 жылда 5 есеге көбейіп, 1 трлн. евродан асқаны барлық басты елдерде ғылыми зерттеулерге баса назар аударыла бастағанының мысалы ретінде аталып өтеді.Ал Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл толу қарсаңында облыс бойынша 670 мектепке дейінгі ұйымда 58 мыңнан аса бала тәрбиеленуде. 30 жыл ішінде 447 мектепке дейінгі ұйым ашылып, ондағы балалар саны 43618-ге өсті. Елбасының бастамасымен «Балапан» бағдарламасы қабылданып, 2020 жылға межеленген жоспар 2015 жылы орындалып, 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалар балабақшамен 100 процент қамтылды. Жекеменшік балабақшалардың үлесі жыл сайын артып, бүгінгі күні 424-ке жетіп, 72,3 процентін құрап отыр. Жалпы Тәуелсіздік алғаннан бері осы күнге дейін 424 жеке балабақша ашылған.»(1.4)

Тәуелсіздік алған жылдан бастап осы кезеңге дейін облыста 164 мектеп ғимараты пайдалануға берілген. Оның ішінде 24 жаңа мектеп желісі ашылған. Нәтижесінде апатты және үш ауысымда оқитын мектептердің мәселесі шешілген.Мектептердің материалдық-техникалық базасы нығайып келеді. Облыстағы мектептердің 65 проценті жаңа физика, химия, биология кабинеттерімен жабдықталған. 124 мектепте робототехника кабинеттері жұмыс жасайды. Барлық мектептердің компьютерлік паркі толық жаңартылған және интернет желісіне қосылған.

2015 жылы Байқоңыр қаласында 6 мектеп және 1 балабақша үкіметаралық келісім негізінде Қазақстан Республикасының стандарты бойынша білім беру үдерісіне көшті.2015 жылы «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ мен Қызылорда облысы әкімдігі арасында өзара әріптестік жөнінде меморандум жасалды. Осы меморандум аясында Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесі таратылатын 46 инновациялық мектеп ашылды. Ерекше білім алуды қажет ететін балалар үшін инклюзивтік білім алуға жағдай жасаған мектептердің үлесі 2013 жылы 13% болса, 2019 жылы Жол картасы қабылданып, қазіргі таңда 91%-ке дейін жеткізілді.

« 2017 жылдан бастап колледждерде 7 арнайы пән мен «Информатика» пәнін ағылшын тілінде оқыту жобасы басталды. 2019-2020 оқу жылынан бастап «Мың бала» ұлттық зияткерлік олимпиадасының жеңімпаздары «Назарбаев зияткерлік мектебі», «Республикалық физика-математика мектебі», «Білім-инновация лицейі», елорда лицейлерінің жетекші педагогтарынан қазақ, орыс және ағылшын тілдері, математика пәндері бойынша тереңдетіп оқыту жұмыстары жүргізілуде». (1.5)

Еліміз тәуелсіздігін алған 1991 жылдан бері кәсіптік білім беру саласы бойынша қабылданған білім туралы заңның, мемлекеттік бағдарламалардың нәтижесінде кәсіптік білім беру саласына модернизациялау жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, 2017 жылдан бастап жастардың жұмысшы кәсіптерін тегін алуына мүмкіндік беретін «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім», «Еңбек», «Жас маман» бағдарламалары жүзеге асырылуда.Тәуелсіздік алғаннан бері техникалық және кәсіптік арнаулы білім беру ұйымдары колледж статусын иеленіп, қазіргі таңда «бакалавр» дәрежесін дайындайтын 10 жоғары колледж жұмыс істелуде.Тәуелсіздік жылдары Қазақстан ғылымы жан-жақты дамып, жоғары деңгейге көтерілді. Осы ретте ғылымның маңызды салалары болып табылатын математика, плазмалық физика және жоғарғы қуат энергиясы, биотехнология, геология, металлургия, химия технологиялары және т.б. салалары бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткіздік.(6.6)

Кез келген елдің әлемдік бәсекедегі қабілеттілігі өркендеп дамыған ғылымымен өлшенеді. Жаңа өнімдер, сапалы қызметтер, технологиялық үдерістер – барлығы ғылыми жаңалықтардың нәтижесінде жүзеге асады. Білім мен ғылымсыз әлемді мойындату, бәсекеде көріну, сондай-ақ елдің экономикалық-әлеуметтік жағдайын жақсарту мүмкін емес. Қазіргі уақытта елімізде Білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

Экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімі қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру пайда болады. Негізгі мақсаттарға мыналар жатады: педагог мамандығының беделін көтеру; білім беруді басқарудың мемлекеттік жүйесін қалыптастыру;халықтың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының сапалы көрсетілетін қызметтеріне қажеттілігін қанағаттандыру; жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту; 12 жылдық оқыту моделіне көшу; қоғамның және экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарына сәйкес техникалық және кәсіптік

білім жүйесін жаңғырту, әлемдік білім беру кеңістігіне бірігу; еңбек нарығының, еліміздің индустриялық-инновациялық даму міндеттері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу;өмір бойы білім алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету; жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру;атап өтілгеннің барлығы білімнің озық түрде дамуына әкелетіп жоспар.(6.5)

Жоғары білім жүйесін қайта ұйымдастыру қазақстандық мамандар даярлау жүйесін көптеген дамыған елдерде қолданылып жүрген жүйеге жақындатуға, сондай-ақ білім беру құрылымының барлық деңгейінде қабілетті және талантты жастарды анықтау мен оларды жетілдіру тетігі бар сабақтастығына қол жеткізуге бағытталған. Жоғары білімнің мұндай көп деңгейлі құрылымы жоғары мектеп дамуының отандық және шетелдік тәжірибелерін ескере отырып, әлемдік практикаға сәйкес түлектерге мамандық беруді, сондай-ақ белгіленген тәртіп бойынша академиялық дәреже беруді көздейді.(7.4)

Білім және ғылым жүйесінің кадрлық әлеуетін дамыту. Бұл тұста ғылымның зияткерлік әлеуетін нығайту басты мәселенің бірінен саналады. Жас ғалымдарды қолдау мақсатында конкурстар өткізу арқылы гранттар тағайындау, PhD мен тағылымдамаларға арналған гранттар санын көбейту, жас ғалымдарға арнайы ғылыми гранттар бөлу, қазақстандық жобаларды іске асыруда шетелдік ғалымдарды тарту арқылы нәтижелі ғылыми жаңалықтар ашу көзделуде.Білім мен ғылымды қаржыландыру көлемін арттыруға байланысты Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев білім мен ғылымға арналған жалпы шығыстарды ЖІӨ-нің 5%-не дейін ұлғайтуды қарастыруды тапсырды.Ғылыми-зерттеу қызметін жаңғырту. Бұл қызметті жаңғыртудың бірден-бір жолы – ғылымды интернационалдандыру. Мемлекетіміз ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастықты қол-дау үшін жетекші шетелдік ғылыми орталықтар мен университеттерде жұмыс істейтін отандастарды тарту үшін арнайы бағдарламалар әзірлеуді негізгі мақсат етіп отыр.

«XX ғасыр-дағы Кеңес Одағының тарихи тәжірибесінде айқындалғанын жақсы білеміз. Жоғары мектепке және ғылымға саясат тікелей ықпал жасаған аталмыш қоғамда Ғылым академиясының төңірегіне топтасқан ғылым салалары дербес өркендегенін бастан өткердік. Едәуір табыстарға қол жеткеніне қарамастан, мұндай ұстаным түптің түбінде жоғары білімнің және ғылымның алшақтауына және бірте-бірте тұйыққа тіреліп, тоқырауға ұшырауына алып келетінін өткен өмір дәлелдеді. Кезінде жабық болған біздің білім беру жүйеміз шын мәнінде тәуелсіздік тұсында жан-жақты дамуға мүмкіндік алып отыр. Ғылым туралы да осылай деуге болады.»(2.7)

XXI ғасыр – ақыл-ой, білім-ғылым, инновация мен креативтілік негізінде үнемі өзгеріп отыратын орта қалыптастырды. Жоғары қарқынмен өзгеріп отыратын өзгермелі кеңістікте сапалы білім арқылы осы қасиеттерді азаматтар бойына сіңіру адам капиталын дамытудың бірден-бір жолы. Сапалы білім ғана өркендеген мемлекеттің, қуатты экономикалық және бақуатты қоғамның кепілі бола алады. Озық жұмыстардың алды болып кемел келешекті іске асыратын кадр даярлау мақсатында «Болашақ» халықаралық бағдарламасы, заман талабына жауап бере алатын «Назарбаев Университеті» құрылды. Қазіргі уақытта тәуелсіздік рухында тәрбиеленген, білімді, өзгерістерге икемді ұрпақ қалыптасып, еліміздің одан әрі өркендеуіне үлес қосуда. Еліміздің мектептегі білім беру жүйесі әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеп шығаруға әлеуетті екенін дәлелдеді. Оған еліміздің мектеп оқушыларының математика және жаратылыстану пәндері бойынша рейтингте алғашқы 10 елдің қатарына кіруін мысал ретінде айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қылышбай Бисенов,ҚР ҰҒА академигі,URL: https://syrboyi.kz/bilim/taewelsizdik-zhyldaryndaghy-bilim-men-ghylymnyng-zhetistigi-75225
2. Талас ОМАРБЕКОВ, тарих ғылымдарының докторы URL: https://egemen.kz/article/2253-ghylym-men-bilimninh-zhanha-kokzhiegi
3. Ғылым туралы ұлттық баяндама, URL: https://nauka-nanrk.kz/assets/assets/%D0%9D%D0%B0%D1%86%20%D0%B4%D0%BE%D0%BA%D0%BB%D0%B0%D0%B4%D1%8B/2014.pdf
4. Қазақстан Республикасының Үздіксіз білім беру жүйесінде мамандар даярлау құрылымын реформалау туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы (күші жойылды).
5. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы.
6. Кенжебала Байдулатова,қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. URL:http://edunews.kz/ruhanijangiru/776-tuelszdk-zhyldarynday-zhetstkter.html

САЯСАТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ПАРАДИГМАНЫҢ ЫҚПАЛЫ

Абуханов Шаяхмет Абалакович
Аға оқытушы, Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті
sabukhanov@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада қоғамдағы техниканың дамуы мен теориялық мәселелері және саяси парадигманың саясаттану ғылымындағы ықпалы қарастырылады.
Түйін сөздер: Теория, парадигма, нормалар, психология, процестер, базис.

Аннотация. В этой статье рассмотрены развитие техники в обществе и теоретический аспект,а так же влияние политической парадигмы на политические науки.
Ключевые слова: Теория, парадигма, нормы, психология, процесс, базис.

Annotation. In this article, the influence of technological development onto the society and its theoretical aspects, as well as the influence of political paradigm on the political science is considered.
Key words: Theory, paradigm, norms, psychology, process, bazis.

XX-ғасырдың ортасынан кейін адамзат баласы ғылым мен техниканы бұрынғыданда жоғарғы деңгейде дамыту барысына бет бұрды. Оған дәлел біздің қізіргі күнделікті тұрмысымызда қолданылып жүрген әр түрлі жұмыс барысындағы техникалық құрал-саймандар мен түрлі шаруашылықтарда қолданылатын әр түрлі техникалық құралдарды айтуға болады. Жалпы мұндай даму жолында адамзат баласы алдымен техниканың механикалық нысандағы түрлерін жасаудан бастады. Мұндай механикалық техника түрлерін дамыту өндіріс салаларының барлық түрлерін қамтыды. Оны дамытуда әртүрлі техника салаларына байланысты ғылыми теоремалар жасалып ,зерттеу жұмыстары жүргізілді. Өндіріс салаларындағы алғашқы пайда болған мануфактуралық өндірісте су, бу машиналары мен диірмендерін ойлап табу, механикалық нысандағы техникалық дамуға жол ашты. Бұл кезеңдегі осындай

техникалық өндірістердің пайда болуы бұл математиктердің, физиктердің және тағы басқа өнер тапқыш шеберлерінің алғашқы техникалық жобалары еді . Міне осындай жобалардың алғашқы қолға алынуы бұл техникалық ізденістің ғана емес, сонымен қатар, ғылымның нәтижесі мен жетістігі деуге болады. Ал ғылыми зерттеулер қызметінің техникалық нұсқаға жеткізуге әкелген алғашқы буындарына тәжірибелік-конструкторлық жобалар жасалымдары, қолданбалы зерттеулер және т.б. іс-тәжірибелерді айтуға болады. Осылай ғылыми-техникалық іс-әрекет барысы адам еңбегінің күрделі, әрі ірі зерттеу обьектісіне айналды. Сондай-ақ осындай ғылыми-техникалық зерттеу барысы адамзат баласын енді механикадан автоматқа ауысуына жол ашты. Жалпы әлемнің осындай қарқынды түрдегі әлемдік техникалық революция жасауы бұл қоғам индустриясының техникалық дамудағы жетістіктерінің алғашқы мәдени өзгерістеріне жатады. Ал әлемдік деңгейдегі техника мен технологияның қарқында дамуы бұл XX-ғасырдың 70 жылдарынан бастау алды. Техникалық даму бұл өндіріс салаларымен қатар, ауыл шаруашылығы, көлік қатынасы, энергетика саласы, ақпараттық байланыс саласы, медицина, білім беру, үй тұрмысы мен қызмет көрсету салаларын және т.б. салаларды толық қамтыды. Қазіргі кезде бұл салалардың барлығы дерлік дамыған техникамен және технологиямен толық қамтамасыз етілуде. Мұндай даму адам еңбегін қол еңбегінен арылтып, техникалық басқару арқылы жүзеге асатын ой еңбегінің дамуына алып келді. Бұл дегеніміз адамдардың уақытын үнемдеуге, жұмысын жеңілдетуге ықпал етіп, қоғамдағы адам істейтін қол еңбегінің жеңілдеуіне әкелді. [2, 91-93 б] Қоғамның осылай техникалық жағынан сатылай дамуы қоғамдағы әлеуметтік – экономикалық жағдайдың жақсаруымен,дамуына көмектесті.

Енді қазіргі кездегі өндіріс салаларының дамуына тоқталсақ бұл сала енді механикалық дамудан біртіндеп техниканың күрделі,әрі қиын даму сатысы автоматтандыруға көшті .Әрине мұндай дамуға көшуде әлем елдерінің ішіндегі дамыған мемллекеттерден жапония, оңтүстік корея мен европалы қ мемлекеттер мен тағы басқа да мемлекеттерді айтуға болады.

Әлемдік техникалық дамудың мұндай өзгерісі қоғамдағы әлеуметтік дамудың өзгерісіне алып келгені рас. Әлеуметтік өзгеріс барысында әлеуметтік жүйе олардың ішкі бөліктері мен құрылымдары, байланыстары мен қарым-қатынастары, бір күйден екінші күйге ауысу немесе жаңадан пайда болу немесе жоғалып кетуін бастан өткерді.

Жалпы кез-келген әлеуметтік жүйедегі өзгерістер бейберекет түрде емес белгілі бір бағдарлылықпен, қарапайымнан күрделіге, төменнен жоғарыға қарай яғни прогрессивті, жүйелі түрде жүріп жатады. Әлеуметтік өзгерістердің бірнеше себебі бар. Оған мыналар жатады: ғылыми жаңалықтар, технологиялық жаңалықтар, ой-пікірлер, мәдени өзара байланыстар, табиғи апаттар және т.б.жатқызуға болады. Мысалы автомобильдің пайда болуы қоғамда азаматтардың әлеуметтік жағдайын жақсартса сонымен қатар экономикадағы тасымалдау, сауда, өнеркәсіп сияқты бірнеше салалардың нәтижелі дамуына қол жеткізді. Сонымен қатар қоғамдағы дамуға кері әсері де болды. Олар экологияның нашарлауы, жол апаттарының болуы мен қоғамдағы адам санының азайуы мен шығынға ұшырауына әкелді. Жалпы әлеуметтік өзгерістерді жоспарлы және жоспарсыз деп екіге бөлуге болады. Жоспарлы әлеуметтік өзгерісте биліктің ролі ерекше. Билік мұндай өзгерістер жасауды арнайы бағдарламалар жасау арқылы және ғылыми зерттеулер жүргізу арқылы жүзеге асырады. Сондықтан да қандай да болмасын техникалық өзгерістер қоғамда саяси жүйені немесе саяси биліктің дамуына, өзгеруіне ықпал етеді.

Техника мен ғылымның дамуы бұл қоғам дамуының негізі. Сонымен қатар ғылым мен техниканың дамуы адамзат қоғамы мен табиғат арасындағы қатынастарға да кері әсер ететін жайы бар. Атап айтсақ, техника қоршаған ортаның ластануына немесе бүлінуіне ықпал етеді. Өндіріс қарқынының дамуы, биосферада зиянды заттардың

мөлшерінің көбеюіне, табиғи тепе-теңдіктің бұзылуына әкеліп, адам баласының денсаулығына да әсер етеді. Ғылымның өндіргіш күшке айналуы өндіріс орындарының техникамен жабдықталуы өндіріс қарқынының дамуы бұл жер қойнауындағы пайдалы қазбаларды, шикізаттарды өндіру мен өңдеудің бәрі биосфера құрылымына , олардың химиялық құрамына кері әсер етіп, зардабын тигізеді. Өндірістен шыққан шәйінді сарқын сулар өзен, көлдерді ластап, экологияға зардабын тигізеді.Мысалы, қалдықсыз өңдеу жүйесінің жоқтығынан өндірістің технологиялық процесінің нашарлығынан шикізатты толық пайдалана алмау нәтижесінде жылына 30 млиард. тоннадай өнеркәсіп қалдықтары атмосфера мен гидросфера жүйесіне келіп қосылуда. Сондай-ақ өндіріс орындарынан шыққан түтіннің ауаны ластауы, оған сүзінді түтікшелерді қойылмауы қоршаған ортаға кері әсерін тигізуде. Қазіргі кезде осындай мәселелердің бәрі өндірістің экономикалық салаларында жан-жақты бақыланып, оның экологияға тигізіп жатқан заррдаптарын жоюдың жолдары қарастырылуда. Қоғамдағы осындай техникалық кемшіліктерді елеп-ескеріп, соған қарсы әрекеттер жасаумен қатар осындай кемшіліктерді түзетуге, әрі техникалық құралдардың сапасын жақсарту керектігі өзекті мәселеге айналып отыр. Ол үшін энергетикалық сараптамалар жасау және арнайы бақылау топтарын енгізу қоғамның басты шарты.[1,78-79 б]

Практикалық қызмет қоғамдық қатынастар мен қоғамдық еңбек бөлінісінің өндірістік талаптары, әлеуметтік ғылымдардың өмірге келуіне түрткі болған басты фактор екендігі бізге мәлім. Жалпы ғылыми танымның негізгі мақсаты білімнің негізінде теория жасау мен дамыту, ескі теориядан жаңа теорияға өту, соның негізінде білімнің практикалық қолданысқа енуі. Саясаттану ғылымында осындай теория негізі парадигма деп аталады .Парадигма дегеніміз зерттелетін мәселені шешу үшін үлгі ретінде алынған теория.Саясаттануда парадигма саяси өмірді бейнелеуде білімді ұйымдастырудың қисынын білдіретін, әлеуметтік құбылыстардың бір тобын теориялық пайымдау үлгісі . Парадигма жасау арқылы зерттеуші де белгілі бір саяси құбылысты зерделеудің негізгі өлшемі мен қалпы қалыптасады. Соған орай деректер жинап талдайды, түсіндіреді, әрі мағлұматтар жинақтайды және жүйелейді. Парадигма ұғымын XX- ғасырдың 20-жылдарында ғылымға алғаш енгізген америка философы және қоғам тарихын зерттеуші Томос Кун болды. [3,176-178б] Кейіндеп бұл ұғым ғылымның барлық саласына еніп, соның ішінде саясаттануда да кеңінен қолдануда. Томос Кунның бағалауы бойынша парадигма саясатты зерттеуге бағыт- бағдар береді. Сол бағыт бойынша зерттеуші белгілі бір дәстүрлерге, саяси идеялар мен теорияларға сүйене отырып, нақтылы мәселені шешеді. Сондай-ақ ол саясаттағы құбылыстың тарихын бір парадигмадан екінші бір парадигмаға ауыстыра отырып түсіндіреді. Жалпы саясаттану ғылымында парадигмаларды жинақтай келе біз оларды төрт түрге бөлеміз: теологиялық, натуралистік, әлеуметтік және тиімді (рациональды) – сыни парадигма. [3, 184-185 б] Теологиялық парадигма бұл саясатты, билікті құдай жаратты деген негізде түсіндіреді. Бұл парадигма саяси ғылымның алғашқы кезеңінде пайда болған. Ол кезде барлық әлеуметтік саяси құрылыс пен мемлекеттің пайда болуын теологиялық тұрғыда түсіндіреді. Бұл парадигманың даму кезеңінде мифология кең өріс алып, көптеген халықтардың өмірінде мифтер әртүрлі дәрежеде өз заманының саяси мәселелерінің көрінісі ретінде қызмет етті. Екінші, натуралистік парадигма саясатта әлеуметтік сипаты жоқ табиғи себептерден, атап айтсақ, географиялық орта мен биологиялық және психологиялық ерекшеліктер тұрғысында түсіндіреді. Бұл парадигма мемлекет пен биліктің шығу тегінің табиғилығын олардың пайда болуы мен қызмет етуін табиғи қажеттілік тұрғысында қарастырады. Географиялық ортаның саясатқа ықпал етуін Арестотель,Платон және т.б. да ойшылдар қарастырған болатын. Алайда бұл парадигманың теориялық түрдегі негізін жасаған француз ойшылы Ж.Боден болды. Ол 1529-1596 жылдары өмір сүрген. Оның идеясын одан әрі дамытқан осы елдің философы

Ш.Монтескье (1689-1755) болды. Оның ойынша географиялық орта, климат халықтың рухын, мемлекеттің құрлысын, қоғамдық құрлыстың сыр –сипатын айқындай отырып, саясатында шешуші роль атқарады. Ал Оксфорд университетінің профессоры Маккиндер XX- ғасырдың басында теңізге шығар жолы жоқ мемлекеттер даму жағынан артта қалады деді. Жалпы ол дүниені құрлық және теңіз күштері деп екіге бөліп қарастырды. Қалай болса да бүгінгі таңда әрбір елдің географиялық жағдайы оның сыртқы саясатын қалыптастыруға ықпал ететіндігі даусыз. Ал неміс ғалымы П.Майер мен австриялық К.Лоренц саяси процесті адамның туа біткен физиологиялық қасиеттерімен байланысты қарастырады. Сондай-ақ бұларға адамдардың саяси саладағы іс-әрекеттерін зерттеуде бихевиористерді де жатқызуға болады. (американдық ғалымдар Г.Лассуэлл, Ч. Мерриам).

Келесі парадигманың түрі бұл натуралистік парадигма. Бұл парадигма психологиялық бағытқа жатады. Ол саяси даму процесін адамның психологиялық қасиеттерімен түсіндіреді. Бұл бағыттың негізін қалаушылар Э. Дюркгейм, Б.Рассель,Г.Тарт және т.б. Мысалы Б.Рассель биліктің мәнін білу үшін адам өміріндегі үрей, қорқыныш, торығу немесе ұжымдық ашу-ыза сияқты психологиялық құбылыстарды зерттеп білу қажет дейді. Өйткені оның ойынша саяси көшбасшыларға өздерін диктатор еткізетін осы қасиеттер және олар халыққа өктемдіктерін жүргізу үшін халықтың осы қасиеттерін ұтымды пайдаланады. Сондықтан олар диктаторлық тәртіпті болдырмаудың әдісі ел ішінде жоғарыда аталған құбылыстарды тудырмайтындай жағдай жасау болып табылады деп атап көрсетеді. Жалпы әрбір парадигманың қоғам өміріндегі ролі бұл саяси процестермен тығыз байланысты.

Келесі парадигма бұл әлеуметтік парадигма. Бұл парадигма саясаттың табиғаты мен пайда болуын әлеуметтік факторлар арқылы түсіндіреді. Мысалы марксизм саясаттың мәнін экономикалық қатынастар тұрғысынан қарастырса, онда қоғамның экономикалық базисі өзіне сәйкес қондырманы тудырады деп есептейді. Яғни, белгілі бір экономикалық базис негізінде саяси, философиялық, құқықтық,діни,этикалық және эстетикалық көзқарастар мен идеялар пайда болып дамиды. Сондай-ақ батыс саясаттануында кең тараған тағы бір тұжырымдамаға құқық үстемдігі теориясын жатқызуға болады. Оның негізін салушылар Р.Моор, Дж. Гудьмен. Г.Макдональд және т.б. саясатты құқық тудырады деп есептейді. Яғни олардың ойынша бір заңның орнына өмір талабына сай жаңа екінші заң келеді деп топшылайды. Осылай заңдардың бір-бірінің орнын ауыстыруы қоғамды дамытады және оны алға жылжытады. Сондықтан Саяси өмірді сараптап ,талдау үшін олардың пайымдауынша зерттеуші құқықтық нормаларды зерделеу керек. Сонымен қатар әлеуметтік парадигманың бір түрі ретінде мәдениет танулық көзқарасты да қарастыруға болады. Ол саясаттың мәнін саяси процестердің мазмұнын,адамдардың мәдени даму деңгейі мен ұстанатын, басшылыққа алатын құндылықтар тұрғысында түсіндіреді. Ал адам осыған байланысты саяси өмірде іс-әрекет жасайды деп қарастырады.

Тиімді (рациональды) сыни парадигма ол саясаттың табиғатын өз ішіндегі себептермен, қасиеттермен және элементтермен түсіндіреді. Оны жанжалдық және мәмілеге келу парадигмалары деп те екіге бөлуге болады. [3, 188-189 б] Жанжалдық парадигма IX-ғасырда пайда болды. Оның негізін қалағандар Зиммель, Козер, А.Бентли және К.Маркс т.б. Олар саяси өмірге дау-жанжал, шиенелістер шешуші рол атқарады деп есептейді. Ал қазір бұл теорияны қолдаушыларға Р.Дарендорф, Дж.Бертон және т.б. жатады Бірақ олар К.Маркс сияқты саяси дау-жанжалды тап күресі тұрғысынан арастырмайды, қоғамдағы билік қорлары үшін бәсекелестік әлеуметтік тапшылықтан туатын мәселелер тұрғысында қарастырып, саяси организмнің өзін-өзі дамуына, жетілуіне әкеледі дейді. Мәмілеге келу парадигмасының өкілдеріне Макс Веберь,Э.Дуркгейм және Т.Парсонсты жатқызады.

Жалпы қорыта келгенде саясаттанудағы парадигмалар қоғамдағы саясаттың дамуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Қазақ Энциклопедиясы. Алматы,1984 .
2. Л. В.Кузнецова. Современная научно-техническая революция как фактор развития общественного разделения труда. Ростов, 1983 г.
3. В.Н. Лавриенко. Политология. Москва – «Юнити» 2007г.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖАСТАР МӘДЕНИЕТІНІҢ РУХАНИ ДАМУЫ

Серикбаева Сымбат

«Ғұмарбек Даукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті»

Шымкент қаласы

Жетекші: т.ғ.к.,социология доценті,профессор Орынбекова Д.С.

E-mail:s.serikbayeva@aues.kz

Түйіндеме: Менің зерттеген тақырыбым бойынша,жастардың қоғамға үйренісу процессін ашып көрсететін боламын. Әрбір жас азаматтың,қоғамдық өмірге деген құқығы бар деп есептеймін,сол себептен даму кезеңдерін көрсетемін.

Кілт сөздер:әлеуметтену,қоғам,жастар,социология,саясат

Аннотация: по теме, которую я изучил, я буду раскрывать процесс приобщения молодежи к обществу.Считаю,что каждый молодой гражданин имеет право на общественную жизнь, поэтому показываю этапы развития.

Ключевые слова: социализация, общество, молодежь, социология, политика

Abstract: on the topic of my research,I will reveal the process of getting used to society by young people.I believe that every young citizen has the right to social life,so I will show the stages of development.

Keywords: socialization, society, youth, sociology, politics

«Беталысы күнде өзгерген алмағайып дүниеде адамзат үшін ешқашан өзгермеген, өзгермейтін темірқазықтар бар. Ол – білім! Ол – еңбек!» деп *Елбасымыз Н.Ә Назарбаев* айтқандай тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақталған ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, олардың қоршаған ортадағы қарым- қатынасын, өмірге деген көзқарасын қалыптастыру.

Жастар – еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы. Қазақстанның болашағы–біздердің білімімізге, энергиямыз бен патриотизмге байланысты. Біз қазір жасап жатқанның бәрі отанымыздың бақытты өмір сүруі үшін, өз әлеуеттіміз бен мүмкіндіктеріміздің толық мәнде жүзеге асыра алуларымыз үшін жасалып жатыр.

Әлеуметтену жеке тұлғаны әлеуметтік қатынастар саласына осы қатынастардың субъектісі ретінде қосу процесі ретінде көрінеді. Осылайша, әлеуметтенудің мақсаты әлеуметтік нормалар мен қоғамдық мүдделермен реттелетін әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыруда көрінеді. Осылайша, бұл процесс"қоғамның беріктігін, сақталуын және

оның мәдениетін ұрпақтар арасында беруді қамтамасыз етеді". Бұл анықтама әлеуметтенуді қоғамның және әрбір жеке тұлғаның дамуындағы оң процесс ретінде сипаттайды.

• **Жастар қоғамның бөлігі ретінде**

Соңғы онжылдықтарда қазіргі Қазақстанда әлеуметтенудің түбегейлі жаңа арналары пайда болды, олар жастардың қалыптасу процестеріне, оның түбегейлі өзгеретін қоғамға бейімделуіне қатты әсер етеді. Мұндай арналардың ішіндегі ең маңыздылары: еңбек нарығы, кәсіпкерлік институты, әлеуметтік өмірдің барлық салаларын ақпараттандыру, қоғамның жаңа түрінің негіздерін оның негізгі сипаттамалары ретінде қалыптастыру. Мұндай жағдайларда еңбек нарығы нарықтық қатынастардың маңызды әлеуметтік индикаторларының біріне айналады, бұл ондағы сұраныс пен ұсынысқа, сондай-ақ осы нарыққа алғаш рет шығатын және біріншіден, белгілі бір білім деңгейіне ие жастарға ұсынылуы мүмкін бос жұмыс орындарының болуына байланысты, екіншіден олардың болашақ жұмысына қатысты нақты тілектері.

Әлеуметтендіру институттары- жеке тұлғаны норма мен құндылықтар жүйесін меңгеруге икемдейтін әлеуметтік тәжірбиені тасымалдаушы нақты топтар

• Отбасы
• Мектеп
• Еңбек ұжымы
• Жоғарғы оқу орындары
• Микроорта
• Әлеуметтік топтар
• Қоғамдық ұйымдар

Бұл жас ұрпақтың барлық қасиеттерін тексеретін нарық: моральдық және іскерлік, олардың мәдени әлемдері мен кәсіби дағдылары. Жастардың бүкіл белсенді экономикалық өмірінде сұранысқа ие болатын әлеуметтік қасиеттермен "қамтамасыз етілу" дәрежесі, сайып келгенде, әлеммен, серіктестермен мүмкін болатын байланыстарды анықтайды, сонымен қатар үнемі өзгеріп отыратын қоғамда және тұрақсыз өмір сүру жағдайында жұмыс істеу қабілетін қалыптастырады. Алайда, бұл мақсат жастардың әлеуметтенуі жүретін қоғамның барлық институттарының алдында тұр.

Ерекше әлеуметтік топ болып есептелетін жастардың негізгі мазмұнды ерекшеліктерінің теориялық анықтамасы, әдетте олардың әлеуметтік нормаларды игеру процесін бөліп алып қарауды қажет етеді. Шын мәнінде, адамда әлеуметтену процесі жүреді, яғни ол қартайғанға дейін өмір бойы көпжақты әлеуметтік нормаларды және мәдени құндылықтарды, әлеуметтік тәжірибе формаларын игереді. Сонымен бір мезгілде белсенді әлеуметтену процесі де үстемдік етеді. Осы кезеңнің сапалық шекарасы адамның *репродуктивті* жасқа келуі болып табылады. Бұл кезеңде жастар да әлеуметтік үлгілер мен нормаларды игеру процесіне белсенді түрде қатысады.

Қазіргі жастар дүниетанымы бойынша екі түрлі дәуірдің тоғысында қалыптасты. Қазіргі жастардың өмірлік құндылықтары мүлдем басқа, олар өз қағидаттарына сәйкес өмірге басқаша қарайды.Жастардың қоғамдық өміріне қатысу, әсіресе мемлекет үшін өте маңызды, өйткені елдің болашағы олардың қолында болады. Өйткені, жастар әрқашан қоғамды жақсы жаққа өзгертіп, оны өмірдің барлық салаларында жоғары деңгейге жеткізгісі келді. Жастардың өмірлік қуатының арқасында қоғамның саяси өміріне түзетулер енгізілді. Бұл әрдайым белсенді, жауынгерлік сипатқа ие жастар қоғамдық бірлестіктері болды.

Сонымен, Қоғамдық жастар бірлестіктері дегеніміз - 14-30 жас аралығындағы адамдардың ортақтығы, оларды байланыстыратын мүдделер (хобби) негізінде, сондай-ақ олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған жалпы қызметті жүзеге асыру,

ұйымның барлық мүшелерінің қоғамдық қалыптасуы және жастардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау.

Қоғамдық жастар бірлестіктері жастардың өміріне тікелей қатысады, мәселелерді шешуге көмектеседі, жастардың дұрыс жолға түсуіне, олардың қоғамның әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірінде қалыптасуына ықпал етеді.

"Жастардың қоғамдық бірлестіктері көшбасшылық, өзін-өзі басқару дағдылары, жастардың жобаларын іске асыру болып табылады."

Жастар бірлестіктері - бұл өзін-өзі жүзеге асыру, құқықтар мен бостандықтарды еріктілік және өзін-өзі басқару қағидаттары негізінде жүзеге асыру қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында ортақ мүдделер мен әлеуметтік практика негізінде қалыптасатын жастардың әлеуметтік-мәдени бірлігі.
Қоғамдық жастар бірлестіктерінің негізгі функциялары:

- қоғамдық және мемлекеттік органдарда жастардың мүдделерін қорғау және ұсыну;
- қолданыстағы заңнамаға сәйкес олар федералды мемлекеттік органдарға, Ресей федерациясының құрылтай субъектілерінің билік органдарына, жергілікті өзін-өзі басқаруға сайлауға қатысады;
- жас ұрпақтың рухани, физикалық және интеллектуалдық дамуына бағытталған бастамаларды қолдау;
- мақсатты федералды жастар және басқа бағдарламаларды әзірлеуге қатысу, көмек;
- халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты және халықаралық бағдарламаларға қатысуды қолдайды;
- бірлестіктер азаматтар мен мемлекет арасында делдалдық қызмет атқарады

• Әлеуметтену процесінің түсініктері

Әлеуметтену-бұл қоғам мен жеке адамның өмірінде маңызды рөл атқаратын, әлеуметтік өмірдің өзін-өзі көбейтуін қамтамасыз ететін процесс.

Әлеуметтену процесінің басталуына тікелей серпін көбінесе адамның немесе әлеуметтік топтың алдыңғы әлеуметтік іс-әрекетте үйренген мінез-құлық стереотиптері жетістікке жетуді тоқтататындығын және жаңа әлеуметтік жағдайлардың немесе жаңа әлеуметтік ортаның талаптарына сәйкес мінез-құлықты қайта құру өзекті болып табылатындығын білуі болып табылады.

Жалпы алғанда, жеке тұлғаның әлеуметтенуінің төрт кезеңі көбінесе ол үшін жаңа әлеуметтік ортада ерекшеленеді:

1) жеке адам немесе топ олар үшін жаңа әлеуметтік ортада өзін қалай ұстау керектігін түсінетін, бірақ жаңа орта құндылықтар жүйесін тануға және қабылдауға дайын емес және бұрынғы құндылықтар жүйесін ұстануға тырысатын бастапқы кезең;

2) жеке тұлға, топ және жаңа орта құндылықтар жүйесі мен бір-бірінің мінез-құлық үлгілеріне өзара төзімділік танытатын төзімділік кезеңі;

3) орналастыру, яғни жеке тұлғаның, топтың кейбір құндылықтарын жаңа әлеуметтік орта ретінде тану кезінде жеке адамның жаңа орта құндылықтары жүйесінің негізгі элементтерін тануы және қабылдауы;

4) ассимиляция, яғни жеке адамның, топтың және ортаның құндылық жүйелерінің толық сәйкестігі.

• Жастардың әлеуметтік портреті

Жастар - бұл әлеуметтік жетілудің қалыптасу кезеңін, ересектер әлеміне енуді, оған бейімделуді және оның болашақ жаңаруын бастан кешіретін әлеуметтік-демографиялық топ. Бұл топтың шекаралары бұлыңғыр және қозғалмалы, бірақ әдетте жастарға 14-30 жас аралығындағы адамдар жатады. Төменгі жас шегі, атап айтқанда, 14 жастан бастап физикалық жетілу басталып, жұмысқа қол жетімділік ашылатындығымен анықталады.

Жоғарғы шекара - бұл еңбек және әлеуметтік тұрақтылыққа қол жеткізу жасы (экономикалық тәуелсіздік, кәсіби өзін-өзі анықтау), отбасын құру, балалы болу.

Балалық шақтан ересектер әлеміне ауысу кезеңінде жас ұрпақ өміріндегі маңызды кезеңді – отбасылық және отбасылық емес әлеуметтенуді бастан кешуде.

Әрбір жас адам қоғам мен әртүрлі топтар жасаған құндылықтар нормаларын, көзқарастарды, идеялар мен стереотиптерді игеруі керек. Жастармен әлеуметтік жұмыс жасау технологиялары әлеуметтік қызмет көрсетудің технологиялық арсеналының маңызды бөлігі болып табылады, өйткені халықтың осы әлеуметтік-демографиялық санатының проблемалары өте кең және қиын болғандықтан ғана емес, сонымен бірге XXI ғасырда біздің еліміздің тағдырын анықтайтын жастар.

Қазіргі жастар әлеуметтік топ ретінде кейбір ерекшеліктерімен және жалпы ерекшеліктерімен сипатталады. 15-тен 29 жасқа дейінгі жастар ел халқының жалпы санының орта есеппен 22-25%-ын құрайды. Ресей Федерациясындағы туу деңгейінің өзгеруі жастардың "қартаюына", яғни 25-29 жастағы адамдардын үлесінің өсуіне әкелді. Жас отбасылардың репродуктивті деңгейі (балалардың туылуының негізгі бөлігін құрайды) төмен, бұл әдетте, өмірдің қолайсыздығына, болашақтың белгісіздігіне және әртүрлі әлеуметтік қауіптердің болуына байланысты. Тіркелген некеде тұрмайтын әйелдердің саны артып келеді, олардың едәуір бөлігі 20 жасқа дейін, бұл жыныстық өмірдің басталу жасының төмендеу тенденциясын және некеге дейінгі жүктіліктің өсуін көрсетеді. Экономикалық реформа жастардың күнделікті өмірдегі маңызды мәселелерін ушықтырды. Жас жұмысшылар мен қызметкерлердің жалақысы көбінесе экономиканың мемлекеттік секторының жұмысшыларына қарағанда төмен. Отбасылардың құрылуы және балалардың туылуы жастардың материалдық жағдайын одан әрі нашарлатады. Толық емес жас отбасылар мен балалары бар отбасылар ерекше қиын әлеуметтік және материалдық жағдайға тап болды. Жастардың өмір салты мен стилін анықтайтын фактор олардың бос уақытын криминализациялау және коммерцияландыру болып табылады. Жастардың жеке қауіпсіздігі мәселесі барған сайын өзекті болып келеді: әлеуметтанулық зерттеулер көрсеткендей, олардың шамамен 50%-ы құрдастарының немесе ересектердің физикалық зорлық-зомбылығына ұшыраған, ал 40% - ы ата-аналарының шабуылына ұшыраған. Зорлық-зомбылық өмір салты ретінде жастар саласында ұйымдасқан формаларға ие болуда. Қазақстанда барлық қылмыстардың 50% - дан астамын 14-29 жас аралығындағы жастар жасайды.Жасөспірім мен жастар денсаулығының үлкен әлеуметтік маңызы бар, себебі олар қоғамның репродукциялық, парасаттық, экономикалық, әлеуметтік, саясаттық және мәдени резервы болып танылған. Сондықтан да «Жас отан» жастар бағытының съезінде сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев тәуелсіз Қазақстан жастары елдің ең басты дәулеті деп ескеріп қойды.

Бәсекеге қабілеттілік – жастардың жаңа заман жаңалығын меңгере отырып, Қазақстан азаматы ретінде дүниежүзілік аренада бәсекеге қабілетті болып, әлем жастарымен терезесін теңестіруі. Техниканың құлағында ойнап, қазақ тілін меңгеріп, ал әлем тілдерінде еркін сөйлеген азаматтың алар асуы алда. Ол өзін ғана жетілдіріп қоймай, Абай айтпақшы, «атасының ғана емес, адамның баласы болып», адамзат игілігі, ел дамуы үшін еңбек етері сөзсіз.

Білім, кәсібилік –«жастардың және еліміздің басты капиталы».

Біз ата-бабаларымыздың даналығын ұмытып, ең заманауи теледидарларға, музыкалық орталықтарға ұмтыламыз немесе өмір сүру үшін күресіп, кемелсіз әлемде басты нәрсені, ертеңгі күнді, өзімізді ұмытып кеттік.Жас ұрпақ көбінесе сенімді әлеуметтік бағдарларсыз болды. Өмір жолының әлеуметтік тағдырына негізделген әлеуметтенудің дәстүрлі формаларының жойылуы, бір жағынан, жастардың тағдырына жеке жауапкершілігін арттырып, оларды таңдау қажеттілігіне алып келді, екінші

жағынан, олардың көпшілігінің жаңа әлеуметтік қатынастарға қосылуға дайын еместігін анықтады. Өмір жолын таңдау жас жігіттің қабілеттері мен мүдделеріне емес, нақты жағдайларға байланысты анықталды. Қазақстанда жас буын дағдарыстық әлеуметтік-психологиялық жағдайды бастан өткеретіні айқын. Бұрынғы ескірген мінез-құлық стереотиптері, нормативтік және құндылық бағдарлары жойылды. Жаңаларының дамуы хаотикалық, жүйесіз және көшкін тәрізді. Жастар болып жатқан оқиғалардың мағынасын жоғалтады және өзіндік ерекшелігін сақтап, салауатты және тиімді өмір салтын қалыптастыруға мүмкіндік беретін белгілі бір өмірлік дағдыларға ие емес.Сол себептен,әрбір жасөспірімдер өзін жеке тұлға ретінде танып,алдыға ұмтылуы тиіс! Қорытындылай айтқанда, жастардың құндылықты дұрыс бағдарлануы біршама әлеуметтік мәселелердің шешім табуына көмектеседі. Әсіресе, білім, бәсекеге қабілеттілік, кәсібилік, іскерлік, креатив, еңбек, денсаулық сақтау секілді маңызды дүниелерді ұстаным еткен жастар өздерінің өмірін дұрыс ұйымдастырумен қатар, мемлекет дамуына елеулі үлес қосатыны анық. Осылайша, сәтті әлеуметтену үдерісіне қол жеткізген кез келген жас өмірде өз жолын тауып, Абай айтқандай, **«өмірге кірпіш болып қаланады».**

ҰЛТТЫҚ ТІЛ – ҰЛТТЫҚ САНА СӘУЛЕСІ

Г.Д. Рыскелдиева, А.С. Итемирова, Сарсенбеков К.
Л.Б.Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институты
Алматы қ.

Аннотация. В статье речь пойдет о возрождении сознания национального языка

Annotation. The article will focus on the revival of the consciousness of the national language

Еліміз тәуелсіздік алған тұста тамыры тереңде жатқан ұлттық тіліміздің туын қайта көтермеу мемлекетіміздің алдына қойылар үлкен сын болар еді. Тәуелсіздік алған күннен бастап ел тағдырын, ұлт болашағын ойлаған азаматтар мемлекеттік тіл мәселесін көтеріп келеді.

Тілі жоқ халық – дәрменсіз халық. Ондай халықтың тарихта аты да жоғалатынын білеміз. Себебі адамның бойына бүкіл адами қасиет ана сүтімен даритын болса, халықтың ұлттық болмысы, қадір-қасиеті тіл арқылы дамитыны белгілі.

Тіл – ұлттың ұлы жетістігі. Бұл орайда қазақтың тілі ғасырлар сынынан өткен, шыңдалған, халықтық қасиеті қалыптасқан халық тілі.

Жер шарын мекендеген жүздеген ұлттар мен ұлыстарды, барлық халықтарды толғантатын да, ойландыратын да ең негізгі мәселе – туған тілдің тағдыры мен оның қолданылу аясы.

Дүние жүзі жаһандануға бет алған шақта тіл мәселесіне қарайтын болсақ, қазақ тілінің бүгіні мен болашағына алаңдайтындай жағдайлар кездесіп қалатыны анық. Тілінен, дінінен, ділінен айырылған халық жер бетінен жойылып кететіні белгілі.

Қазақ тілінің мамандарын, зиялы қауымды тілге деген құштарлық, патриоттық сезім бейжай қалдыра алмады. Осы тұста жоқтан бар жасап, білімі мен біліктілігін өзге тілділерге үйретем деуге тіл мамандары көп еңбек етті. Осының нәтижесінде елімізде тіл мәселесі көптеген жетістіктерге жетті деп айта аламыз.

Қазақ тілін үйрену – кезек күттірмейтін мәселе. Мен осында тудым, осында тұрып жатырмын және болашағымды да Қазақстанмен байланыстырамын. Мемлекеттік тіл мәселесіне Қазақстанда тұратын кез-келген жан аса байыппен қарауы керек. «Ұлт боламын десең бесігіңді түзе» дейтін М. Әуезовтың сөзі де өміршең. Себебі, білімнің негізгі бастауы – ана тілі – бесіктен басталады.

Қазақстан ұлттық тәуелсіздігінің үш тірегі – саяси, экономикалық, рухани тәуелсіздік десек, соның ішіндегі басты ұлттық құндылығы - қазақ тілі. Қазақстанда қазақ тілі ұлттың негізгі құндылығы ретінде қорғалмай, мемлекетіміздің тәуелсіздігі өзінің мақсатына жетеді деу қиын.

«Қазақ тілін мемлекеттік тілде оқыту керек»,-деген атау біздің санамызда елдікті, тәуелсіздіздікті сіңіреді.Әрбір жеке тұлға-мемлекеттің, елдің бүгіні мен ертеңі.Елдік психология,елдік қасиет, елдікті құрметтеу-мемлекет тілін білумен шектес келетін қасиетті ұғымдар .Мемлекеттік тілді оқыта отырып,жастардың бойына елдік сана сіңіріліп, мемлекеттік рәміз,ұлттық діл, ұлттық болмыс туралы ақпараттар толық беріледі.

Ел тәуелсіздігінің ең маңызды нышаны-мемлекеттік тіл.Мемлекеттік тіл-тәуелсіз ұлттың мәдениеті мен рухани болмысының негізгі тірегі.Тіл-ұлттың өзіндік бейнесін анықтайтын,рухани келбетін көрсететін төлқұжаты сынды.Ұлт тілі арқылы ғана халықтың өзге туыс және туыс емес халықтардан ерекше болмысы,табиғи қалпы көрініс бере алады.

Мемлекетте мемлекеттік тілге деген құрмет оянбайынша, тілге деген қажеттілік тумайынша, мәртебесі мен мерейін асқақтатуға күш салмайынша, қазақ тілін оқытқанмен нәтиже бермесі анық.

Мемлекеттік тілді оқыту тіл және оқытушы, тіл және әдістеме, тіл және талап негізінде жүзеге асуы тиіс. Қазақ тілін оқыту әдістемесі қоғамдық ғылымдар қатарына жататыны белгілі. Тілді меңгертуде сыртқы факторларға баса назар аудару керек. Іскерлік сөз саптау әдебін меңгерту қажет. Содан келіп іскерлік қарым-қатынас жасау мәдениеті қалыптасады.

Тілді үйренушілердің бүгінгі таңдағы сұраныстарын қанағаттандыру мен елтануға қатысты мәліметтер басшылыққа алынып, деңгейлеп оқыту әдісіне негізделгені жөн. Тілді сөйлеу және жазу, оқу, тыңдау дағдысы бойынша меңгерту баса ескерілуі тиіс.

Мемлекеттік тілді меңгертудің мынадай бағыттарын атап өтер едік:

- Тілді оқытуға бөлінетін сағат санын тіл үйренушінің қажеттілігін қамтамасыз ете алатын мөлшерге жеткізіп көбейту;
- Мемлекеттік тілді үздіксіз оқытуды жүзеге асыру;
- Мемлекеттік тілді оқыту курсын ашу және жетілдіру;
- «Кәсіби қазақ тілі» пәнін мемлекеттік стандарттың міндетті пәндері қатарына енгізу;
- Мемлекеттік тілді оқытуды гуманитарлық және жаратылыстану – техникалық бағыттар бойынша жүргізуді қолға алу;
- Деңгейлеп және топқа бөліп оқытуда басшылыққа алынатын сандық нормативті анықтау.

Тілді үйрету барысында кез-келген сабақ грамматикалық, коммуникативтік, фонетикалық минимумдары айқындалған белгілі бір сол тақырыптың мән-мазмұнын ашатын мәтінге негізделеді. Ал мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестерінің семантикасы мен функцианальдық ерекшеліктерін нақтылайтын жұмыс түрлерінің қандайы болсын шығармашылық сипатта өріс алуы тиіс.

Тақырыпты меңгерту аясындағы грамматикалық түсініктемелер, терминдер мен терминдік сөз тіркестерін игеруге, сонымен қатар тұрақты тіркестерді меңгертуге дағдыландыратын жағдаяттық-коммуникативтік тапсырмалардың бәрі жүйеленген тілдік формулалар арқылы іске асырылуы қажет.

Мектептен тілді үйреніп келген оқушыға ары қарай жоғары оқу орындарында тілді үйретудің басты мақсаты белгіленеді. Олар: жазу және тіл мәдениеті, сөйлеу нормаларын жоғары деңгейде сауатты игеру, ғылыми стильді меңгеру дағдыларын өзінің ғылыми зерттеу жұмысына пайдалана білу, тіл үйренушінің мамандығы бойынша жоғары сөйлеу мәдениетін қалыптастыра білу, ресми іс-қағаздарының жазылу үлгілерін меңгерту. Бұл тіл үйренушілердің қазақ тілін мектепте алған білімдерін ары қарай тереңдете меңгерту бағытында өткізіледі.

Тіл үйренушілердің мамандығы бойынша жоғары сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға пәрменді оқулықтар мен оқу құралдарының сапалылығы да қажет. Сапалы оқулықтар мен оқу құралдарының нәтижесінде тілді үйрету жүйелі түрде үйретіледі.

Мамандыққа қатысты тілді меңгерту көпшілік ойлайтындай мәтінді оқып, аудару сияқты бір-екі тапсырмадан тұрмайды. Сол мәтіннің өзін дұрыс таңдай білудің өзі – тіл үйретушіден шеберлікті талап етеді. Мысалы, бір ғана «Инженер» мен «Инженер мамандығының болашағына» қатысты мәтіндерді бастауыш пен жалғастырушы топқа лайықтап, сұрыптап беру керек.

Бастауыш топта кәсіби терминдермен, сөз тіркестерімен оңтайландырып алынған мамандыққа қатысты мәтіндермен жұмыс, кәсіби терминдермен, сөздіктермен жұмыс түрлері жүргізіледі. Әр тақырыпқа сай сөздік және лексикалық минимум, сұрақтар беріледі. Әр сабақтан соң мазмұнына сәйкес әр түрлі тапсырмалар беріп, сұхбаттар құру, қорытындылау мақсатында түрлі жағдаяттық тапсырмалар беруге болады. Ал жалғастырушы топта бастауыш топтың тақырыптарымен сабақтастыра, күрделенген түрде алуға болады.

Жалпы техникаға қатысты мәтіндердің, деректердің қазақ тілінде жоқтығын ескерсек, кәсіби тілді үйретуде оқытушылардың алдында тұрған міндеттер ұшан-теңіз деуге болады.

Тіл-ең алдымен қоғам мүшелерінің өзара пікір алысуына, қарым-қатынас жасауына қажетті құрал. Осыған орай, ол негізінен өзінің коммуникативтік қызметін атқарады. Тіл құрамдық жағынан үнемі жаңарып, толысып отыратын құбылыс. Қазіргі біз қолданып жүрген халық тілі көптеген ғасырлар бойы қалыптасып ұстартылған. Тіл де халықпен, оның өмірімен өзгеріске ұшырайды.

Тіл қоғамдағы маңызды қатынас құралы болғандықтан, ол ең алдымен ойлауымен және санамен қоғамдық өмірде нақтылы бір қызметтер атқару арқылы тиянақты мәнге ие болады. Сондықтан тіл ойды жарыққа шығарып, қажеттілікке жұмсау арқылы оймен тікелей байланысты. Тіл – объективті шындық туралы адамның санасын жүйеге келтіріп, ұйымдастырады. Тіл табиғи шындықты үйренудің, бейнелеудің және абстракт түрде ойлаудың негізгі құралы болып табылады. Ойды білудің ең кіші тілдік единицасы сөйлем, одан кіші-сөз тіркестері, одан кейін сөз тиянақты ойды білдіре алмайды.

Тіл – өмірдің сәулесі, қоғамдық құбылыстардың айнасы сияқты. Қоғамда болып жатқан өзгеріс, жаңалық атаулының бәрі әуелі тілден орын тебеді де, содан кейін халық

мұрасына айналады. Тілді зерттеу арқылы халық, ұлт өмірінің өткелдерін, тарихи кезеңдерін анықтауға болады.

Тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы. Сондықтан онда әрбір халықтың, ұлттың, ұлттық сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының нысаналары сақталады. Халықтың осындай ерекшеліктері, мәдениеті, әдет-ғұрпы, әдеби мұралары, оның психикалық қалпы тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады.

Тіл жүйелікті сүйеді, жүйесіз тіл болмайды. Олай болса, тілден артық ештеңе де болмауы тиіс.

Тілдің жасаушысы – халық. Қазіргі біздің қолданып жүрген халық тілі көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан тіл. Тіл де халықпен, оның өмірімен бірге өзгеріске ұшырайды. Тіл – құралдық жағынан үнемі жаңарып, толысып отыратын құбылыс.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Т.Медетбек. Көк түріктер сарыны. Алматы. Өлке. 2002.
2.«Қазақстан». Ұлттық энцклопедиясы. Алматы. 1998.
3.Тарихи тұлғалар. Алматы. Жазушы. 2000.
4. Қадашева Қ. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері, Алматы, 2019.
5. Интернет. сайт. https://yandex.kz

THE ROLE OF GAMING ACTIVITY IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES

Каскырбаева Светлана Каскырбаевна
учитель английского языка
Шохаева Карлыгаш Нурлановна
PhD докторант КазНПУ имени Абая

Abstract: In this article, we have considered what role it performs the use of games in the process of learning foreign languages. The article describes various types and forms of games used in English lessons, identifies goals, functions, lists factors influencing the conduct of the game and highlights methodological aspects. It is noted that the game is an integral part in the process of learning a foreign language at the initial stage.

Keywords: games, motivation, communication, learning a foreign language.

The use of the game in a foreign language lesson contributes to the creation of psychological readiness of students for speech communication. The game has great learning opportunities. At the same time, the game must meet a number of requirements: to be time-saving and aimed at solving certain educational tasks; to be "manageable", not to knock down the set rhythm of academic work in the classroom; to relieve the tension of the lesson and stimulate the activity of students; must first of all realize the game moment, the learning effect remains in the background; involve all students in gaming activities.

Through the use of various games in foreign language lessons, the child learns a foreign language in a fun and entertaining way, develops memory, attention, intelligence, team spirit, and maintains interest in a foreign language. Using the game in English lessons helps to relieve fatigue and stress, create a friendly environment in the classroom, remove a psychological barrier, and increase motivation to learn the language. In the game, the child's abilities and

character are most fully manifested. Of course, it is worth remembering that each age period is characterized by its own type of leading activity.

The game is a powerful incentive to master the language. The educational game fosters a culture of communication and forms the ability to work in a team and with a team, and its skillful use in the classroom causes students to be ready and willing to play and communicate.

The game, as a form of lesson organization, performs the following tasks:

1) trains students in choosing the right speech cliche;

2) promotes multiple repetition of language units;

3) creates psychological readiness for real speech communication.

The game is feasible for almost every student. It happens that a student who is weak in language training can become the first in the game: ingenuity and resourcefulness are more important here than knowledge in the subject. A sense of equality, an atmosphere of enthusiasm and joy, a sense of the feasibility of tasks - all this makes it possible for the student to overcome shyness that prevents him from freely using words of a foreign language in speech, reduces the fear of mistakes, and has a beneficial effect on learning outcomes.

Games, in turn, are different, perform different functions and have their own directions. M. F. Stronin divides games into the following categories:

- Lexical - games that promote the memorization of new words, their qualitative memorization and use in situations close to real conditions;
- Grammar - games that help the child to better assimilate speech patterns and use them correctly;
- Phonetic - games that contribute to the formation of pronunciation skills and the development of intonation. Over time, phonetic games are conducted at the level of words, sentences, rhymes, tongue twisters, poems, songs;
- Spelling games for mastering the correct spelling of words in English;
- Creative games develop speech skills and abilities. In this case, bright and colored materials are good helpers, cards, toys, figurines, posters, pictures and so on. They train the child has imagination, creates a love for creativity and helps to better master information."

Game activity influences the mechanisms of all cognitive processes such as attention, memory, thinking, imagination. At the same time, it is important for a teacher to refer to textbooks on psychoIogy to take into account age-related changes in these mechanisms.S.G. Beglaryan notes that play creates conditions for the full and deep manifestation of the abilities of a person, a child in particular, which has a positive effect on the general development of students, contributes to their self-realization and pushes them towards the correct choice of a future profession.

When using the game in the educational process, the teacher must clearly understand for what purpose he is using this game, what language material is being worked out in this lesson; clearly formulate game situations that should not be repeated, each of them should carry an element of novelty; explain the rules of the game, talk about what will happen as a result; thereby arouse in students positive emotions, interest, the desire to get involved in the game as soon as possible; constantly replenish the list of games, study the accumulated experience of their use in our country and abroad.

There are many factors that affect the conduct of the game with students, which should be taken into account: the atmosphere, the right time, the rules of the game itself, the required number of participants, age matching, the necessary knowledge base, and so on. Therefore, it is important to highlight the methodological aspects of the games:

- a preparatory stage should be carried out (to make sure that children have the necessary knowledge base (vocabulary and grammar) and skills for this game);
- the game must match the age of the participants and be understandable;

- the teacher himself must, first of all, believe in the effectiveness and usefulness of the game;
- it should be held in a creative and favorable atmosphere; in the game, it is desirable to use visibiIity and, if necessary, gestures and emotions to bring excitement to the process.

In conclusion, it is worth noting that the game is an integral part in the process of learning a foreign language at the initial stage. It helps to present information to students unobtrusively and fascinatingly, to make the educational process more exciting, to deeply interest students in this subject, especially in the first years of study. The presence of a language barrier in students is sometimes a real problem. The game, with its ease and friendly atmosphere, helps to remove them and allows the child not to get upset because of mistakes, gives a greater sense of confidence and freedom. The game allows you to facilitate the learning process for both the teacher and the students, without forming an image in them that English is boring and uninteresting, but, on the contrary, helps to involve, motivate, develop, educate, inspire and open up new opportunities.

References

1. Kazimirova S. N. Game form in teaching a foreign language // Philology and linguistics. 2017. pp. 46-48.
2. Konysheva A.V. The game in teaching a foreign language. Theory and practice M. : TetraSystems, 2015. 288 p.
3. Derkach, A.A., Shherbak, S.F. Pedagogicheskaja jevristika: Iskusstvo ovladenija inostrannym jazykom. – M.: Pedagogika,1991. – 224 s.
4. Konysheva, A.V. Igrovoj metod v obuchenii inostrannomu jazyku. – SPb.: KARO, 2008. – 192 s.
5. Muhiddinova, S.A. Rol’ igry v processe izuchenija anglijskogo jazyka v shkole / S.A. Muhiddinova, D.S. Uralova // Molodoj uchenyj. – 2013. – №7. – S. 397 – 399.
6. Petrichuk, I.I. Eshhe raz ob igre / I.I. Petrichuk // Obrazovanie v sovremennoj shkole. – 2006. – № 10. – S. 38 – 40.
7. Gazman O.S. The role of play in the formation of a student's personality // The Council. pedagogy, 1982.
8. Gez N.I. et al. Methods of teaching foreign langυages. languages in secondary school. M., 1982.
9. Kalaeva G.G. Intensification of French language teaching with the help of educational language games // Foreign languages at school, 1995.
10. Kon I.S. Sociology of personality. M., 1967. Maslyko E.A., Babinskaya P.K., etc. A foreign language teacher's handbook. Minsk, 1999.
11. Negnevitskaya E.I. Foreign language for the yoυngest: yesterday, today, tomorrow // Foreign languages at school, 1987. - No. 6.

ХАЛЫҚТЫҚ АСТРОЛОГИЯЛЫҚ ҰҒЫМЫНДАҒЫ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СЕМАНТИКА (ЗЕЙНОЛЛА СӘНІК ЕҢБЕКТЕРІ БОЙЫНША)

Амантұрдықызы А.
ҚазҰҚПУ филология факультетінің II курс магистранты,
№199 мамандандырылған гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. Алматы қаласы

Аннотация: Бұл мақалада Зейнолла Сәніктің «Қазақ этнографиясы» еңбегі бойынша ай санаудың hижра күнтізбесімен салыстыра отырып, ай аттары бүгінгі күнде тілімізде ежелден келе жатқан халқымыздың тарихы, салты, дүниетанымы, мәдениеті кодталып тілдік бірліктер ретінде сақталғаны жөнінде жан-жақты талдау жасалынды.

Аннотация: В данной статье проведен всесторонний анализ того, что лунные имена сохранились в нашем языке как языковые единицы, кодированные историей, обычаями, мировоззрением, культурой нашего народа по работе Зейноллы Сәнік «Казахская этнография»

Annotation: This article provides a comprehensive analysis of the fact that lunar names have been preserved in our language as linguistic units encoded by the history, customs, worldview, culture of our people according to the work of Zeynolla Sanik "Kazakh ethnography"

Тірек сөздер*:* Қазақ этнографиясы, ай атаулары, күнтізбе, hижра.

Бүгінгі таңда ұлттық танымның көрінісін халық тілінен табу, сипаттау, мағынасына тереңінен үңілу – ұлттық борышымыз. Ежелден бастау алатын терең сан ғасырлық тарихы бар халқымыздың тілі өне бойына тек мәдени-мифтік тілдік бірліктерді жинап қоймай, сондай-ақ түрлі ғылым саласына қатысты өзіндік атаулар мен тілдік бірліктерді қалыптастырғаны белгілі. Соның бірі – астрономия ғылымы.

Аталмыш ғылым саласына байланысты қалыптасқан тілдік бірліктер, космогониялық ұғым түсінік жайында Ш.Уәлиханов, Ә.Диваев, Г.Н.Потанин сынды ғалымдардың еңбектерінен кездестіреміз. Астрономиялық атаулардың қалыптасуын қазақ халқының танымымен байланыстырған Х.Әбішев, Ә.Машанов, М.Исқақов т.б. зерттеулерлерінен байқауға болады. Берілген зерттеулерде ата-бабаларымыздың аспан денелеріне ат беріп, айдар тағуда асқан байқампаздықпен көшпенді халықтың танымына сай келетін ұғымдарға жүгінгендігіне ерекше тоқталған. Сонымен қатар қазақ халқы, аспан денелерінің сырын ұғынуға талпыныста тек атаумен шектелмей, әрбір атаудың ұрпақтан-ұрпаққа ұмытылмай жетуіне де баса назар аударған. Ол халық даналығымен қатталған аңыз-әңгімелер, ертегі-жұмбақтар, мақал-мәтелдер. Атап айтқанда, *Жыл деген ат басын бұрғанша, Ай деген аунап тұрғанша; Үркер үйден көрінсе, Үш ай тоқсан қысың бар. Үркер іңірде жанбасқа келсе, Жаз шықпаған несі бар?!; Жаңа айдан жақсылық; Жеті қарақшыны таныған адам, Жеті қараңғы түнде адаспайды; Тамам кедей жиылып құдай берген байдай жоқ, Тамам жұлдыз бірігіп бірден туған айдай жоқ; Үркерлі айдың бәрі қыс; Жаяудың жұлдызы болмас, Қалың құлан жаусыз болмас.* [1] *т.б.*

Бұл деректер қазіргі таңда тіл білімінде халықтың танымын мәдениетімен, салт-дәстүрімен, тілдік табиғатымен бірлікте зерттеудің қарқынды дамып келе жатқандығын білдіреді.

Тіл білімінде аталмыш зерттеулер этнолингвистика және когнитивтік лингвистика ғылымдарымен тығыз байланысты. Астрономия саласына қатысты тілдік бірліктердің семантикасына үңіліп, шығу тегіне қатысты зерттеулерге тоқталмас бұрын, халық тілінің байлығын, сөздік қорында жиналған тілдік деректерді ұмыттырмай, көркем әдеби шығармаларда кеңінен қолданып, ұлттық әдебиетімізді дамытып, халық санасында жаңғыртып жүрген жазушылардың рөлін атап өткеніміз орынды. Соның ішінде біздің тоқталатынымыз – қаламгер, этнограф-ғалым Зейнолла Сәнік зерттеулері.

Зейнолла Мүбәрақұлы Сәнік 1935 жылы Қытайдың Тарбағатай аймағында дүниеге келген. Пекин қаласындағы орталық жастар институтын бітіріп, еңбек жолын баспагерліктен бастаған. Үрімжідегі жастар баспасында жауапты редактор болып қырық жылдай қызмет атқарған. 1955 жылдан бастап әдеби зерттеу жұмыстарын жаза бастаған. Сол уақытта Қытайда жүргізілген «мәдени төңкерістің» ауыр соққысына ұшырап, «халық жауы» болып, ауыр күндерді де өткерген. Соған қарамастан, қаламгердің ғылыми еңбектерінен, роман, повестерінен құралған жиырмадан астам кітабы жарық көрген. Қазақстанда «Қаракерей Қабанбай», «Хас батыр Қабанбай», «Тұғырыл хан», «Демежан батыр», «Халық күйшісі Қайрақбай», «Баспай» атты кітаптары мен еңбектері жарияланған [2].

Зейнолла Мүбәрақұлының қаламгерлік шеберлігінен бір бөлек, қалың оқырманға этнограф-ғалым қырын танытқан еңбектерінің бірі – Қазақ этнографиясы (2012). Аталмыш үш томдық («Этнография дегеніміз не?», «Заттық этнография туралы түсінік», «Рухани этнография») еңбектің мазмұнында қазақ халқының мәдениеті, салт-дәстүрі, тұрмыс-салты кеңінен сипатталып, жазылған.

Заттық этнографияның көлеміне – ұлт, сол ұлттың әр алуан тіршілік кәсіптері, егін-мал шаруашылығы, өнеркәсібі, тұрғын үйлері, қол өнері, сауда киім-кешек, азық-түлік, әртүрлі өндіріс құрал-жабдықтары, ауылдық, отбасылық жүйелері, еңбек, жер байлығы, т.б. кіреді дейтін болсақ, осы аталғандардың барлығы «қазақ этнографиясы» еңбегінде жекелеген арнайы тарауларда көрсетілген. Мысалы, шаруашылық мәселесі негізінен мал шаруащылығы, егін шаруашылығы аясында қарастырылса, аңшылық, балықшылық, орманшылық,бау-бақша, тау-кен, сауда-саттық тәрізді мәселелер жекелеген кәсіп незінде олардың түп төркінінен бермен қарай таратыла сөз болған. Біздің эрамызға дейінгі дәуірдегі әрбір кәсіптің шығу төркіне қарап отырып, қазақ халқын өркениетті елдердің қатарынан сан мыңдаған жылдар бұрын орын алғанын байқауға негіз бар [2].

Зерттеуші ф.ғ.д. Г.Орда «...бұл еңбектің негізгі жетістігі – қарапайым, түсінікті тілмен жазылғандығы, авторлардың зерттеушілердің пікірлеріне сүйенумен бірге өздерінің ұлттық әдебиет пен мәдениетті жақсы білетіндігі, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер туралы толыққанды түсінік беруі. Қазақ елі өзінің ұлттық құндылықтарын сақтау арқылы ғана Мәңгілік ел болатындығын еске алатын болсақ, қазақ этнографиясын өскелең ұрпақтың санасына құю керектігі байқалады. Осы тұрғыдан алғанда қолымыздағы еңбектің жаһандану дәуірінде өмір сүріп жатқан қазақ халқының ұлттығын сақтауы үшін ауадай зәрулігін байқау қиын емес. Ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің бастау бұлағы болып табылатын еңбекті біз де мемлекеттік бағдарламаға енгізіп, жоғары оқу орындарында оқитын жастардың санасына сіңіруіміз қажет екендігін баса айтқымыз келеді» деп еңбекті лайықты бағалаған [3]. Демек, еңбекті жазудағы басты мақсат қазақ халқының

ұлттығын, салт-дәстүрі мен тарихын сақтап, өскелең ұрпаққа жеткізу екендігі айқын аңғарылады.

Қазақ этнографиясының үшінші бөлімі «Ұлттық рухани этнографияға» арналған. Берілген бөлім сегіз тараудан құралған. Бөлімнің бірінші тарауында қазақтың рулық, туыстық, отбасылық жүйесі және қазақтың есім қою дәстүрі сөз болған, екінші тарауында қазақтың ежелден келе жатқан ырым-тыйымдары, наным-сенімдері, қазақ бақсылары мен қазақ әдебиетіндегі бақсылық сарынның ықпалы, халқымыздың исламға сенуіне, ислам мәдениетінің қазақ өміріне ықпалы, сонымен қатар тараудың соңында киелі сандар және түс туралы ұғымдарына түсінік берілген. «Қазақтың халықтық ғылымы» атты үшінші тарауында халқымыздың ұлттық философияның негізі және халық астрономиясына байланысты ұғым-түсініктер күн санау, ай санау, жыл санау және жыл қайыру әдістеріне жан-жақты шолу жасаумен бірге, қазақтың этномедицинасы туралы ақпараттар берілген.

Осы ақпараттарға сүйене келе ай санаудың өзге халықтармен салыстыра отырып, ұқсастықтары мен айырмашылығын анықтап көрсек...

Ежелден қазақ халқымыз бір жылды он екі айға бөліп, оны «ай санау» деп атап кеткен және де сол он екі айды төрт маусымға бөліп, әр маусымға үш айдан енгізіп, әр айды бір атпен атаған.

Мәселен, шығыс елдерінде ай да, жыл да Наурыз айынан басталады. Ежелгі астрономиялық есептерге сүйенетін болсақ әр айға сәйкес келетін жұлдаз аттары бар және ол «жұлдыз ай» деп аталады. Әр айда болатын табиғи құбылыстарға байланысты өзгерістерді халық «ай амалдары» деп атаған. Ауа райының алуан түрлі құбылуына байланысты «тоғыс айлары» деген айлар тобын халық дүниеге алып келген.

Ай туралы анықтамалар:

Реті	**Көне (Өтебойдақша)**	**Жаңаша**	**Ханзуша**
1	Ерге	Наурыз	3-ай
2	Көктеу	Көкек	4-ай
3	Мезгеу	Мамыр	5-ай
4	Көзгеу	Маусым	6-ай
5	Шілдеу	Шілде	7-ай
6	Тамызық	Тамыз	8-ай
7	Дәндеу	Мизам (қыркүйек)	9-ай
8	Соқтау	Қазан	10-ай
9	Күйек	Қараша	11-ай
10	Қауыс	Желтоқсан	12-ай
11	Ығыс	Қаңтар	1-ай
12	Қаңтар	Ақпан	2-ай

Зейнолла Сәнік наурыз айына: көктемнің бірінші айы, жылдың басы. Парсының «нау» - жаңа, «руз» - күн деген, яғни «жаңа күн» деген сөзінен шыққан. Наурыз аты бір-ақ күнді білдірсе де, толық ай атын иеленген. Наурыздың бірінші күні күн мен түн теңеледі, жаңа жыл келеді. Халықымыз үшін бұл күннің орын ерекше. Жыл басы, көктем басы саналғандықтан халқымыз «Ұлыстың ұлы күні» деп атаған. Бұл күнге халық үлкен құрметпен қарайды. Мерекелі күндер біріне-бірі ұласады, «Наурыз-думан», «наурыз көже» дәстүрі осы айда жасалады. Күн ұзарып, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағына халық өзінің тәтті-дәмдісін сақтайды. Үлкендер осы дәмді татады, мұны «ұзын сары» деп атайды. Мал төлдейді. Қар еріп, өкпек жел тұрады. Ауа райы құбылып, жұрт қарбалас күйге түседі. Мұны «көктемгі аласапыран» деп атайды. Наурыздың соңғы күндері кейде қар, кейде жаңбыр жауады. Халық мұны «құс қанаты» деп атаған. Мұнысы құстарының келе жатқандығынан дерек берсе керек. Көктемнің басында қасқырлар жұптасып, ұйығады. Осы кезде борасын болады. Бұл амалды халық «бөрі сырғақ» дейді. Осы айдағы туылған жарлар – Наурыз- жылы, Наурыз-бата, Наурыз-жұмбақ. Ұлы астроном, жұлдызшы Ұлықбек, Қасымұлы Наурызбай батыр, Әлихан Бөкейханов, т.б. ірі тұлғалар осы айда туған» деп өз сөзін қалдырған.

Ал ай атауларын ай hижрасымен, ислам күнтізбесімен салыстыратын болсақ, ислам күнтізбесінде алғашқы ай «Мұхарам» (қазақша атауы – қаңтар айы) деп аталады екен. Бұл ай Алланың қасиетті деп санаған 4 айының бірі. Беретін мағынасы – болмады, харам, арам деген мағынаны білдіреді.

Зейнолла зерттеуі бойынша екінші ай – Көкек айы. Бұл ай көкектің алғаш шақыра бастаған айы. Сол себепті осылай атаған. Бұл айда қар еріп, су тасиды, күн жылынады. Мал жаппай төлдеп, ағаштар бүр жарып, құстар жұмыртқалап дала әсемдене бастайды. Осы айға байланысты «*Наурыз келмей жас болмас, сәуір болмай мәз болмас*» деген халқымыздың дана сөзі есімізге түседі. Кейбір аймақтарда «көкек» айын «сәуір айы» деседі [4].

Ал мұсылман күнтізбесінде екінші ай – Сафар айы. «Суфрун» сөзінен шыққан. Ал қазақша «ақпан» айы – «сары, сарғаю» деген мағынаны береді. Сафар айы туғанда жер сарғайып, күз мезгілі жақындағандықтан бұл айға осы атты қойған. «Сафар» айында басында 3 күн, ортасында 3 күн, соңында 3 күн ораза ұстауға рұқсат етілген [5].

Келесіде «Қыркүйек» айын этнограф-ғалым күздің алғашқы айы (сегізінші ай) мал шаруашылығына орай шыққан атау деп тұжырым жасайды. Төрт түлік малдың төлдеу уақытын көктем айына дәл келтіру үшін қазақтар күйек байланған қошақар мен текенің күйегін осы айда алатын болған. Қыркүйекте егін шаруышылығы аяқталып, халық қыс қамына кіріседі. Күн салқындап, жерге шық түседі. Бұл айда шуақты күндер көп болады. Ұзыннан ұзын мизамдар жүреді. Халық оны «мизам шуақ» деп атайды. Бұл айда Мұхаммед пайғамбар (570.09.12), Мұхтар Әуезов , Кенесары хан сайланған.

Ал hижра бойынша сегізінші ай – шағбан айы деп аталады. Пайғамбарымыздың «*Шағбан – менің айым, Ережеп – Алланың айы, Рамазан – үмбетімнің айы*» деген хадисі бар. Шағбан айының 15-де қасиетті Бәраат түні туады.

Қорыта келгенде, Ай – күнтізбелік көрсеткіш ретінде қолданылған. Жер бетіндегі көптеген халықтардың наным-сенімдері бойынша жаңадан туған Ай жақсылық нышаны ретінде қабылданған. Жаңа Айдың тууы жаңа айдың басталуы, тіршілікке әсер ететін, амандық пен саулыққа жол ашатын кезең ретінде танылған. Тілімізде ежелден келе жатқан халқымыздың тарихы, салты, дүниетанымы, мәдениеті барлығы кодталып тілдік бірліктер ретінде сақталған. Алайда уақыт өте

келе заман өзгерісіне қарай көптеген сөздеріміздің қолданысы төмендеп, мағыналары көмескіленіп, ұмытылуы мүмкін. Осы тұста халқымыздың сөздік қорының байлығын қайта таразылап, әсерлі етіп, көркем әдебиетте жаңғыртып қолданатын ол – қаламгерлер. Зейнолла Мүбәрақұлының бір ғана «Қазақ этнографиясы» еңбегінде сөз болған ай атауларын мұсылман күнтізбесімен салыстыра талдай отырып, қазақ халқының танымы мен түсінігі жайында көптеген тілдік бірліктерді талдадық. Сонымен қатар берілген сөздердің ұлттық мәдениетпен, салт-дәстүрмен байланысын сараладық. Халықтық астрономиялық танымның лингвистикалық семантикасы әрдайым тілші ғалымдардың өзекті зерттеу тақырыбы болып келешекте жалғасын таппақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. М.Шәріпханұлы Қазақтың мақал-мәтелдері. Үш томдық. – Астана: «Мастер По» ЖШС, 2011. – 625 бет.
2. https://adebiportal.kz
3. Н.М. Рахым Зейнолла Сәніктің «қазақ этнографиясы» еңбегі хақында http://repository.enu.kz
4. З.Сәнік «Қазақ этнографиясы», 8 том
5. https://sputnik.kz/society/20180801/6669477/musulman-kuntizbe-hizhra.html
6. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі – Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005. – 440 бет.

«ӨТКЕНІМІЗ БЕН БҮГІНІМІЗ — ЕЛ ЕРТЕҢІНІҢ БАСТАУЫ»

Хасенова Зарина
АУЭС

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек. Елдің дұрыс таңдап алынған бағыты арқасында біз көптеген биіктерге - бүкпесіз ашық саясат жүргізуге, Қазақстанға ғана тән экономикалық даму жолына, игілікті әлеуметтік реформаларға - біздің мемлекетімізді айнытпай тануға игі ықпалын тигізіп отырған табыстарға қол жеткіздік. Бірақ басқа бір қабат - нәзік және сонымен бірге қыртысы қалың - рухани қабат бар, Қазақстан - тамыры терең жайылған ұлы тарихы бар ел екенін көрсете және дәлелдей отырып, дүниежүзілік аренада біз елімізді осы қабат арқылы паш етеміз» деп атап көрсеткен болатын. Кеше ғана Ресейдің отары болып, қиыншылық өткерген еліміз бүгінгі таңда дамудың жоғарғы сатысындағы, беделді елге айналды. Еліміздің жетістігі үшін әрбір қазақ азаматы қуанады, бағындырған шыңдарын мақтан тұтады. Лайым солай болмақ! Ұсынылып отырған ғылыми жұмыстың басты мақсаты - Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, жастардың өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру. Міндеттері: ел тарихын білудің маңыздылығын түсіндіру, ел сенімін ақтау үшін ерен еңбек еткен тұлғалардың еңбектерін бағалау және әр жастың Қазақстанның болашақ дамуына өзіндік үлес қосатын жеке тұлға екендігін ұғындыру. Күтілетін нәтиже- ғылыми жұмыс оқырманын отансүйгіштікке, адамгершілікке тәрбелейді, Отанның тарихын білуге насихаттау арқылы ұлттық сана сезімін, саяси сауаттылығын оятады.

Қазақ халқының егемен ел болуда басынан өткізген қиын-қыстау күндерін тізбелей берсек, қойын құрттап, айранын ұрттап жүрген момын халқым сан түрлі қайғылы оқиғалардың куәсі болған екен...

Қазақ жерінің, қазақ елінің ең сұрапыл қасіреті — Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама оқиғасы. Мың жеті жүз жиырма үшінші жылдың көктемінде қазақ елінің қас жауы жоңғарлардың жеті түмен әскерімен басып кірген еді.

Кеңестік билік тұсында Қазақстанда екі рет адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған ұлы ашаршылық зұлматы, аштық қырғыны орын алды. Әрине, ең қасіретті нәубет өткен ғасырдың 30-шы жылдары болды. Тарихта «Ұлы жұт» деген атпен белгілі ашаршылық жылдары қазақ халқы жер бетінен жойылып кетудің аз-ақ алдында қалды. Сонымен бірге 1919-1922 жылдары орын алған ашаршылықты да естен шығармау қажет.

Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылығы – азаттыққа ұмтылған қазақ халқының тарихындағы елеулі оқиға. Әлі күнге дейін бұл оқиғаның құпиялары толығымен ашылған жоқ. Желтоқсан оқиғасы кезінде оған қатысқандарды саяси тұрғыдан ашық қуғынға түсірді. 99 адам сотталды, 264 студент оқудан шығарылды.

1991 жылғы 16—желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Тәуелсіздік — тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы.

1993 жылы 15—қарашада Ұлттық валюта—теңге айналымға шықты. Осы күнде теңгеміз тұрақты, сенімді қаржы бірлігі болды. Жаңа Тәуелсіз Қазақстан Республикасы халықтың жаңа тиімді тұрмысын қалыптастыру жолындағы күрделі экономикалық реформаларды өте сәтті жүзеге асыра алды. Мұндай орасан зор өзгеріс оңайшылықпен келген жоқ еді.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Отанымызға 30 жыл билік еткен тұлға. Оның 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауында: «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін біз не істеуіміз керек? Біріншіден, барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр.» деген болатын. [9] Тек қана білім емес, «Рухани жаңғыру», «Мәдени мұра» бағдарламалары халқымыздың рухын өркендетуге, салт-дәстүрлердің сақталып келуіне зор үлес қосуда. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүздеген жастар өздерінің мүмкіндіктерін көрсетуге, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға, мәдениетіміздің мол мұрасын мақтанышпен насихаттауға мүмкіндік алып жатыр. Мен де осы бағдарламалар арқасында жеткен өз туған өлкемнің ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерін мақтанышпен баяндағым келеді.

Біріншіден, біздің қаламызда Лисаков қаласы білім бөлімінің МОӨК-да IT-технология кабинеті ашылғаны баршаңызға мәлім. Бұның себебі: «Рухани жаңғыру» аясында өңірлердің білім беру ұйымдарына 24 цифрлық технологиялар кабинеттері қойылған болатын. Бұл кабинеттер қазіргі заманғы интерактивті құрал-жабдықтарды, робототехника мен 3D-модельдеуге арналған жиынтықтарды қамтиды. Меценаттар есебінен облыстың әрбір өңірінің қосымша білім беру ұйымдарында қосымша 28 IT-сынып ашылды, олар 12162 оқушыны немесе 8 жастан 15 жасқа дейінгі жалпы санның 75% - ын қамтыған еді. Біздің қаламызда ашылған кабинет 12 жұмыс орнынан тұрады, интербелсенді құралдармен, робототехника жиынтығымен, 3D принтер және 3D сканермен, сондай-ақ арнайы жиһазбен жабдықталған. Тұңғыш Елбасымыз өз жолдауында айтып кеткендей, осындай IT-технология кабинеттерінің жас ұрпақты ғылыми – ізденіс және өндірістік-технологиялық ортаға бейімдеуде маңызы зор. IT-технология кабинетінің ашылу салтанатында қаламыздың әкімі А.Е.Исмагулов, білім бөлімі басшысы Е.А.Бурдыка және мектеп директорлары, қалалық мәслихат депутаттары

мен қаламыздың құрметті азаматтары қонақ болды. Бұл кабинет болашақ ғалымдардың өз мүмкіндіктерін көрсетуіне жол ашатын алғашқы баспалдақ болмақ, себебі IT-технологиямен жұмыс жасау –болашақтың еншісіне тиесілі.

Екіншіден, елбасының «Нұрлы жол» Жолдауы – бұл тек экономикалық саясат қана емес, әлеуметтік салаға жасалған қолдау деп білемін. «Білім, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламаларының жұмысы жалғасын табады» деп Н.Ә.Назарбаев бір сөзінде атап өткен болатын. Елбасымыз жылдар бойы өзінің әрбір Жолдауы мен халық алдында жасаған баяндамаларында балабақшалардың дамуын басты назарда ұстап келеді. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2004 жылғы 19 наурыздағы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!» Жолдауында «балабақшалар жүйесін қалпына келтіру және толыққанды мектепке дейінгі білімді қалыптастыруға кірісуді» тапсырған болатын. Заманға лайық тәрбие мен білім беру жүйесін кешенді ұйымдастыру жаңа технологияларды, тың идеялар мен шығармашылық, инновациялық жаңашылдықты қажет етеді. Балабақшадағы балаларды мектепке даярлау мемлекеттің алдына қойылған басты міндеттердің бірі. Сондықтан жас ұрпаққа білім беруді үздіксіз жетілдіру күн сайын өзгеріп отырған әлеммен бірге жүрері анық. 2020 жылға қарай Қазақстандағы 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен 100 пайыз қамту жоспарланып, қазіргі таңда жүзеге асырылып отыр, оның дәлелі ретінде соңғы жылдарда қаламызда үш балабақшаның іргетасы қаланғанын айтып өткім келеді: «Балақай», «Нұрлы жол», «Болашақ»

Тұңғыш Елбасы жолдауын іске асыруда қаламыздың мәдени орталықтарында да біршама жұмыстар атқарылып жатқанына өз басым талай рет куә болдым. Осындай ауқымды іс-шараның бірі деп «Тобыл толқындары-2018» ұлттық би байқауын айта аламын. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясыгда және Елордамыз Астана қаласының 20 жылдығына орай ұйымдастырылған бұл шараға облысымыздың барлық өңірінің қатысушыларын бір арнаға тоғыстырды.

Қаламыздың кеңге қанат жайып өркендеуінің бір нышаны ретінде қала тұрғындары мен демеушілердің қаржысына салынған жаңа мешітті айта аламын. Бұл мешіт құрылысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру барысындағы қаламыздың ең маңызды жобаларының бірі болып саналады.

Елбасымыз атап өткендей биылғы жыл «Жастар жылы» болғандықтан қала жастарын қолдау жұмыстарын қаламыздағы алты жастар ұйымының ұйымдастырып жатқан іс-шараларынан байқауға болады. Жастар ұйымының жұмысы аға буын, қарттар, көпбалалы отбасылар мен арнайы білімді қажет ететін балаларға көмек көрсетуге, еріктілер ретінде қолдауға бағытталған. Мен өзім де осы ұйымдардың біріне мүше болғандықтан, маған бұл жұмыс таныс және қызық.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жұмысының қаламызда дұрыс жолға қойылғандығының бір айғағы - «Лисаков қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» ММ, «Жастар ресурстық орталығы» КММ ұйымдастырған Лисаков қаласында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Бірге біз мықтымыз!» қайырымдылық кешінің өткізілуі деп ойлаймын. Жас белсенділермен осы санаттағы қатысушыларға мерекелік бағдарлама бойынша өткізілген кеш балаларды және олардың ата-аналарын қолдауға бағытталып болатын.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруда қаламыздың мәдени орталықтарының бірі – Жоғары Тобыл мұражайының да біраз жұмыстар жүргізіп жатқанын тілге тиек еткім келеді. Мысалы «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы мен Жастар жылы аясында мұражай қабырғасында «Менің үйімдегі мұражай» ациясы ұйымдастырылды. Бұл акцияның мақсаты – жаңұя тарихына, жаңұя тарихы арқылы туған өлке тарихына жастардың қызығушылықтарын ояту, атадан балаға мирас болып

келген көне жәдігерлерге қамқорлық танытып, бағалауға тәрбиелеу, зертеу жұмысына деген қызығушылықтарын туғызу болатын. Өзім мұражайдағы көрмеге барғанымда көне тарихтың тағы бір рет куәсі болып қайттым. [12]

Сондай-ақ, мұражай қабырғасында қызықты әрі танымды да тартымды өткізілген іс-шаралар қатарына қазақтың зиялы қауымын бастаған, қайтаркер, ақын Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойына арналған «Ахмет - қазақ ұлтының рухани көшбасшысы» байқауы, «Қазақтың аяулысы перизаты, Өшпейді ешқашанда Фариза аты!» атты Фариза Оңғарсынованың туғанына 80 жыл толуына орай өткізілген еске алу кештерін жатқыза аламын.

Қорытындылай келе, ұсынып отырған еңбегім арқылы мен Қазақстанның, кең далада дүниеге келген ұлы мемлекеттің, сондай-ақ өз туған қаламның өркендеуімен жеткен жетістіктерін атап көрсеттім. Тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы қажымас қайратының, қайтпас қайсарлығының, таусылмас табандылығының, ерен еңбегінің, төккен терінің, еңсесі биік елінің, тілеуін тілеген халқының қолдауының арқасында 30 жыл ішінде әлемдік картаның нақ ортасынан ойып орын алған Қазақстан Республикасының дамыған елдер қатарына енуіне сүбелі үлес қосты. Осы игі істі ары қарай жалғастыру біздің еншімізге тиіп отыр. Болашақта мен сияқты ел жастары жаңа техникалық салаларда жаңалықтар ашып, экономиканы дамытуда, еліміздің әл-ауқатын көтеруде зор еңбектер атқарады, халықтың тұрмыстық жағдайын жақсартады деген сенімдемін. Болашақта Отанымыздың жастары биік шыңдардан көрініп, туған елімізді бүкіл әлемге танымал етеді деген пікірдемін. Осы жұмысымды жазу барасында өзімнің қазіргі жастар арасында рухани сана- сезімін ояту, ел тарихына деген қызығушылықты таныту, мұқтаж адамдарға көмектесу сияқты істерге құмар екенімді байқадым. Сондықтан өз болашағымды саясатпен байланыстырып, бар білімімді, күш жігерім мен ынтамды осындай саяси игі істерге арнағым келеді. Жастарға айтарым, алдымызда өнегелі ісімен ұлгі тұтар аға буыннның салып кеткен сара жолын жалғастырсақ, өз біліміміздi, қабіеттерімізді осы жолда сауатты жұмсай білсек, осы еліміз жеткен жетістіктерді еке есе көбейтсек еңбегіміздің жанары сөзсіз. Бәрі де өз қолымызда!!!

«ЕЛІМІЗДІҢ ЕРКІНДІГІ - ТӘУЕЛСІЗДІК»

Ултаракова Заурекул Раушановна

Қазақстан инженерлік технологиялық университеті

z.ultarakova@kazetu.kz

«…Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты оқиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгірді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін.»

(Н.Ә. Назарбаев)

Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл, Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толды. Халқымызға ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздік, егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін бұл күн - біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке. Азаттық аңсаған елдің түпкі мақсатының орындалып, бүгінгі Қазақстан Республикасы өз мемлекеттігін бұдан 35 жыл бұрын жариялаған болатын.

Тәуелсіздік жарияланғаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Бұл президентіміздің жүргізіп отырған парасатты, көреген саясатының нәтижесі болмақ. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігінің, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығының арқасында болып отыр. Сондықтан бұл күн мемлекетіміз үшін - біртұтас елдіктің, ынтымақтастық пен татулықтың, сонымен қатар өткенге деген тағзымды салауатпен болашаққа деген сенімді үміттің мерекесі болып табылады.

Қазіргі қоғамда, әсіресе жастар арасында еліміздің тәуелсіздігіне салғырт, немқұрайлы қарау етек алып бара жатқанын жоққа шығара алмаймыз. Бұл құбылыстың негізгі себептерінің ең бастысы - «Қазақстанға тәуелсіздік XX ғасырдың аяғына таман КСРО-ның ыдырауы барысында оның құрамындағы республикалар егемендігін алып жатқан тұста, 1991 жылдың желтоқсан айының он алтыншы жұлдызында ешқандай қантөгіссіз, өзінен-өзі келе қалды» деген солақай түсініктің қалыптасуы болмақ.

Мен бұл мақалада тәуелсіздіктің ешқандай оңайлықпен келмегенін, оны арман еткен бабаларымыз бен аналарымыз, ағаларымыз бен апаларымыз ғасырлар бойы күресіп өткенін, сондықтан бүгінгі біз өмір сүріп отырған тәуелсіз, бейбіт елдің іргесі атажұртты аман сақтап қалу үшін төгілген есепсіз қан мен көз жасына суарылғанын ешқашан ұмытпай, ел тәуелсіздігін сақтауға әрқайсысымыз зор жауапкершілікпен қарап, бұл бақытты келесі ұрпаққа табыстау – біздің парымыз, ұлы міндетіміз екенін айтқым келді.

Қазақ халқы түрлі тарихи оқиғалардың нәтижесінде әртүрлі елдердің құрамында қалған қазақ рулары бір ел, бір мемлекет болуды көздеп, бас біріктіріп, Керей мен Жәнібектің соңына еріп, Қазақ хандығын құрғаны – он бесінші ғасырдың орта тұсы. Демек, оның арғы жағындағы қанша заманды айтпағанның өзінде, бабаларымыз XV ғасырдан бері тәуелсіз ел болуды армандап келеді. Оған бір сәт қол жеткізгендей болғанымен, ол кезеңдегі қазақ дәл бүгінгідей бейбіт, мамыражай өмір сүрмегені тарихтан белгілі. Жаңа құрылған жас мемлекеттің жері мен байлығына көз алартпаған көршілеріміз кемде-кем болмақ.

Мемлекет басшысының Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деп аталатын мақалада егемендігіміз бен елдігіміздің тірегі болатын басты бағыттарға тоқталып, іргеміздің берік болуы үшін қажет шараларды да айқындап берді. Президент мақаласының алғашқы бөлімі «Бағдар мен белес» деп аталып, онда осы күнге дейін еліміздегі атқарылған істерге тоқталады.

Мақаланың төртінші бөлімі «Ұлағат пен ұстаным» деп аталады. Бөлімде азаматтық қоғамды дамыту мен саяси реформаларды жалғастыруды ұсынады, тәуелсіздіктің құрдастары орда бұзар отыз жасқа келіп отырғанына тоқтала келіп талантты, талапты буынға, болашақ ұрпаққа сенім арта отырып «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген ұғымды басты ұран етуге үндейді. Білім мен біліктің дәуірі - XXI ғасырда қазақ халқы да технологиядан қалыспай, әр адам өзін жетілдіріп, жаңа кәсіпті игеріп, ел дамуының басты қозғаушы күші болуы тиіс. Ал ондай азаматтарға қамқор болу - мемлекеттің міндеті екенін баса айтады.

Біздің халқымыздың атамекенді ардақтау сезімі өте терең, олар үшін туған жерді қасиет тұту – қанға сіңген мінез ежелгі дәстүр. Бұл таным біздің жанымызға ана сүтімен дарыған. Батырлар жырындағы:

Атам күйеу болған жер,
Анам келін болған жер,

Кіндік қаным тамған жер, -деген қарапайым жолдарда адамның туған жерге деген шексіз сүйіспеншілігі мен терең де ыстық сезімі тамаша бейнеленген.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл, Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толуына орай, жастар арасында желтоқсан қаһармандары Л.Асанова, С.

Мұхаммеджанова және К. Молданазарованың құрметіне өткен «Қыршын кеткен қызғалдарқтар» атты аудандық шығармашылық байқауы өткізілді. Байқаудың мақсаты, желтоқсан құрбандарының есімін жас ұрпақ санасынан өшірмеу, желтоқсанның қадір-қасиетін өнер арқылы насихаттау, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлеріне қызығушылықтарын арттыру және насихаттау. Байқауға Алатау ауданы, № 149 ЖББ мектептің Өзін-өзі басқару ұйымы мен Адал ұрпақ клубының оқушылары қатыстып, көрініс және мәнерлеп оқу бағыты бойынша жүлделі I орынды, дәстүрлі ән және домбырамен күй тарту бағыты бойынша жүлделі III орынды иеленіп, қалалық байқауға жолдама алды. Оқушылар қалалық байқауда өз өнерлерін көрсетіп, Халықаралық «Жанашыр» қорының президенті Ж. Әпетованың ынталандыру сыйлығына ие болды.

Қорыта келе, қазақ халқы сан ұрпаққа арман болған тәуелсіздікке ғасырлар бойғы бабаларымыздың қанымен, аналарымыздың көз жасымен, халқымыздың елге, жерге деген сүйіспеншілігінің арқасында қол жеткізді. Сондықтан, өскелең ұрпақ тәуелсіздігіміздің бағасын біліп, қадір тұтып, оны қырағылықпен, үлкен жауапкершілікпен қорғап, мәңгілік елге айналу жолында аянбай еңбек етсе дейміз. Ендеше, «Кең- байтақ ұлы Отанымыздың тәуелсіздігі құтты болсын, көк аспанымызбен астасқан көк туымыз әрдайым биіктен желбірей берсін!»- демекпін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы // «Egemen Qazaqstan» газеті // қаңтар 2021
2. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Егемендіктің қадір-қасиеті- жердің тұтастырғы мен елдің тыныштығында // Егемен Қазақстан газеті Алматы, мамыр 2021.
3. Р.И. Дүйсенбаева «Тәуелсіздік бәрінен қымбат»: болашаққа міндеттер айқындалды// Вестник КазНУ. 14 қаңтар 2021ж.
4. А. Е. Саденова «Тәуелсіздік бәрінен қымбат»: танымдық тағылым. Вестник КазНУ. 07 қаңтар 2021ж.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНА ӘСЕРІ

Қайырбаева Айнұр Елтайқызы
экономика ғылымдарының кандидаты, профессор
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы
ainur_eltaevna@mail.ru

Аннотация. В статье показано влияние социальных сетей на индустрию туризма. В результате анализа сделан вывод о важности и необходимости дальнейшего изучения особенностей социальных сетей и их использования в туризме. Рассмотрена роль социальных медиа в деятельности предприятий индустрии гостеприимства и туризма. В том числе: в отношении повышения результативности работы, четкой ориентации на целевые сегменты; выявлена необходимость использования социальных медиа потребителями туристских услуг. Также в этой статье можно ознакомиться с исследованием World Travel Monitor, проведенным UNWTO.

Ключевые слова: социальная сеть, туризм, гостеприимство, интернет, продвижение туризма.

Annotation. The article shows the impact of social networks on the tourism industry. As a result of the analysis, it is concluded that it is important and necessary to further study the features of social networks and their use in tourism. The role of social media in the activities of enterprises of the hospitality and tourism industry is considered. Including: with regard to improving the effectiveness of work, a clear focus on target segments; the need for the use of social media by consumers of tourist services has been identified. Also in this article, you can read the World Travel Monitor study conducted by UNWTO.

Keywords: social network, tourism, hospitality, Internet, tourism promotion.

Қазіргі уақытта әлемнің түкпір-түкпірінен миллиондаған, миллиардтаған адамдар интернетті күнделікті өмірінде белсенді қолданады. Қазір әлеуметтік желілер өте танымал болды. Facebook, Вконтакте, Twitter, Instagram және басқа да танымал әлеуметтік қосымшалар туралы барлығы естіді. Көріп отырғанымыздай, біз шынымен де Интернет-қарым-қатынасқа және Интернет-байланысқа өте жақынбыз, сондықтан олардың туризмнің дамуына және жалпы туризм мен демалыс индустриясына әсерін анықтау қажет.

Халықаралық саяхатшылардың үштен бірінен көбі смартфондардың көмегімен әлеуметтік желілерге қол жеткізеді – олар сапар барысында өз блогтарында, Facebook-тегі парақшаларында өз контенттерімен, Twitter немесе Instagram-да фотосуреттермен бөліседі. Көбінесе әлеуметтік медиа мыналарды қамтиды: әлеуметтік желілер (мысалы, MySpace, Facebook, Одноклассники, Вконтакте, LinkedIn), блогтар (мысалы, Blogger, LiveJournal) және микроблогтар (мысалы, Twitter), форумдар, шолу сайттары (мысалы, Irecommend.ru, Otzyv.ru), фотохостингтер (мысалы, Picasa, Flickr) және видеохостингтер (мысалы, YouTube) және басқалар. Барлық әлеуметтік медиа олардың ерекшеліктерін анықтайтын белгілі бір қасиеттерге ие. Біріншіден, бұл интерактивтілік, пайдаланушылар арасындағы қарым-қатынас және әр түрлі мазмұнды алмасу мүмкіндігі, бұл ақпараттық қоғамды дамытудың құрамдас бөлігі және бір пайдаланушының екіншісімен байланыс жылдамдығын сипаттайтын көрсеткіш. Сонымен қатар, әлеуметтік медиа коммуникативтілік, ұтқырлық, қол жетімділік, әмбебаптылық қасиеттеріне ие [1, 20-бет].

Әлеуметтік медианың, оның ішінде әлеуметтік желілердің, travel-блогтар мен форумдардың, ықпалы жыл сайын артып келеді. Осыған байланысты сауалнамаға қатысқандардың 25% - ынан астамы әлеуметтік желілер олардың тұратын жері мен түрін таңдау кезінде олардың пікіріне әсер ететінін мәлімдеді. Респонденттердің 75% - ы үшін әлеуметтік арналар туристік ақпараттың негізгі көзі болып табылады. Ықтимал туристердің таңдауына басқа пайдаланушылардың әңгімелері, жарқын фотосуреттері, шолулары және басқа да контен (сайттың ақпараттық мазмұны) түрлері әсер етеді. Бұл жағдайда сауалнамаға қатысушылардың 50% - ы басқа саяхатшылардың әңгімелері мен пікірлеріне сенеді [2].

Әлеуметтік желілер интерактивті бұқаралық ақпарат құралдарының бөлігі, жеке пайдаланушылардың (туристердің), сондай-ақ бүкіл корпорациялар мен компаниялардың (туристік агенттіктер, компаниялар) байланыс арналарының бірі болып табылады. БҰҰ Дүниежүзілік Туристік Ұйымы (UNWTO) туризмдегі әлеуметтік медианың маңызды рөлін мойындайды. Туристер мен кәсіпкерлер смартфондар мен планшеттерді ақпарат табу немесе олардың орналасқан жері туралы пікір алмасу үшін пайдаланады. UNWTO жүргізген World Travel Monitor зерттеуі [3] мынадай көрсеткіш берді:

–Халықаралық туристердің 40% - ы басқа да ыңғайлы функциялардан басқа Интернет пен e-mail-ға қол жеткізе алатын смартфондармен саяхаттайды;

–Смартфон қолданушыларының 40 % - ы оларды бағыт туралы ақпарат алу үшін пайдаланады;

–Саяхатшылардың 26% - ы және іскер саяхатшылардың 34% - ы саяхаттау кезінде қонақ үй мен басқа қызметтердің брондауын өзгерту үшін смартфондар қажет.

Сурет 1 Қытай туристтерінің өз турларын онлайн жоспарлауы

Әлеуметтік желілердегі туризм маркетингіне алып келетін келесі бір артықшылығы – таргетинг жасау мүмкінігі. Таргетинг (ағыл. target – мақсат) - берілген критерийлерді қанағаттандыратын, кең аудиториядан мақсаттысын бөлуге мүмкіндік беретін механизм.

Туризм және қонақжайлылық индустриясында әлеуметтік желілер нарықтың әртүрлі субъектілері арасында өзара қарым-қатынас орнатудың құралы бола отырып, тиімді байланыс пен алға жылжу құралы ретінде қызмет етеді. Олар белгілі бір контентті жасауға мүмкіндік береді. Бұл компаниялардың беделіне де, туристік жобалар мен қызметтерді тұтынушылардың пікіріне де оң әсер етеді. Жаңа әлеуметтік медиа жарнаманың арзан тәсілдерін ұсына алады. Сондықтан әлеуетті клиенттерді тарту үшін мыңдаған жаңа жолдар ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Апанасюк Л. А., Бодня А. А. Социальные медиа как инновационный инструмент продвижения предприятий индустрии гостеприимства и туризма // Азимут научных исследований: педагогика и психология. — 2018. — № 7 (1 (22)), С. 19–22
2. Как соцсети влияют на выбор туристов. http://www.atorus.ru/news/press-centre/new/34889.html
3. UNWTO. [Электронный ресурс] / Режим доступа: www.unwto.org
4. Демьянов, С. А. Инновационные инструменты продвижения туристической фирмы в интернете / С. А. Демьянов // Туризм и гостеприимство: научно-практический журнал. - 2014. - № 2. - С. 3-7

ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУ МӘСЕЛЕСІ

Исатаева Айдана Ұланқызы студент, профессор Орынбекова. Д. С
Ғұмарбек Даукеев атындағы
Алматы энергетика және байланыс университеті
E-mail: a.issatayeva@aues.kz

Әрбір дүниеге келген адам қоғамның бір мүшесіне айналады және әлеуметтенуге тартылады, яғни тұлғаның қалыптасуы қоғамның талаптарын біртіндеп қабылдауынан, қоғамдық сана мен мінез құлықтың қалыптасуынан тұрады және ол қоғаммен өзара қатынасты реттейді. Әлеуметтену үрдісі жанұяда, мектепте, жұмыста жүзеге асады. Сонымен қатар БАҚ-та әлеуметтенудің күшті құралы болып табылады. Әлеуметтену үрдісіне адамның әлеуметтік тәжірибесін ұрпаққа жалғастыру енеді. Тұлғаның әлеуметтенуі еңбекпен, қоғамдық –саяси және адамның танымдық әрекетіне тығыз байланысты болып келеді. Бұл сатылардың әрқайсысында қарама-қайшылық туындауы мүмкін. Ерекше әлеуметтік топ болып есептелетін жастардың негізгі мазмұнды ерекшеліктерінің теориялық анықтамасы, әдетте олардың әлеуметтік нормаларды игеру процесін бөліп алып қарауды қажет етеді. Шын мәнінде, адамда әлеуметтену процесі жүреді, яғни ол қартайғанға дейін өмір бойы көпжақты әлеуметтік нормаларды және мәдени құндылықтарды, әлеуметтік тәжірибе формаларын игереді. Сонымен бір мезгілде белсенді әлеуметтену процесі де үстемдік етеді. Осы кезеңнің сапалық шекарасы адамның репродуктивті жасқа келуі болып табылады. Бұл кезеңде жастар да әлеуметтік үлгілер мен нормаларды игеру процесіне белсенді түрде қатысады.

Тұлғалық даму ретіндегі әлеуметтік жүйеде де, қоғамның тұрақты дамуында да ерекше рөл жеке тұлғаның қоғамға интеграциялануы процесі ретіндегі табысты әлеуметтену мүмкіндігін қамтамасыз ететін институттарға берілген. Ғылыми әдебиеттерде әлеуметтену адамның әлеуметтік мәнінің қалыптасу, оның қоғамдық қатынастар жүйесіне ену, оның қоғамдық өмірдің субъектісі қатарындағы қалыптасу процесі ретінде айқындалады. Әлеуметтенуді «жеке тұлғаның қоғамның объективтік әлеміне немесе оның кейбір бөлігіне жан-жақты және біртіндеп енуі ретінде белгілеуге болады» . Әлеуметтенудің процестері әлеуметтік, экономикалық, саяси, рухани қанағаттанарлық ақиқаттардың өзгерістеріне жауап беретін нормалардың регулятивті қызметінде, тәртіп стереотиптерінің, иерархия мен дәстүрлердің, салттардың, білімдер мен нышандардың әлеуметтік танылған ұрпақтан ұрпаққа берілетін жеке тұлғаның интернализациялануына немесе әлеуметтенуіне байланысты болады. Осылайша, тұлғаның меншікке айналуы мынадай екі векторды қамтиды: сабақтастық – алдыңғы өткен мәдени тәжірибені игеру және даму – жаңа әлеуметтік үйренудің жаңа стратегияларын игеру, инновациялылық.

Әрбір қоғамда және де әрбір әлеуметтік топта дәстүрлер мен инновациялардың арақатынасында ерекше тип бар. Мысалы, Қазақстанда жастардың арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың мәліметтері бойынша, қазақ жастарының 91,2 %-і, өздерінің ұлттық дәстүрлерін «өте жақсы білетіндігін», ал қазақ жастары арасындағы респонденттердің 52,8 %-і «өз халқының дәстүрлерін мұқият сақтауға тырысатындығын» атап көрсетті. Басқа этникалық топтарда бұл көрсеткіш 38,4 %-і құрады. Сонымен қатар қазақстандық жастар қазіргі өмірдің ырғағына теңбе-тең нормативтік-құндылық кешенін белсенді және жеткілікті деңгейде тиімді игеруде. Біздің елдегі жастардың әлеуметтену процестерінде жанжалды болғанымен бірақ антогонистік асқақтаған емес, дәстүрлер мен инновациялардың құндылық қатынастарының қалыптастырылған типі белгіленуде. Батыс елдерінде өзінің табиғи иерархиясы бар отбасының тоқырауы белең алғандығы туралы және оның зардабынан ұрпақтан ұрпаққа берілетін мәдени кодтардың берілу біріздiлігінің бұзылып жатқандығы белсенді талқылануда. Бір жағынан, өзіндік мәдени дәстүрлердің, діннің, ұлттың және отбасының белгілі бір құндылық мазмұнының сақталуы, жаңа мәдени формалардан алшақтауы барысында генерация аралық мәдениет тасымалының механизациялануына, «бірізді, келешекке ұмтылған» (project identity) сияқты мәдени өзіндік қалпының пайда болуының мүмкін еместігіне және қоғамның жалпы алғанда қайта құрылуына бағытталғандығына әкеледі (Мануэль Кастельс). бетінше шешім қабылдауды тоқтатып, «бұл жөнінде үлкендерден нұсқаулар күтеді».

Күшті туыстық байланыстардың болуы, отбасының берік ынтымағы бір жағынан күрделі өмірлік жағдайларда өмір сүріп кетуге кепілдік береді, «әлеуметтік саясаттың орнын басады», «әлеуметтік қорғалғандық сезімін береді», жастар қылмысының көлемін азайтады. Басқа жағынан, қатал отбасылық тәртіп «үлкендердің мамандық таңдауда, отбасын құруда, балалардың туылуында және т. б. шексіз қысым жасауы» қаупінен тұрады. Бірақ олардың өздері белгілеген әлеуметтендірудің дәстүрлі типіндегі «негативтерді» жастардың көпшілігі мұны «осылай қабылданған» дей отырып, қалыпты жағдай ретінде қабылдайды. Қазіргі Қазақстанның жастары қандай құндылықтарды, қағидаларды, идеалдарды қабылдайды, қайсысын қабылдамайды – жастардың әлеуметтенуі мен аға ұрпақпен қатынасының үйлесімділігінің басты мәселесі осы.

Әлеуметтенудің типтері, формалары және мазмұны түрлі негіздемелер бойынша қоғамның типі бойынша архаикалық, касталық, корпоративтік-сословиелік; мәдениетінің түрі бойынша мономәдениетті, полимәдениетті; өмір сүрудің әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес саяси, экономикалық, кәсіби, құқықтық, танымдық және т. б. болып анықталады. Әлеуметтену тұжырымдамасы нормативтік-теориялық тұжырымдама болып табылады. Әлеуметтендірудің зерттеуінде осы және басқа қоғамдағы нақты қызмет ететін әлеуметтенудің нормативтік модельдері айқындалуы тиіс, сонымен сәйкес «эталондық» сипаттары мен осы аталған әлеуметтік ортаның көзқарасы бойынша «айнымалы» көрсеткіштер сипаттамалары да анықталады. Әлеуметтенудің идеалды-нормативті және девиантты түрлерінің арасындағы айырмашылық қатаң белгіленуі мүмкін және қоғамның өзінің сипатына қарай өзгермелі болуы мүмкін. Адам қоғамын К. Леви-Строс «суық» және «ыстық» деп екі типке бөледі. Суық қоғамдарда әлеуметтендіру нормалары мен оның табысты болуының көрсеткіштеріне әдетте, баламалы мүмкіндіктерге арналған кеңістіктер қалдырмастан әлеуметтік стратификациялық топтар мен қоғамды толығымен алғанда әрқайсысына қатаң белгіленеді. «Ыстық» қоғамдарда нормативтік-құндылық көріністері түрлене байқалады, автономия және қоғамдастықтағы интеграциялану түрін тұлғаның өзі еркін таңдай алу көріністерін қамтиды. А. И. Ковалева «Әлеуметтендіру тәжірибесінің қазіргі таңдағы қоғамдағы үлкен ала-құлалығы әлеуметтендірудің нақты шекараларын кеңейтеді, оның сыртқы участоктарын күшейтеді, оның эмприкалық фиксациясын қиналтады», – деп көрсетеді. Норма мен ауытқушылықтың шекаралары тұрақсыз әрі сенімсіз болады. Олардың көрсеткіштері мәдениеттің нормативтік-құндылық кешенінде белгіленетін дәстүрлі талаптары аясынан оның аморфтылығымен, солқылдақтығымен, өзгергіштігімен және т. б. қоғамдық пікір арқылы тәртіп пен сананы ауызша реттеу саласына ауысады.

Одан басқа, әлеуметтік қолданатын, тиімді, қолайлы, шыдамды, талқыланатын көрсеткіштер жалпы негіздегі қоғамдағы бірыңғайлылығынан айрылады, кәсіби, жыныстық-жастық, этномәдениеттік, конфессиональды және т. б. ұқсастық модельдері мен жалпылықтарында жүйелі социумдық құрылымдар саласында беріледі. Топтық ынтымақтастықтың байланысы адамның тұлғалық қалыптасуында күшті әсерін тигізеді. Мұнда әлеуметтендірудің институционалды формалары дағдарысқа ұшырайды. Ресей әлеуметтанушылары жүргізген сауалнамада оқушылар мектептің олардың көзқарасы мен өмірлік ұстанымына және танымдық-құндылық бағыттарына тигізетін әсеріне өте төмен баға берді: 82 %-і олардың этикалық идеалдарының қалыптасуындағы мектептің ролін жоққа шығарады, соншасы олардың өмір танымын қалыптастыруға мектептің қатысы бар деп есептейді; 87 %-і мектеп олардың кәсіп таңдауында ешқандай роль атқармады деп көрсетті. Өзіне өзі берілген адам, әсіресе, жас адам, көбінесе қорғансыз, бағыт-бағдарсыз болып қалады және күйзелістің аз-ақ алдында болады. Кеңес беретін топтардың болмауы және олардың нормаларынан, құндылықтарынан және стандарттарынан тысқары қалу адамды моральдық жалғыздық пен оқшауландыруға әкеледі. «Топтық байланысы жоқ адам, сауытсыз тасбақамен тең», – деп жазады К. Манхейм.

Мұнда асоциалды және антисоциалды мәні бойынша топтардың ғана (қылмыстық қоғамдастықтар, секталар), сонымен қатар жастар топтарына қатысты «бөтен» топтарға да қатысты тәртіп нормалары мен модельдері саналы түрде және айқын көрсете отырып, қарама қарсы қойылуы мүмкін. Егер «өз араңда» өтірік, алдау, агрессивтілік, жанжалшылдық, шыдамсыздық, мәртебелік иерархияда жоғары тұрғандарға бағынбау және т. б. жол берілмейтін болса, онда басқаларға қатысты қарым-қатынастар да осы тұрғыда міндетті түрде болып қалыптасады. Мұндай тектегі жасөспірімнің «жетілмеген және бас білдірілмеген менталитеті» (К. Манхейм) ересек адамның таным құрылымына өтуі мүмкін. Әлеуметтендіру процестерінде жеке тұлғаның қалыптасуына қоғамның бақыланатын және саналы түрде бағытталатын әсер ету жүйесін ғана есепке алмай, сонымен қатар әлеуметтік ықпалдың латентті жолдарын, әлеуметтік нормаларды игерудің үзілісті формаларын есепке алу қажет. Қоғамның радикалды әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени қайтақұрылымдары нақты трансформациялар мен әлеуметтендірілген нормаларға әкеледі. Біріншіден, әлеуметтендірудің мақсаты мен бағыты ретінде тұлғаның нормативтік-идеалдық типі туралы ұғым өзгереді. Екіншіден, әлеуметтендірілудің механизмдері, формалары, институционалдық жүйелері өзгереді. Өз мәні бойынша әлеуметтендірілу жеке тұлғаның өсуі, жеке тұлғаның әлеуметтік қалыптасуының табиғи процестеріне байланысты бара-бар дағдарыстарды еңсеру процесі болып табылады. Егер бұл дағдарыстарды жеңу мүмкін болмаса, әлеуметтендіру процесінде игере алмасақ, онда ауытқушы әлеуметтендірілумен байланысты боламыз. Бұл жағдайда адам үшін әлеуметтік ұқсастыққа деген қалауына қол жеткізе алмаушылық пайда болады, бұл қатынастардың ретсіздіктерін туындатады, қоғаммен, әлеуметтік топпен, өзімен арадағы жанжалдарға жол береді. Трансформация кезеңін бастан кешіп жатқан қазақстандық қоғамда әлеуметтік рольдер мен қызметтерді дербес, реттелмеген таңдау кеңістігі кеңейді, бұл өз кезегінде жастардың әлеуметтендірілуіне теріс ықпалын тигізді. Өмірлік перспективалар мен әлеуметтендірілген нормалардың көптүрлілігі сонымен бір мезгілде белгісіздікке айналып кетеді. Басқа жағынан алғанда, А. И. Ковалева көрсетіп отырғандай, мұндай типтегі қоғамда «қоғамдық өмірдегі жастардың толыққанды қатысуына арналған жеткілікті жағдайларға социум ие болмаса, әлеуметтендіру процесінің тоқтатылу масштабы кеңейеді». Мұндай қоғамда жас адамдардың өзі қалаған мамандығы бойынша сапалы білім алуына әлеуметтік кепілдіктер барынша төмендейді, жұмысқа орналасуы қиындайды. Әлеуметтендіру процесіне индивид ерте балалық шағынан кіреді. Әлеуметтендірудің бастапқы негізгі кезеңінде әлеуметтік мәдени маңыздылықтар әлемін, құндылықтарды, нормаларды, нышандарды, талаптарды, тыйымдарды, ескертулерді, себептерді, қалыптарды, интерпретацияларды және т. б. игеру – сияқты интернализациялардың басымдылығы болады. Бұл кезеңнің негізгі ролін отбасы бастапқы әлеуметтендірудің басты және іс жүзінде жалғыз агенті ретінде атқарады. Отбасы мүшелері мотивациялық, когнитивті, құндылық, мағыналылық және т. б. сызбалар арқылы берілетін жеке қабылдауымен ортасын көркейтетін индивид пен әлеуметтік әлемнің арасындағы делдалдар ретіндегі «маңызды басқалар» (Дж. Г. Мид) болып көрінеді. «Бала маңызды басқалардың ролі мен қалыптарын қабылдап алады, яғни оларды жеке өзінікі етіп алады да, оларды интернализациялайды» . Отбасындағы тәрбиенің ерекшеліктері тұлғаның бойында өшпес із қалдырады. Бастапқы әлеуметтендірілу кезеңінде бала ата-ана әлемін жалпы әлемнің жалпылығы ретінде игереді. Әрине бастапқы әлеуметтендірудің кезеңіне қатысты оның механикалық, біржақты сипаты туралы айтуға болмайды. Тұлғаның ерте кезеңіндегі ұқсастық тұлғалылығының қалыптасу барысында құндылықтар мен нормалардың қарама-қарсы жүйелері мысалы, атан-аналар мен құрдастар әлемі сияқты баламалы әлемдер қақтығысып қалады. Мұндай қақтығысулар нәтижесінде пайда болатын жанжалды

жағдайлар (психологтар балалардың құрдастарымен араласуы ересектермен араласуына қарағанда сапалы өзгешеліктерге ие екендігін атап көрсетеді) бастапқы әлеуметтендірілу процестерін түпнұсқа драматизммен толтырады. Әлеуметтендірілудің екінші кезеңі индивидтің әлеуметтік субъектілігінің қалыптасу міндетін шешеді. «Маңызды», «ықпалды» басқаның ролін нақты индивидтер ғана емес, персоналданған, «жалпыланған басқа» – әлеуметтік топ немесе қоғам толығымен орындайды. Бұл өтпелі кезең объективті қарама-қайшылық болып табылады, шешуші дәрежедегі екінші әлеуметттендірілудің табыстылығы балалық шақтағы отбасылық ортаның әсерімен қалыптасқан бұрынғы нормативтік-құндылық кешені мен қоғамның индивидке қоятын тұлғасыз, анонимді нормалар мен талаптары кешенінің ұйқастырылуымен байланысты болады. Психологтар ата-аналармен психологиялық жақындастық дәрежесі жасөспірім кезеңде күрт төмендейтіндігін атап көрсетеді. Мұның себебі, әлеуметтендірілудің бастапқы кезеңінде ересектер ойын ережелеріне еріксіз көндіреді, бала интернализациялайтын ерекше әлем көптеген мүмкін болатын әлемнің бірі ретінде емес, жалғыз іс жүзіндегі әлем болып көрінеді. Бұл әлемнің өзіндік «әлеуметтік орналасуы» (шаруа немесе бизнесмен әлемі, астана немесе шалғай ауыл тұрғыны, түпкілікті тұрғындар мен иммигранттар және т. б.) болатындығын сезіну индивидтің дүниетанымдық қалыптарын – «субъективті ақиқаттың» радикалды трансформациясына әкеледі.

Индивидтің танымында қорытындыланған басқаның инстанциясын қалыптастыру – нәтижесінде «объективті және субъективті ақиқаттар арасындағы симметриялық байланыс орнатылатын» әлеуметтендірілудің шешуші фазасы. Объективті және субъективті ақиқаттар арасындағы симметриялар, келісудің жоғары деңгейін П. Бергер және Т. Лукман «табысты әлеуметтендірілумен» бірдей деп бағалайды, ал бұл ақиқаттардың асимметриясы «табыссыз әлеуметтендірілу» нәтижесі сияқты жіктеледі. Бұл жерде әлеуметтендірілудің – ақиқаттың екі типі – толық симметриясы мен толық ассиметриясы – екі полюсі эмпирикалық тұрғыдан мүмкін емес. «Табыссыз әлеуметтендірілгендердің» маргиналды топтарында әлеуметтік ақиқаттың «контр-анықтамасы» мен осындай анықтамалардағы «контр-ұқсастығын» жүзеге асыратын әлеуметтендірудің жеке және баламалы процестері жіберілуі мүмкін. Негізгі мәселе осы немесе басқа индивидтің әлеуметтендірілу процесінің «өмірбаяндық кездейсоқтығына» байланысты болмайды, бірақ табыссыз әлеуметтендірілудің құрылымдық берілген потенциалының нақты берілген қоғамда болуы көрінеді. К. Манхейм «Қоғамның рухани ахуалы толығымен алғанда индивид үшін төзуге болмайтын шиеленісушіліктің қайнар көзі болуы мүмкін» деп көрсетеді.
А. И. Ковалева көрсеткендей, Ресей қоғамының реформалануы жастардың табысты әлеуметтендірілу, әлеуметтік нормалар мен мәдени құндылықтардың ұрпақтан ұрпаққа берілу ережелерінің жиынтығы эталондарының өзгерістерін шарттап берді. Ол кеңестік әлеуметтендірілу моделімен салыстырғандағы ресей жастарының әлеуметтендірілу моделінің негізгі ерекшеліктерін бөліп көрсетеді:

- әлеуметтендірілудің негізгі институттарының трансформациясы;
- әлеуметтік регуляцияның құндылық-нормативтік механизмінің дефор-мациясы және әлеуметтік бақылаудың жаңа жүйесінің қалыптасуы;
- ұйымдастырылған және стихиялы әлеуметтендіру процестерінің дисбалансы және олардың стихиялық жағына ауысуы;
- қалыптасып келе жатқан тұлғаның автономиясын кеңейту жағында қоғамдық және жеке мүдделер арақатынасының және адамның өз қайраткерлігі, шығармашылығы және бастамасына арналған кеңістіктердің өзгерістері.

Қазақстан қоғамының трансформациясы процесінің көптеген ерекшеліктерінің бірі ұрпақтардың құндылық қақтығыстары болып табылады. Бұл қақтығыс алдыңғы өткен

тарихи дәуірлердің әрқайсысында болған «әкелер мен балалардың» қақтығысымен салыстырғанда ерекше сипаттар қатарына ие. Қазіргі қақтығыс аға ұрпақтың рухани мұрасын мұрагерлерге беру іс жүзінде жүзеге асырылмай отырғандығымен сипатталады. Жаңа ұрпақтың әлеуметтенуі құндылық бағдарлары мен құндылық иерархиясының радикалды өзгерістері көлеңкесінде өтіп жатыр. Сонымен қатар, әлеуметтенудің өз типінің де өзгерістерге ұшырап жатқандығын атап өтуге болады. М. Вебердің терминдерінде бұл өзгерісті әлеуметтендірілудің құндылық-рационалды типінен мақсатты рационалды түріне өту ретінде белгілеуге болады: «әлеуметтік жағдайлардың өзгеруі, қоғамдық құндылық бағдарларының ауысуы құндылық бағдарларын туындату механизмі үйренісу механизмдеріне жол бере отырып, жетекші роль атқарудан қалатындығына әкеп соқтырады» . Жастардың әлеуметтендірілуінің бұрынғы кеңестік моделі индивидтердің әлеуметтік өмір әрекетіне интеграциялану мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін бірізділенген нормативтіліктің; тең старттық мүмкіндіктердің; әлеуметтік-экономикалық және саяси-идеологиялық механизмдердің, институттардың, жағдайлардың, кепілдіктердің болуы сияқты сипатты қырларымен ерекшеленеді. Аға ұрпақ білім мен дағдының, икемділік пен технологиялардың, ал жас ұрпақ үлкендердің жинақтаған мәдени-тарихи тәжірибесін оның маңыздылығы мен қажеттілігіне күмән тудырмастан игеретін тасымалдаушысы болды. Қазіргі жағдай әлеуметтік өмірдің типінің өзінің өзгерісімен анықталады. Жаңа әлеуметтік-экономикалық қағидаларға көшу индивидтерге жаңа өмірлік дағдылар мен әлеуметтік тәртіптің құндылық-нормативтік қалыптарды игеруді ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік дамудың алдыңғы кезеңіндегі жеткілікті табысты өмірлік стратегияларды құру мен жүзеге асыруға мүмкіндік беретін дағдылардан бас тартуды талап етеді. Бірақ бұл негіздемеде «ұғымдар мен дағдылардың жаңа жағдайларында қолданылмайтын жүктен іс жүзінде толығымен бостандықтағы қажеттіліктен бас тарту», сияқты жастардың алдында әлеуметтік талаптың радикалды қайта құрулардың проблемасы жастар алдында жоқ деп үзілді-кесілді қорытынды жасауға болмайды.
Қазіргі жастардың бастапқы әлеуметтенуі «жаңа жағдайларға тиімсіз, қолайсыз», құндылық бағдарлары мен сенімдерде өскен қазақстандық ұрпаққа жататын әкелер мен шешелердің ықпалымен өтті. Сондықтан қазіргі заманғы жастардың менталитетінде өткен ұрпаққа тән көптеген әлеуметтік-типтік сипаттар қалыптасқан. Бұл ресей социологтарының жүргізген сауалнамаларының деректерінде көрсетілгендей, сұрау салынғандардың жартысы өмірге деген көзқарасына сай олар ата-аналарынан айырмашылықтары жоқ деп есептейтіндігін жоққа шығармайды. Осыған байланысты ұрпақаралық жанжалдар мен қарама-қайшылықтардың проблемасына менталитеттің номикалық құрылымының бастапқы әлеуметтенуі немесе индивидтің ресоциализация проблемасының нәтижесінде пайда болған «демонтаж» күрделі проблемасының арасындағы үзіліссіз байланысқан түрі пайдаболады. А. И. Ковалеваның пікірінше, сектордың тарылуы мен мемлекеттік әлеуметтендіру институттарының кеңестік дәуірдегі жастардың әлеуметтену процестерінің кезеңіндегі ролінің азаюының жалпы көріністері астарында өмір сүрудің жоғары деңгейде түрленуі, материалдық жағдайдың деңгейіне, қоғамдық ресурстарға қол жеткізудің және т. б. дифференциясына байланысты көлденең және тігінен спектрінің кеңеюімен анықталады. Процестердің өзгерістер динамикасының тікелей қарама-қарсы бағасын (іс жүзіндегі сол негіздемелерде) Л. Е. Кесельман мен М. Г. Мацкевич береді. Олардың пікірінше, «әлеуметтенген лаг» қоғамның бір әлеуметтік-экономикалық жүйеден басқасына өту барысында қоғамның жеделдетілген трансформациясы кезеңінде белгілі деңгейде тарылады. Әлеуметтік үйренісу, карьералық өсу, сапалы білім алу, жұмысқа орналасу және т. б. сияқты көптеген мүмкіндіктер «алтын жастар» өкілдерінің ғана қол жеткізе алатын нақты ақиқаттарына айналады. Субъективті таңдалған ұсқастық субъектінің

әлеуметтік-құрылымдық жағдайына қарама-қарсылыққа енуі, фантастикалық, орындалмайтын жобаға айналуы мүмкін. Мен-ұқсастықтың тым жоғары көтерілген өлшемі ауыр эмоционалды, рухани-танымдық дағдарысқа ұшыратуы мүмкін.

Студенттің әлеуметтенуі белсенді іс-әрекетте, қызметте және адамдармен қарым-қатынаста, ізденісте, өз жауапкершілігін сезінудің нәтижесінде іске асады. Студент әлеуметтену үдерісінде берілген қоғамда қабылданған құндылықтарды, қалыптарды, мінез-құлық үлгілерін бойына сіңіреді.Бұл орайда, есте ұстайтын негізгі жайтстуденттерді әлеуметтендіруде белгілі бір әлеуметтік-саяси нормалар мен құндылықтарды ырықсыз түрде қабылдай беру емес, керісінше олардың белсенділігі мен ерікті таңдауы болуы тиіс, яғни қалыптасқан құндылықтарды өз бетінше іріктеп, саралап қабылдауы. Осыдан, студенттерді әлеуметтендірудің мақсаты қалыптасқан экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани-идеологиялық құрылымдарды сақтай отырып, одан әрі дамыту болмақ. Әсіресе, тұтынушылық, имигранттық психологиядан шығып, ар, ождан, намысты жоғары ұстау, туған жер, халық алдындағы жауапкершілікті естен шығармау. Осы бағытта жастардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдары мен білім беру жүйесі арқылы мақсатты, жүйелі насихат және ағарту жұмысын жүргізу қажет. Патриотизмді, азаматтық сана-сезімді дамыту – үнемі жіті назар аударуды қажет ететін елеулі фактор. Әрине, патриотизмнің нақ рухани-адамгершілік табиғатын сезіну өте маңызды, себебі рухани-адамгершілік тәрбие негізінде патриотизм жақсы жағдайда профанацияға айналады, ал жаман жағдайда - шовинизмге, ұлттық паңдыққа, өзгелерге деген агрессияшылдыққа әкелуі мүмкін. Өз халқының мәдениетіне кірістіру арқылы тұлғаның белсенділігін арттыруға болады. Бұл - тек мәдениет туралы білім ғана емес, сонымен қатар мәдениетпен, салт-дәстүрмен бірге әлеуметтік ортада үйлесімді өмір сүру – әлеуметтену. Студенттерді әлеуметтендірудегі патриоттық сезімдерді дамыту ерекшелігі - Қазақстан жастарын тәрбиелеу мен әлеуметтендіру жүйесіндегі осы бағыттың орнын анықтайды. Бұл бағыттаменталдықтың өзіндік орны бар демекпіз. Өйткені ғылымда ұлттық мәдениеттің әлеуметтендіруге тигізетін әсерін «менталдық» деп атайды. Бұл ұғымды ХХ ғасырдың бас кезінде әлеуметтану ғылымына француз ғалымы Л.Леви – Брюль енгізген. Менталитет – халықтың терең, іргелі рухани санасы, тарихи-мәдени және климаттық-табиғи жағдайларының әсерімен қалыптасқан көпшіліктің ақыл-ойы мен түсініктері. Ұлттық менталитет өсіп келе жатқан жас буынды тәрбиелеуде ұстанатын болжау (имплициттік) теориясын да қамтиды (Н.С.Кон). Жоғарыда келтірілген жастарды әлеуметтендіру ерекшеліктері бізге студенттік топтарда арнайы жүргізілетін тәрбиелік жұмыстарды мақсатты, жоспарлы, жүйелі жүргізу қажеттігін көрсетті. 2011-2012 оқу жылында осы бағытта біршама жұмыстар жоспарланып, олар уақытылы орындалып келеді. Мысал ретінде факультеттегі «Руханият» студенттік клубының атқарған «Республика күні», «Қыз сыны», «Желтоқсан жаңғырығы» атты іс-шараларын келтіруге болады. Осы шаралар біріншіден, студенттердің Қазақстан халықтарының тарихи-мәдени мұрасына ізгілікті қатынасын, ұлттың төл мәдениетін танып-білу қызығушылығын, оларды өмір сүруде қолдануға ынталы, мәдени мұраны сақтау және одан әрі дамыту қажеттігін ұғындыруға; екіншіден, студенттердің шығармашылық қабілеттерінің дер кезінде дамуына, өзгермелі ортада өз орнын таба білуіне жағдай жасауға; үшіншіден, қазіргі заманғы тұлғалық-бағдарланған білім жүйесіндестуденттердің бойында еңбекке деген дұрыс мотивация қалыптастыру, жұмыс нарығында кәсіптік шеберлікке қол жеткізу негізіндеОтанға қызмет ету жауапкершілік сезімін қалыптастыруға бағытталып жоспарлы жалғасын табады.

Сонымен, студенттердің патриоттық сезімдерін дамыта отырып, оларды әлеуметтендіруде бар күшжастардың әлеуметтік талаптарына, өздерінің керек екендіктерін, қоғам үшін бағалылығын түсінуіне бағытталуы керек демекпіз.

ТІЛДІ ӘРТҮРЛІ ЖАҒДАЙДАҒЫ ТІЛДІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА ҚОЛДАНА АЛУҒА ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ

Ермағамбетова Ләззат Нұрғалиқызы
п.ғ.к., қауымдаст.профессор,
Айтжанова Сауле, ф.ғ.к
Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ,
Lyazzat.ermaganbetova@mail.ru

Аннотация: Овладев речевым мастерством, культурой, гражданин свободно участвует в жизни общества. Сегодня трудно представить выступление без специальных слов, отражающих новые технологические изменения в обществе, без терминов, окружающих то или иное понятие. Для этого в словаре учащихся должны быть специальные слова об области науки, техники, искусства, определяющие тему сегодняшнего дня. Это начинается с обучения словам, которые имеют выразительную, эмоциональную окраску в каждом грамматическом предмете синтаксиса простого предложения.

Ключевые слова: Языковая культура, словарь, языковая личность, простое предложение, фраза, правильное использование.

Annotation: Having mastered speech skills, culture, a citizen freely participates in the life of society. Today it is difficult to imagine a speech without special words reflecting new technological changes in society, without terms surrounding this or that concept. For this, in the vocabulary of students there should be special words about the field of science, technology, art, defining the topic of today. It starts with learning words that have an expressive, emotional connotation in every grammatical subject of simple sentence syntax.

Key words: Linguistic culture, dictionary, linguistic personality, simple sentence, , phrase , correct use.

Еліміздің ішкі тұрмысын демократиялық жолға түсіріп, оған гуманистік сипат беруде әр азаматтың коммуникативтік қатынас шеберлігіне ие болуын қалайды. Сөйлеу шеберлігін, мәдениетін игерген азамат қоғам өміріне еркін араласады. Бүгінгі күні сөз сөйлеуді қоғамдағы жаңа технологиялық өзгерістерді көрсететін арнаулы сөздерсіз, белгілі бір ұғымның төңірегіндегі терминдерсіз елестету қиын. Ол үшін оқушылардың сөздік қорында бүгінгі күннің тақырыбын анықтайтын ғылым, техника, өнер саласы туралы арнаулы сөздердің болуы шарт. Бұл жай сөйлем синтаксисіндегі әрбір грамматикалық тақырыптың тұсында экспрессивті, эмоциональды бояуы бар сөздерді үйретуден басталады.

Адам айтар ойын сөзбен, сөйлеммен түсінікті етіп таңбалар жүйесі арқылы жеткізеді. Сөйлесе білу үшін әрбір адам тілдік тұлғалардың бір-бірімен тіркесу, қолданылу тәртібін іс жүзінде түсініп, өз бетімен қажетіне қарай пайдаланып үйренуі керек. Бұл тілдегі сөздік қор мен грамматиканы меңгеріп, ойда пайда болған ұғымды сөйлемге айналдыруды қажет етеді. Қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисін меңгергенде оқушылар тілдік тұлғаларды дұрыс қолдануға, сауатты жазып, сауатты, мәдениетті сөйлеуге үйренеді.

Қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисін оқытуда балалардың ой-санасын дамытып, ой-өрісін кеңейтіп, тіл байлығын, ізгілікті, адамдық қасиеттерін байыту жолдары мол танылады. Қазақ халқының мәдени, тарихи жетістіктерінің барлығы қазақ сөздері

мағынасының бір жүйесінде көрсетілген. Өйткені қазақ тілі сабағы – оқушыларды сөз өнеріне, сөйлеу техникасына үйрететін, сөйлеу дағдысын қалыптастыратын пән. Расында да тіл сезімін дамыту – оқушылардың мектеп қабырғасында келгендегі сөз қорын әрі қарай байыту және адамгершілік қасиетін дамыту болып табылады.

Қазақ тілі сабағында оқушылардың тек тіл заңдылықтарын біліп қана қоймай, сонымен бірге тіл мен ой бірлігіне сүйене отырып, тілді әртүрлі жағдайдағы тілдік қарым-қатынаста қолдана алтын дәрежеге жеткізу керек.

Тіл білімінің атасы А.Байтұрсынов: “Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді. Ал басқа өнердің бәрінің де қызметін шама қадырынша сөз өнері атқара алады” [1, 128], – деген пікірінен мектеп оқушыларының рухани, ізгілікті адамгершілігін қалыптастыру үшін, ең алдымен өзіне қажетті деген сөздерді дұрыс меңгеру міндетін қоятыны байқалады.

Қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі қазақ халқының мәдени тарихының бір бөлшегі болып танылады. Оқушыларының тіл мәдениетін жетілдіруде жай сөйлемнің алатын орны зор. Оқушы қазақ тілінің грамматикалық жүйесінен молырақ мәлімет алады.

Сонымен жұмыстың лингвистикалық негізінде тіліміздің синтаксистік құрылысында субстантивтіктің алатын орнын байқату, атаулы, сұраулы сөйлемдердің құралу түрлерін көрсету, баяндауыш мүшенің жасалу жолдарын толығырақ ашуға әрекет ету, олардың қызметі жағынан топтап беру және тілдің синтаксистік жүйесіндегі формалар, сөйлемнің түрлі қызметі жағынан бір-біріне жуықтасып, бірінің орнына бірінің жұмсалып жатуының қыр-сырын меңгереді. Қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі қазақ халқының мәдени тарихының бір элементі болып саналады. Оқушылардың тіл мәдениетін жетілдіруде жай сөйлем және оның түрлерін оқытудың орны зор. Оқушылар жай сөйлемің әрбір тарауы арқылы қазақ тілінің сөз байлығын, мағыналық қыр-сырын меңгереді. Сондықтан да тілдік қарым-қатынасты қалыптастыратын лингвистикалық салаларды талдай отырып, мектепте берілетін білім көлемінің мазмұны жағынан да сапалы болуын негізгі мақсат тұтамыз.

Адам баласының бір-бірімен тілдік қарым-қатынасында қызмет атқаратын негізгі тұлға – **сөз.** Сөзді анық, дұрыс түсінбеген бала сөйлемнің жасалу жолдарын сауатты меңгере алмайды. Сөйлеу атаулының барлығы да сөзден басталады.

Лингвист-ғалымдар сөздің сөйлеу үрдісіне қатысты тілдік, қатысымдық қасиеттеріне тоқтала келіп, оны әр қырынан қарастырып, оған мынадай анықтама береді: «Слова – это наименьшая смысловая единица языка, свободно воспроизводимая в речи для построения высказываний» [2, 70]- деп, сөздің ойды жеткізудегі маңызын атап көрсетуге тырысса; Ғ.Мұсабаев, І.Кеңесбаев: “Сөз – дыбыстық форма мен мағынаның тұтастығы, ақиқат, заттың, құбылыстың жинақты бейнесінің белгісі” [3, 10], дейді. Демек, сөз іштей байқалған мағынаның бірыңғай жүйесін құрайды. Сөздің ішкі бірлігі оның тек фонетикалық және грамматикалық құрамын ғана емес, сонымен бірге оның мағыналық жүйесінің бірлігін қамтамасыз етеді.

Сөз – тілдің дыбыстық, мағыналық, грамматикалық жақтарын көрсететін тілдің негізгі бірлігі. Сөз мағынасы ұғыммен тығыз байланысты. Сондықтан тілдік қатынаста белгілі бір ұғымды аңғартатын, лексикалық мағынасы бар сөздерді қатысымдық тұлғалардың қатарында қарастыру, сөздің қатынас құралы ретінде жұмсалуына негіз болады.

Сөз, сөздің тура және ауыспалы мағынасы, көп мағыналы сөздер, олардың ерекшеліктері – тілдің ұзақ даму кезеңдерінің нәтижесі деп айтуға болады. Мағына өзгеріп, жаңарып, жоғалып та отырады. Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген

сөздердің бірқатары алғашқы мағынасын сақтаса, енді біреулері қосымша, үстеме мағыналармен өзгерген.

Кез келген тілдегі байырғы сөздер жаңа сөз, жаңа мағына жасауға негіз болады. Тілдегі байырғы сөздердің тура мағынасы арқылы жаңадан бір немесе одан да көп қосымша немесе туынды мағыналар жасалады. Бұл тілдің сөздік қорын байыта түседі. Ал тілдің сөздік қорын терең, сауатты меңгере білген оқушы ізгі, адамгершілігі мол азамат болып тәрбиеленеді.

Грамматикалық мағына сөйлеу үрдісінде сөздің жұмсалу мақсатына қарай оған әр түрлі қосымшалардың қосылуы арқылы немесе сөйлемдегі сөздердің әр түрлі қатынасқа түсуі арқылы жасалады. Сөзді адам өзінің айтатын немесе жазатын ойын білдіруде қарым-қатынас үрдісінде қолданады. Сондықтан да сөзді қатынас құралы ретінде дәлірек айтқанда, сөзді қатынас әрекетін іске асыру құралы ретінде ойды білдіру үшін қолданады. Яғни, сөз – ең кішкентай тілдік единица болса да, ол адам санасында бейнеленген ұғымның жарыққа шығуын қамтамасыз етеді. Сөздер арқылы бірнеше сөйлемдерді құрастырып, адам жеке өзінің ойлаған ойын жеткізе алады. Сөз арқылы Баяншы айтар ойын Қабылдаушыға анық жеткізуге тырысады. Сөздің бұл қаситін түсінбей қатысым құралы ретінде тілді меңгеру мүмкін емес.

Мектеп оқушыларына ізгілендіру технологиясы арқылы жай сөйлем және оның түрлерін меңгерту барысында сөздің мынандай қасиеттерін естен шығармаған дұрыс:

1. Сөздердің қолданылу жиілігі;
2. Сөздердің жеңіл-қиындығы;
3. Сөздің синонимдік қасиеті;
4. Сөздің тақырып қажетіне сәйкестігі;
5. Сөздің баланың психологиялық ерекшелігіне сәйкестігі;
6. Сөздердің оқулықтағы қолданылу жиілігі.

Ендеше, сөз адамның ойын жеткізуге, ойлау қабілетін арттыруға қызмет ететін тұлғалардың бірі болып табылады. Сөз – пікір алысуда ең негізгі қызмет атқаратын басты тұлға. Сондықтан да оқушылардың назарын қазақ тілінің сөз байлығына жататын барлық сөздің лексикалық және грамматикалық мағынасына аударту керек. Сөз нақтылы жағдайда бір лексикалық мағынаға ие болса, грамматикалық мағынасы бірнеше болуы мүмкін. Тілдік қарым-қатынаста маңызды рөл атқаратын тұлғалардың бірі – сөздің грамматикалық формалар арқылы байланысқа түсетінін оқушылардың назарынан тыс қалдырмау қажет.

предохранительной муфтой, подсоединенной к трехступенчатому (повышающему) редуктору на выходе которого установлен (насажен на шпонку) на большой шкив, который приводит в движение два малых шкива, которые расположены на валах, нижних частях асинхронно вращающихся лопастей (роторов).Автомашина «КАМАЗ» продвигаясь на небольшой скорости 10-15км/час может через трехступенчатый редуктор дать большому шкиву высокие обороты. Большой шкив в свою очередь через ременную передачу даёт ещё больше оборотов двум малым шкивам, приводящим в движение лопасти(роторы), которые могут всасывать огромное количества загрязненного воздуха через фильтра грубой и тонкой очисток, выпуская очищенный воздух.

Установку **ЭКО-1** лучше использовать в ночное время суток для свободного передвижения, так как он работает на малых скоростях, для эффективного сбора загрязненного воздуха.

Ременная передача (рис. 1) состоит из трех шкивов, закрепленных на валах, и ремня, охватывающего шкивы. Нагрузка передается силами трения, возникающими между шкивами и ремнем вследствие его натяжения.

Ременные передачи по сравнению с другими типами передач обладают рядом преимуществ, среди которых можно выделить следующие: возможность передачи



крутящих моментов на значительные расстояния, плавность и бесшумность работы; высокие скорости; предохранение механизмов от резких колебаний нагрузки вследствие упругости ремня; предохранение механизмов от перегрузки за счет возможного проскальзывания ремня; простота конструкции и эксплуатации.

Ременные передачи применяют преимущественно в тех случаях, когда по условиям конструкции валы расположены на значительных расстояниях или высокие скорости не позволяют применять другие виды передач. Ременную передачу устанавливают в комбинацию с зубчатой передачей на быстроходную ступень как менее нагруженную.

Подшипники скольжения служат для соединения валов и вращающихся осей с корпусом. Особенно широкое распространение подшипники скольжения получили для быстровращающихся валов – в сепараторах, центрифугах, газовых турбинах и в нашем случае на асинхронно вращающихся лопастях.

Вал. Особенность вала заключается в том, что он в соединении с ротором имеет квадратную форму, а остальная часть цилиндрическая (круглая).

Муфта. Муфтами называют устройства, предназначенные для соединения и передачи вращения между валами совместно работающих элементов машины (двигатель – передача – исполнительный механизм). Валы большей частью расположены так, что геометрическая ось одного составляет продолжение геометрической оси другого вала.

В заключение хотелось бы сказать, что это изобретение является первой в своем роде передвижной установкой, которой нет аналога, не сложной по устройству и эффективной при работе, и если примут во внимание и окажут помощь при создании и лабораторном испытаний, а также в практическом использовании. Так как «Эко – 1» нуждается во многих доработках, возможны дальнейшие усовершенствованные модели, таких как «Эко – 2», «Эко – 3» и так далее.

Сейчас во многих станах мира ученые задумываются о проблемах экологии, находятся в поисках решении этих проблем, поэтому эти страны могут заинтересоваться этим изобретением.

Список использованной литературы

1. Запись встречи заседания Клуба молодых экспертов при Сенате под председательством Спикера Маулена Ашимбаева.
https://www.atmosfera-almaty.kz/ru/news/467/

2. Тимофеев Геннадий Александрович, Мусатов Александр Константинович «Теория механизмов и механика машин», Издательство МГТУ им. Н.Э.Баумана, 2017 г. 568 стр.

3. Иванова А. А. «Основы Механики» 2013 год.

4. Отчет Департамента статистики. https://stat.gov.kz/region/268020?lang=ru

"ЕЛ ТІРЕГІ - ТӘРБИЕЛІ ЖАСТАР" ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ АУДИТОРИЯЛЫҚ САБАҚТА СЫНЫ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ, СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кульманова М.Н. Магистр, аға оқытушы
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ

Аннотация. В данной работе рассматриваются методы обучения студентов, через логического мышления.

Annotation. This article considers the methods of studing students, through logical thought.

Адам баласы өзін-өзі тану арқылы кемеліне жетеді. Жетістіктерге жетудің ең алғашқы қадамы ата-анадан басталса, келесі қадам тәрбиелі де, сапалы білім беретін оқытушы қауымның құзіретінде.

«Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының «Тәрбие жұмысы және жастар саясаты» тақырыбы және Қазақстан Республикасы жоғары блім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасында «Білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаты – мемлекеттің әлеуметтік және кәсіптік проблемаларын өз бетінше тұжырымдай отырып, іс жүзінде шеше алатын жоғары білімді әрі бәсекеге қабілетті шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға неғұрлым қолайлы жағдай жасау болып табылады.

ЖОО-да студенттердің іс-әрекетін ұйымдастыруға және білімін жетілдіріп, қабілетін дамыту мақсатын оқытушы мен студент арасында төмендегідей жұмыстар іске асады:

- Оқытушының студентпен жұмысы;
- Студенттің оқытушының басшылығымен жүргізілетін өз бетінше жұмысы;
- Оқытушының студентпен жұмысы» [1, 25].

СОЖӨЖ жұмыстарында студенттердің сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастыруға бағытталған оқыту – ол өз бетінше шығармашылық тұрғыдан ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқыту. Бұл тіл үйренушінің шығармашылық қабілетін дамытып, алған білімін шынайы өмірде қолдана алуға мүмкіндік туғызады.

Оқыту үрдісіне сыни тұрғдан ойлау әрекетін енгізу студенттердің өз бетінше білім алуына, әріптестерімен, оқытушымен бірге ой бөлісуге, алған білімдерін, іскерлік дағдыларын күнделікті өмірде жаңа жағдаяттарда қолданып, әрекет етуге, өз ойын, пікірін айта алуға және басқалардың ойы мен санасып бірігіп жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Топпен жұмыс жасау тұлға бойында шыдамдылық, мейірімділік, ұжымдық жауапкершілік, бірігіп бір мәселені шешу секілді жағымды қасиеттерді дамытады [2, 28].

Диалогтық сөйлеуді дамыту сабақтарынсыз шет тіліне үйрету мүмкін емес. Монологтық сөйлеу алдын ала әзірленуді талап ететін болса, диалогтық сөйлеу алдын ала жоспарланбайды, сөйлеу кезінде пайда болады. Мысалы, диалогтық сөйлеудің мынадай үлгісін алайық:



Диалогтық сөйлеуді дамытуда дискуссия-сабақ, конференция-сабақ, экскурсия-сабақ, ойын-сабақ, талқылау-сабақтарының рөлі зор [3, 122].

Сабақ барысында студенттердің сыни тұрғыдан ойлау, сөйлеу дағдысын қалыптастыруда мынадай жұмыстар жүргізілді.

Өткен сабақты пысықтау мақсатында, бірнеше сұрақтар қойылды.

1. Еліміздің ертеңгі тұтқасы деп кімдер туралы айтып отырмыз?
2. Әр бір ұстаздың, ата-ананың, қоғамның басты мақсаты не? т.б.

2030 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасында Елбасымыз халқымыздың болашағын тереңнен ойлай отырып. *«Мемлекетіміздің ең басты дүниесі тек қана табиғи байлық емес, сонымен қатар жасөспірім ұрпағы, өйткені олар – біздің ұлтымыздың болашақ айнасы»* дегені баршамызға белгілі. Осыған байланысты, жастар тәрбиесіне арналған ток-шоу сабағы өткізілді:

Негізгі бөлім. Ойланайық!

Сабақ шымылдығын бейне сюжетпен ашылды.

1. *Бейне сюжет көрсетілді.*

(*Бейне сюжет қоғамдағы жастар жағдайы туралы көрсетіледі.)*

1.1. Бейне сюжет бойынша, қоғамдағы жастар туралы сұрақтар қойылды.

Көпшілікті алаңдататын жайт - балалардың қанғыбастыққа бой алдыруы. Күн-түн демей үйінен безіп, көше кезіп жүретін жастар бойындағы әдеттің себебі неде? Отбасындағы тәрбиенің осалдығы ма, әлде жүрген ортасы кінәлі ме?... Мүмкін мұның басқа да себептері бар шығар?

(Сұрақтар, бейне сюжет төңірегінде студенттер пікірлерін, ойларын айтады.)

1.2. Студенттер тарапынан тыңдалған пікірлер:

1. Бос уақытында жастар уақытын компьютерлік клубтарда, достарымен кездесіп көшеде өткізеді. Көшеде досымен құр жүріп қоймай, болмайтын әңгімелер айтады, бір-бірін күлдіремін деп көшедегі қоқыс салатын ыдыстарды теуіп кетеді, ішкен суының, жеген затының сыртын тұрған жеріне лақтыра салады. Мұны бірнеше рет істегеннен кейін, бойы үреніп алады. Осыны университеттің ішінен, алдынан күнде көріпте жүрміз.

2. Темекі шегетін жастар көп. Темекіні шексін! Бірақ, мұғалім келе жатыр деп, тығып, ұямайды. Егер ол темекісін тықса, мұғалім ойлар еді... Менен ұялып немесе мені сыйлағаннан тығып жатыр деп. Сонда қазіргі біздің құрбыларымыз тәрбиеден бұрын, ұяттары да жоғалып бара жатыр ғой.

3. Көше қанғыған жастар көп деп мемлекет үлкен проблема жасап отыр. Әрине көп болады! Балаға үйі 500-1000 теңге ақша береді. Ол алған ақшасы киноға , театрға, мұражайға т.б. орындарға баруға жетпейді. Ол ақша жастарды жолдан тайдыратын орындарға ғана жетеді. Мысалы, интернет клубтарына барып, таң атқанша сонда болады. Ол жерде онын не көріп отырғанын, не істеп жатқанын тура айта алмайсын. Үйі сұраса қайда болдын деп? Өтірік көп, сонын біреуін айта салады, онын артын тексеріп жатқан ата-ана жоқ.

4. Бала тәрбиесіне ата-ана, қоғам, білім беретін ошақтар кінәлі емес. Неге жастар тек жаман іспен айналысады деп ойлайсындар. Жастардың бәрі бірдей емес. Қоғамдық істермен де айналысатын жастар бар, соларды неге көрмейміз?! Әрине, кейбір жастар шетелге қызығып, дін жағынан болсын, басқа бағыттарда болсын көп еліктейді. Сол көбіне жастарды өзгертпесе, қазіргі жастар өте білімді, алғыр және жан-жақты.

5. *Қарсы сұрақ:* Сонда сен өзіңді қандай жастардың қатарына жатқызасын?

1.3. Оқытушы тарапынан сұрақ. Енді, жастар арасында өзіне - өзі қол жұмсаудың саны не себепті өсіп келеді? Ақпарат құралдарының ішінен жастарға тәрбие беретін қайсысын айтар едіңіздер?

1.4. Студенттердің пікірлері:

1. Менін ойымша мектепте берілген тәрбие бүкіл жастар мәселесін шеше алмайды. Мектепте 100 оқушы бар десек, психолог біреу ғана. Психолог бір оқушымен сөйлесіп, проблемасын шешкенше, келесі оқушы өзіне қол жұмсауы немесе басқа істерге баруы мүмкін. БАҚ құралдарынан ешқандай тәрбие ала-алмайсын. Жастардың көп қызығатыны Интернетті алсақ, онын жағыдайы баға айтылып кетті. БАҚ құралдарынан тәрбие ала алмайсын.

2. *Қарсы сұрақ:* Теледидар, газет, радио, интернет т.б. БАҚ дұрыс тәрбие бермейді екен. Сонда тәрбие құралы не болды? Олай болса, соңғы оқыған кітабыңды айтшы?

3. Отбасындағы түрлі жағдайға байланысты деп ойлаймын. Ата-ана мен бала арасында қазіргі уақытта көп түсініспеушіліктер болады. Кішкентайынан ата-ана арасында сыйластықтың жоқтығы, араларындағы ұрысты көріп өскен, ата-ананың дұрыс тәрбиесін көрмеген балаға, мұнын бәрі психикасына қазір болмаса да, келешекте әйтеуір әсерін тигізеді.

4. Жастарға жүргізілетін ата-ана, қоғам тәрбиесі, мектептегі психологтардың қызметі баланың келешектегіне нұқсан келтірмейтіндей болуы керек. Сонда ғана жастарымыз жылтыраған нәрсеге қызықпай, дұрыс жолды өзі таңдай алады. БАҚ тәрбие береді, бірақ ондай бағдарламалар аз.

2. Студенттер келесі бейне сюжет тамашалайды.

(Сюжетте жастар саясаты, жастар ұйымдарымен жүргізіліп жүрген жұмыстар

негізінде көрсетіледі. Университеттегі «Жастарды қолдау саясаты» кәсіподақ

мүшелерін шақыруға да болады. Студенттер ойларында жүрген сұрақтарын қойып,

жауап алуға, ұсыныстарын айтуға үлкен мүмкіндік туады.)

2.1. Сұрақ: Студенттер бос уақыттарын құр өткізбеуі үшін, әр-түрлі ұйымдар ашқан. Мысалы: вакал, би, хор, аспаптарда ойнау, актерлық шеберлікті қалыптастыру т.б... Айтып өткендей, темекі тартатын жастар көп. Университет ауласында, қоршаған ортада темекінін қалдықтарынан көз ашпаймыз. Осы темекі қалдықтарын әр жерге тастамауы үшін, қандай саясат, шара қолдануға болады?

2. 2. Студенттер тарапынан ұсынылған пікірлер:

1. Бейне бақылау орнатылып, бақыланса.
2. Теріс іс-әрекеттер жасаған студенттер бейнесі қабырға газеттеріне ілінсе.
3. Университеттің ішкі тәртіп ережелеріне негізделген шара қолданылса.
4. Теріс жолдың құрбаны болғалы тұрған студенттер жағдайы, ата-анасына хабарланып отырса... *(Студенттер темекіге қарсы қолдануға болатын көптеген шаралардың түрлерін айтты.)*

2.3. Сабақ мазмұнын толықтыру, байыту мақсатында төмендегі сұрақтар қойылды.

2.4. Сұрақ: *Қандай жастар ұйымдарын білесіздер, олар қандай іс-шаралар атқарып жатыр?*

Студенттер сабақ барысында танысқан мәліметтер мен өз бетінше ізденіп, жинастырған ақпараттарды ортаға салып, пікірлері мен ойларын білдірді.

2.5. Студенттер тарапынан тыңдалған мәліметтер:

1. Елбасының бағдарламасымен жүзеге асып жатыр. "Жас қыран", "Заңғар"жастар шығармашылық бірлестігі, "Жас Отан" т.б. ұйымдар бар.

"Заңғар" жастар шығармашылық бірлестіктің директоры Айдар Қырықбаев. Ол, қоғамдық жұмыстарға 16 жасынан бастап араласқан.

2. Жастар ұйымдары жұмыс жасап жатыр. Мысалы, "Жас Отан, жастар

қанаты» көптеген істер атқарып келеді. Бұл ұйымдар сенің міне қолыңа ақша, үй, жұмыс демейді. Бұл ұйым нәтиже беретін жобалар жасайды, идея туғызады. Жастарға үміт береді.

3. ***Қарсы сұрақ:*** Барлық ұйымдар жұмыс істеп жатыр деп айтуға болмайды.

Қоғамдық жұмыстарға араласатын жастар саны көп дейді. Статистикада солай көрсеткенімен, ол жалған... Барлық ұйымдар жұмыс жасаса, қоғамда бос іспен айналысып жүрген жастар неге көп?

4. ***Сұраққа жауап:*** Көпке топырақ шашуға болмайды. Әрине, заң жүзінде бар да, іс жүзінде жұмыс жасамайтын ұйымдар да бар. Бұл ұйымдар мемлекеттен бөлінген

қаржыны өз мақсаттарына жұмсап отыр. Жұмыс жасап жатқан ұйымдардың атын жамылып, адал еңбек етіп жүрген ұымдарға кір келтіруде.

5. Жоғары оқу орнын бітіріп жатқан студенттерге "Дипломмен ауылға"

жобасы жасалды. Бұл үлкен жоба жұмыссыз жүрген жастарды, жұмыспен қамтамассыз ету. Студенттер не себепті ауылға барғысы келмейді? Жас мамандар бармаса, ауылдағы тұрғындарға кім білім береді, сырқаттанса кімге барады? деген ойлар, өзімшіл жастардың ойында болуы керек! Жоба бірден іске асып кетпейді, 10-15 жылдан кейін өз жемісін береді.

Аталмыш сабақты қорытындылау мақсатында, төмендегідей (*Осындай тәрбиесі төмендеп бара жатқан жастарымызға не*

жетіспейді? т.б) сұрақтар қойылды. Сұраққа студенттер қазіргі жастарға рухани тәрбие, рухани әңгіме жетіспейтіндігі, батыстың кері әсері туралы, батысқа еліктеушілік, әдеби шығармаларды көп оқымайтындықтан, интернеттің әсері, ата-ананың балаларына көңіл бөлмеуі т.б. көптеген пікірлер тыңдалды.

3. Сабақты қорытындысы, ұлы дананың қанатты сөзімен бекітілді.

Әбу Насыр Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы» деген екен. Адам баласына білім, тәрбие жолымен келеді. «Дүниедегі ең оңай нәрсе –кісіге ақыл айту, ең қиын – өзіңді-өзің түсіну» деген екен ғұлама Әл-Фараби. Өткізілген ток-шоу сабағының құндылығы жастарға өзін-өзі танып, дұрыс жол таңдауына үлесін тигізері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бұзаубақова К. «Өзіндік жұмыс және оған қойылатын талаптар» // Қазақстан мектебі. №10, 2011.
2. Нұрбекова Г. «Студенттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін қалыптастыру» // Қазақстан мектебі. №2, 2010.
3. Г. Амандықова, Ш. Мұхтарова, Б. Баймұқанова, А. Бисенғалиева Шет тілін оқыту әдістемесі. Астана, 2010.

ПОЛИТИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА

Кенебаев Г.Ж. философ. ғ.д. академик
магистр аға оқытушы Астемес Г.К.
магистр аға оқытушы Жүсіп Э.М.

Термин политическая культура впервые употреблен немецким ученым И.Гердером еще в ХУIII веке. Особенно часто эта категория стала употребляться в 50-60-е годы ХХ века в связи со стремлением ученых осмыслить процесс принятия управленческих решений и необходимостью анализа политического поведения граждан. Весьма активно исследовали политическую культуру американские политологи Г.Алмонд, С.Верба, Л.Пай и др.

Политическая культура – сложное общественное явление, связанное с политической системой как неотъемлемый ее элемент, сознанием и эмоциями людейц, их поведением в политическом процессе, отношением к определенным традициям, обычаям и ценностям. В научной литературе имеется множество определений политической культуры. Вот некоторые подходы к ее определению:

1. Психологические, делающие упор на определенные мнения, обычаи, традиции, где политическая культура рассматривается как система убежений, верований и

чувств, каторые придают порядок и значимость политическому процессу (Л.Пай), система политических убеждений, мнений и ценностей, преобладающих в государстве в определенный период времени. [1]

2. Поведенческие, ориентированные на деятельностный подход, поступки, стиль поведения человека как субъекта политических отношений (модель ориентации и поведения в политике – В.Розенбаум), система убеждений о моделях политического поведения (С.Верба).

3. Ценностные, рассматривающие политическую культуру как важный инструмент принятия политических решений. В этом плане Е.Вятр определяет политическую культуру как «совокупность традиций, ценностей и образцов поведения, затрагивающих взаимоотношения власти и граждан» [2]. К сфере политической культуры Е.Вятр относит: а) знания о политике; б) оценку политических явлений; в) эмоциональную сторону политических позиций; г) признанные в данном обществе образцы политического поведения.

4. Институциональные, отождествляющие политическую культуру с политическими институтами (особый тип ориентации на политическое действие, отражающее специфику каждой политической системы (Г.Алмонд)).

Понятие политической культуры складывается обычно из наиболее значимых, устойчивых ценностных представлений, лежащих в области политического поведения, образцов и модели политического поведения. Этоозначает, что не все установки сознания и поведения могут считаться включенными в сферу политической культуры, а лишь те, которые непосредственно определяют оценки и действия субъекта в политике.

Для характеристики политической культуры как отдельного явления политологи выделяют индивидуальные ориентации относительно политических объектов. Выделяют три группы ориентаций:

1 «когнитивные» - совокупность знаний и ложных представлений относительно формирования и функционирования политической системы;

2 «аффектные» - чувства, испытываемые по отношению к политической системе и власти и вовлеченным в нее людям;

3 «оценочные» - различные суждения и мнения о политических объектах, составленных из совокупности ценностных стандартов и критериев, информации и чувств.

Ориентации последней группы являются основными при раскрытии понятия политической культуры, так как выражают субъективное отношение к политике в целом, что собственно и отличает политическую культуру от остальных слагаемых политической сферы.

Политическая культура представляет собой совокупность устойчивых ориентаций, созданных на базе политического сознания общества и образцов поведения, которые обусловлены этими ориентациями и ценносными представлениями о политических явлениях.

Основной упор политической культурой делается на преемственности, потому особенно важным становится процесс нахождения индивидом своих убеждений и ориентиров. В самом начале могут наблюдаться противоречащие политическим ориентирам поступки, которые затем с учетом полученного опыта становятся более адекватными. В соответствии с усвоенными традициями, убеждениями человек приобретает свойства, которые в зависимости от выполняемых в обществе ролей приобретают типичные черты – администратора, агитатора, теоретика и т.д.

Политическая культура выполняет важные общественно-необходимые функции: 1) функция регулирования политической жизни. Она направлена на обеспечение функционирования и развития политической системы, укрепления сознательной

дисциплины, непримиримости к недостаткам. Устоявшиеся элементы политической культуры выступают как традиции. Политическая культура характеризует глубинные причины политического поведения граждан и социальных групп и существует как в коллективной, так и индивидуальной форме. Поведение – это способ существования культуры; 2) воспитательная функция – ценности и образцы поведения старших воздействуют на младшее поколение в позитивном духе; 3) познавательная функция – вооружение субъекта знаниями, необходимыми для его успешной деятельности в сфере политики; 4) аксеологическая функция. Отношения субъектов политики определяются системой ценностей, которые входят в политическую культуру. Она дает гражданам систему ориентаций на соответствующие нормы и образцы поведения; 5) интегративная функция – политическая культура способствует согласованию интересов классов, социальных слоев, наций и народностей, развитию и удовлетворению политических потребностей и интересов; 6) функция обеспечения исторической преемственности, непрерывности исторического процесса. Политическая культура передается от поколения к поколению в процессе ее социализации.

Типы политической культуры. Более широко используются типология, выдвинутая Г.Алмондом и С. Вербой, основанная на том, "на какие политические объекты и как сориентированы индивиды и выключены ли эти объекты в "восходящий" поток "делания " политики или в "нисходящий" поток политического принуждения. Путем вычленения характерных для общества ориентаций когнитивных, эффективных и оценочных- по отношению к системе вообще как объекту, к объектам на "входе" системы, к объектам на "входе" и к себе как к объекту. С этой точки зрения они выделяют три типа политических культур:

1.Патриархальная политическая культура (или политическая культура местных общин) имеет место в случае, если четыре указанных типа ориентаций отсутствуют. В обществах с этим типом политической культуры почти отсутствуют специализированные политические роли. Чаще всего они слиты с ролями религиозного и социального плана. В силу чрезмерной консервативности отсталых обществ политическая культура здесь формируется в основном на традиционных установках, изменить которые отдельная личность не в состоянии. Именно поэтому видоизменяются в них привнесенные политические институты, на которые был сделан когда-то акцент теоретиками модернизации при определении путей достижения традиционными обществами западных стандартов. Данный тип характерен прежде всего для отсталых по политико-экономическим показателям обществ, однако фрагментарно может присутствовать в достаточно развитых странах.

2. Подданническая политическая культура присутствует в тех политических системах, которые относительно дифференцированы и субъекты который осведомлены о функционировании системы, однако слабо участвующие в её работе, особенно при артикуляции интересов. Она обычно не существует в кристаллизованном виде, а смешана с предыдущим и следующими типом политической культуры.

3. Политическая культура участия (или активистский тип политической культуры) в которой все четыре указанных типа ориентации отличаются высоким уровнем представленности ,т.е. члены общества хорошо осведомлены как о политической системе в целом и её объектах, так и о собственной роли в этой системе.

Ни одно из трех типов политической культуры не существуют в чистом виде и смешан с другими. Поэтому зачастую имеет смысл говорить о патриархально-подданической, подданническая-патриархальной или подданическо-активисткой типах политической культуры ,в зависимости от превалирования характерных ориентаций.

Немаловажным является на современном этапе фактор влияния крупных локальных образований, групп и т.д. на формирование политической культуры всего

общества. Для обозначения совокупности их специфических ориентаций по отношению к власти, политической системе и её объектам применяется понятие субкультуры. Для обозначения совокупности их специфических ориентаций по отношению к власти, политической системе и её объектам применяется понятие субкультуры. Различия между ними обусловлены многими причинами: исторической логикой развития (провинции во Франции), экономическим положением (промышленный Север и аграрный Юг), уровнем образования (город-село) и т.п.

Опыт типологизации политической культуры был продолжен рядом ученых-политологов. Суть их концепций вкратце такова.

У.Розенбаум рассматривает два типа политической культуры: 1. Для фрагментированного характера отсутствие согласия (консенсуса) по основополагающим принципам политического устройства общества. Низка степень вовлеченности в общенациональную культуру различного рода субкультуры. 2. Интегррированный тип отличает высокая степень консенсуса и плюралистическая ориентация, следствием чего является создание относительно однородной политической культуры.

Внутри очерченного ими спектра находятся различные модификации, обусловленные спецификой каждого типа из рассматриваемых в отдельности политических культур.

Д.Элейзар различает три основных типа политической культуры моралистическую, индивидуалистическую и традиционную. У.Блюм предлагает выключать все многообразие политических культур в рамки двух типов-коллективистского и либерального. И, наконец предлагаемая К.Гаджиевым типология основывается на выделении органического (преобладание коллективистских, традиционных ценностей), либерально-демократического (приоритет свободы личности, частной собственности над коллективистским началом) и смешанного (различных синтез предыдущих) типов политически культуры.

Как и все общество в целом политическая культура Казахстана претерпевает серьёзные изменения. В первую очередь это связано с обретением независимости и строительством демократического общества развития. Однако декларируемая приверженность демократического общества развития. Однако декларируемая приверженность демократическим ценностям и модернизация институтов политической системы не означало изменения базового сознания общества, в том числе и политического. Следствием трансформации общества в политической культуре системы не означало изменения базового сознания общества, в том числе и политического. Следствием трансформации общества в политической культуре стала очень медленная эволюция в сторону от тоталитарной системы ценностей.

Политическую культуру казахстанского общества уместно рассмотреть в связи с выяснением вопроса к каком типу относится политическая культура нашего общества?

Ни одна из современных обществ, тем более на стадии перехода, не может нести в себе идеальный тип политической культуры т.е. быть только патриархальным, подданническим или активистким. Так и казахстанское общество относится к носителю смешанной политической культуры.

Казахстан можно выключит в список стран, где преобладает подданническая политическая культура. Но здесь нужно внести уточнение, так как определение типа политической культуры само по себе не раскрывает специфики Казахстана.

Если выстроить иерархию ценностей и ориентации составляющих политическую культуру, то на первом месте будет стоять подданническая политическая культура. Но здесь нужно внести уточнение, так как определение типа политической культуры само по себе не раскрывает специфики Казахстана.

Если выстроить иерархию ценностей и ориентаций составляющих политическую культуру, то на первом месте будет стоять подданническая, на втором-патриархальная, на третьем-совсем небольшая, но имеющая тенденцию к росту, активисткая политическая культура. Основываясь на этом, отнесем политическую культуру казахстанского общества к смешанному подданически-патриархальному типу.

Литература

1. Доган М., Пеласси Д. Сравнительная политическая социология. М., 1994. С.98
2. Е.Вятр. Социология политических отношений. М., 1979. С.259

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУ БАРЫСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Қасымбаева Гүлстан Нүсіпбекқызы, тех.ғ.к.
kasymbaeva1960@mail.ru
Махаманова Майра Нұрмұханқызы, пс.ғ.к., доцент
mahamanovamajra@gmail.com
Қазақ спорт және туризм академиясы
Қазақстан, Алматы қ.

Аннотация. В статье рассмотрены механизмы формирования и развития познавательной деятельности в процессе обучения. В статье излагаются особенности современных методов обучения в высших учебных заведениях, а так же анализируется интерактивные методы обучения, приводятся примеры их практической реализации.

Ключевые слова: компетентность, методы, совместная учебная деятельность, социально-психологический тренинг.

Annotation. The article discusses the mechanisms of formation and development of cognitive activity in the learning process. The article outlines the features of modern teaching methods in higher educational institutions, as well as analyzes interactive teaching methods, provides examples of their practical implementation.

Keywords: competence, methods, joint educational activities, socio-psychological training.

Қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешуде болашақ мамандардың кәсіби және әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру – заман талабы. Болашақ маманды қоғам талабына сай дайындау жоғары мектеп алдында тұрған өзекті мәселе болып табылады. Сонымен қатар қазіргі уақытта ЖОО жаңа білім беру парадигмасына сай болашақ мамандарды даярлау барысында құзыреттілікке баса назар аударылатыны белгілі. Сондықтан студенттердің бойында таңдаған мамандықтарына сәйкес білімділігін, біліктілігін және дағдыларын шығармашыл тұлғаны дайындау барысында кәсіби салада пайда болған әртүрлі мәселелерді шешуге даяр болашақ маманды қалыптастыруға баса назар аудару қажет. ЖОО оқытушылары студенттердің оқу, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру қабілеттерін қамтамасыз ететін оқу құзыреттіліктерін қалыптастыру маңызды болып табылады [1, б.12]. Тұлғаның танымдық және интеллектуалды әрекеттерінің дамуында инновациялық технологияларды қолдану ерекше орынға ие, тұлғаның шығармашылық қабілеті, креативтілігі, оның танымдық іс-әрекетінің дамуы мен белсенділігінің көрсеткіші. Басқаша айтқанда тұлғаға

бағдарланған іс-әрекет оның тек білім алуына ғана емес, сонымен қатар тұлғаның сана-сезіміне, тұлғалық қасиеттерінің дамуына да ықпал етеді. Атап айтсақ, шығармашылық ойлау, бастамашылдық, өзіне сенімділік, адекватты өзін өзі бағалау, бірлесе әрекет ету, жетістік мотивациясы, жұмысқа қабілеттіліктің жоғары болуы, өзін жүзеге асыру және жетілдіру [2, б.3] сынды сапаларды қалыптастыру болашақ маман тұлғасының жалпыадамзаттық құндылықтарының негізі болып табылады.

Заманауи инновациялық оқыту технологияларының негізі бірлесе үйрену идеялары болып табылатыны белгілі [3, б.36-37]. Бірлесе үйренуде әрбір студент басқалармен өзінің білгенімен бөлісіп, өз идеяларымен, ойларымен алмасады, яғни таным процесі барысында және соңғы нәтижесіне өз үлесін қосып, тиімді нәтижеге қандай бірлескен оқу әрекеттері арқылы жете алатындығын анықтайды.

Интербелсенді оқыту білімді меңгеру процесінде студенттердің өзара тиімді қарым-қатынас құруына негізделеді. Интербелсенді оқыту - «оқытушы – студент», «студент – студент», «студент - өзімен өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «бірлескен іс-әрекеттер», «пікір алмасу» және т.б.) болып табылады және оқытушы да, студент те таным процесіне белсенді араласады, яғни оқыту үрдісінің субъектісі болады.

А.Х. Әлімовтың зерттеулерінде интербелсенді оқыту барысында білім игеру процесін ұйымдастырудың артықшылықтары келесідей: 1) барлық студенттерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға оңтайлы жағдай жасау; 2) әрбір студенттің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкінді жасау. Интербелсенді оқыту бірлесе үйрену идеяларын ұстанады. Бірлесе үйренуде әрбір студент танымның (оқып, меңгерудің) ортақ мағынасына және соңғы нәтижесіне өз үлесін қосып, топтағы студенттер арасында өзінің білгенімен, идеяларымен, ойларымен алмасады, тиімді нәтижеге, яғни білім алуға қандай бірлескен оқу әрекеттері арқылы жете алатындығын анықтайды [4, б.32].

Осы мақалада жоғары мектепте өзіміз жиі қолданатын интербелсенді оқыту әдістері мен әлеуметтік-психологиялық тренингтерді қолданудың әдістемелік ерекшеліктеріне тоқталуды жөн көрдік. «Әлеуметтік психология, спорттағы қарым-қатынас психологиясы» пәні бойынша «Көшбасшы және көшбасшылық мәселесі» тақырыбын меңгеру барысында өткен практикалық сабақтың SMART мақсаты төмендегідей тұжырымдалды: студенттердің өмірде және болашақ кәсіби қызметте пайдалануы үшін «Миға шабуыл»; «ПОПС»; топта, жұпта пікір алмасу; үлгілеу әдістерін және тестерді пайдалана отырып, білімдерін жетілдіру арқылы кем дегенде 3 басқару теорияларын меңгеріп, студенттердің лидерлік сапаларын анықтап спорттық командада, әлеуметтік топтарда студенттерді жетістікке жетуге дайындау.

Сабақтың басында «Топтағы тұлғааралық қарым-қатынас» тапсырмасы бойынша Дж. Морененың бейімделген социометриялық зерттеу әдісін [5, б.44] қолдану барысында, студенттерге «Жарысқа кіммен дайындалар едіңіз? Үш адам таңдаңыз» мазмұнында тапсырма берілді. Студенттердің жауаптары келесі кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Социометриялық зерттеу нәтижесі

	Тегі, аты												
	Әбілқасым Мағжан												
	Бекқали Саяуыш												
	Елемесов Дияс												
	Ержігіт Бағдәулет												
	Жангелдин Айдын												
	Молдабай Дамир												

	Мырзабаев Нурлыбек												
	Нұрлыбекұлы Бекнұр												
	Садирадин Салим												
	Сыздықов Ерасыл												
	Сқақ Айбол												
	Талдыбек Диас												
	Таңдалынғандар саны												
	Өзара таңдау	8											
	Таңдауы ең көп – лидер	Бағдәулет – 6 студент таңдады											
	Қалаулы топ	Мағжан, Саяуыш, Айдын, Салим (4-5 б)											
	Жалпы топ	7 студент (1-3 б)											

Социометриялық зерттеу нәтижесінде сабаққа қатысқан студенттердің арасында таңдауы ең көп (6 балл) – лидер; қалаулы топта 4-5 балл жинаған студенттер; жалпы топта 1 – 3 балл жинаған студенттер; таңдалынбаған студент жоғы анықталды.

«Үлгілеу» әдісіне 4 студенттен тұратын кіші топта орындауға тапсырмалар берілді: 1) Заманауи басқару теориялары; 2) Спорттағы лидерлік; 3) Көшбасшының психологиялық қажеттіліктері мен мотивтері.

Студенттер берілген уақыт аралығында бірлесе отырып, топтық жоба құрастырды және аудиторияны жұмыс нәтижесімен таныстырды.

Теориялық мәселерден кейін Ресей психологтары Е.С.Федоров, О.В.Еремин және Т.А.Миронова құрастырған «Мен лидермін» әдістемесі бойынша тест өткізілді [6, б.336-340]. Студенттер қойылған сұрақтарға 5 баллдық жүйе бойынша: «4 балл - толық келісемін; 3 балл - келіспегеннен гөрі келісемін; 2 балл - айту қиын; 1 балл - келіскеннен гөрі келіспеймін; 0 балл - толық келіспеймін» сынды жауаптарын кесте 2-де өз парағына бойындағы сапаларды бағалады.

Кесте 2. Тест жауаптарына арналған кесте

өзін басқару	мақсат бағыттылық	проблеманы шешу	шығармашылық	тіл табысу	ұйымдастырушылық	ұй. жетк-з	ұй. төмен
1	2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	31	32
33	34	35	36	37	38	39	40
41	42	43	44	45	46	47	48
Барлығы	Барлығы	Барлығы	Барлығы	Барлығы	Барлығы	Барлығы	Барлығы

Студенттерге көшбасшы екендігі туралы қорытынды жасамас бұрын, сұрақтарға жауап беру кезінде қойылған ұпайлар арасынан шынайылықты көрсететін 8, 15, 22, 27,

29, 34, 36, 41 жауаптарға назар аудару қажеттілігі түсіндіріледі. Егер олардың әрқайсысына 1 баллдан артық қойылса, өзін-өзі бағалауда шынайы емес деп саналады.

Көшбасшылық қасиеттердің даму деңгейін анықтау келесі кестеге сәйкес жүзеге асырылады:

Кесте 3. Көшбасшылық қасиеттердің даму деңгейі

Балл саны	Деңгейі
16-20	Жеткілікті
11-15	Орташа
10-нан кем	Төмен

Нәтижесінде студенттер ұсынылған әдістемені қолдана отырып, өзін-өзі бағалау арқылы өз бойларындағы көшбасшылық қасиеттерін дамыту мақсатында ұсынылған кеңестермен танысып, топта талдайды.

Келесі «Жетістік: қалай жетуге болады» тапсырмасы жазбаша дөңгелек стол (раундробин) түрінде ұйымдастырылды. Студенттердің назарына ПОПС (проблема, обоснование, пример, суждение) техникасын қолдану ұсынылды:

Проблема (мәселе):

Негіздеу, дәлелдеу:

Мысал:

Тұжырым:

Алдын-ала дайындалған жауап парағында әр студент 2-3 сөйлемнен тұратын мәтін құрастырады.

Сабақ соңында студенттерге «Мен бүгін сабақта не білдім/үйрендім?», «Мен неге қол жеткіздім?», «Менің ұсыныстарым» сұрақтарына талдау жасалды.

Сабақ барысында студенттердің бойында сын тұрғысынан ойлау қабілеті, командада жұмыс істеу қабілеті, талдау жасау және жинақтау қабілеті, проблемаларды шешу қабілеті сияқты тұлғааралық және инструментальдық іскерліктерімен қатар, үйренуге деген қабілеттілік, меңгерген білімдерін тәжірибеде қолдана алу қабілеті сынды пәндік іскерліктері де дамиды.

ЖОО оқытушысы өзінің кәсіби қызметінде студенттің пікіріне құлақ асуға, пән мазмұнына байланысты оқытудың тиімді әдістерін таңдауға көңіл бөлгені дұрыс. Болашақ маман дайындау барысында студенттердің тақырыпты меңгеру деңгейін арттыру үшін заманауи педагогикалық технологияны оқыту үрдісінде тиімді таңдау мен қолдану оқытудың нәтижелігін жоғарылатады.

Әдебиеттер:

1. Коломиец О.Е. Концепция преподавательской деятельности педагога высшей школы в контексте компетентностно-деятельностного подхода. – М.: Издательский дом «Развитие образования», 2017. - 157 с.

2. Намазбаева Ж.И. Психологические проблемы национальной системы образования и пути их решения/Международная научно-практическая конференция «Психологическая наука и практика в современном обществе: проблемы, опыт, перспективы», А. 2018. – 456 с.

3. Жакупов С.М. Управление познавательной деятельностю студентов в процессе обучения, Алматы, «Қазақ университеті», 2002. - 117 с.

4. Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы. – Алматы, 2016. – 448 б.

5. Биекенов К.У., Биекенова С.К., Кенжакимова Г.А. Социология: Уч.пособие. – Алматы: Эверо, 2016. – 584с.

6. Рабочая книга практического психолога. Пособие для специалистов, работающих с персоналом / Под ред. А. А. Бодалева, А. А. Деркача, Л. Г. Лаптева. — М.: Изд-во Института Психотерапии, 2001 — 640 с. илл.

ЭМОЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Әлімбек А.Н.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1-курс магистранты
E-mail: jungkookaltynai00@mail.ru
Ғылыми жетекші:
Ф.ғ.к., профессор Иманалиева Ғ.Қ.
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Аннотация: Предметом исследования являются эмоциональные высказывании. Статья направлена на выявление и изучение прагматического потенциала данных эмоциональных высказывании. Прагматический потенциал языка и общения зависит от способности человека использовать языковые знаки, выражать эмоции и намерения во время речи и дискурса, а также оценивать. Эмоциональные структуры можно найти во всех типах текста, но мы часто находим эмоциональные иллюстрации в тексте художественной литературы. Тексты, написанные в стиле художественной литературы, помогают полностью раскрыть прагматический потенциал эмоций.

Ключевые слова: эмоция, эмоциональное высказывание, эмотивность, прагматика, прагматический потенциал.

Abstract: The subject of research is emotional statements. The article is aimed at identifying and studying the pragmatic potential of these emotional statements. The pragmatic potential of language and communication depends on a person's ability to use linguistic signs, express emotions and intentions during speech and discourse, and also evaluate. Emotional structures can be found in all types of text, but we often find emotional illustrations in fiction text. Written in the style of fiction, it helps to unleash the pragmatic potential of emotion to its fullest.

Key words: emotion, emotional statement, emotiveness, pragmatics, pragmatic potential.

Қазіргі лингвистика тілді құрылымдық мен жүйелік жағынан ғана емес, басты қатынас құралы ретіндегі қызметіне негізделуімен ерекшеленеді. Мұндай тенденция XIX ғасырда басталған еді: тілдің шеңберінен шықпай, адамнан тыс, өзін ғана зерттеумен шектелу жеткіліксіз болғандықтан, адам болмысымен тікелей байланысты психология, философия, мәдениет, т.б. ғылымдармен байланыстырып зерттеу қолға алынды. Себебі тіл сөйлеушінің ойын ғана емес, сонымен қатар ішкі сезімдері мен эмоциясын, көңіл күйін де жеткізеді. Тіл – адам ойын жеткізуші басты құралы болғандықтан, адамға қызмет етеді, адамның дүниеге көзқарасы, ішкі сезімі, көркемдік әлемі, ұлттық болмысы тіл арқылы танылады.

Осы ұстаным негізінде қазіргі қазақ тіл білімінде де қолданыс барысында тілдік қатысым субъектісіне баса назар аударылып, оның қарым-қатынас кезіндегі айтушының

ойы мен тыңдаушыға ішкі сезімін жеткізуші эмоциялық-экспрессивті құралдар жүйесін зерттеуге қызығушылық артты. XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басы тіл білімінде «эмоциялық өзгеріс» болып, оның прагматика мен дискурстағы рөлі арта бастады. Адресаттың эмоциялық күйінің өзгеріп отыруына байланысты тілдің эмотивтілігін (эмоцияны әркімнің әртүрлі жеткізуіне байланысты), перлокутивті қызметі туралы зерттеулер көптеп жазыла бастады.

Эмоциялық құрылымдар − ақпаратты кеңінен, толықтай жеткізудегі басты коммуникация құралы. Қорыққанда көздің үлкейіп кетуі немесе ұялып, қысылғаннан беттің қызаруы, көзді аларту, т.б. осыған дәлел. Тілдің әрбір қабатына эмоцияның қатысы бар. Жағдаятқа сәйкес, көбінесе адамды бет әлпетіне, сөзіне қарап бірден түсінуге болатын болса, кей жағдайда әркім әртүрлі қабылдап, тіпті ұға алмай жатады. Демек эмоцияны жеткізіп қана қоймай, өзгелердікін де «оқи алу» керек. Осы себепті тіл біліміне «прагматикалық әлеует» ұғымы енгізілді. Прагматикалық әлеует дегеніміз айтушының немесе жазушы тарапынан пайда болатын, адресат түсінуі тиіс қосымша ақпарат. Ол жалпы ой, негізгі ақпармен қатар, қосымша берілуі тиіс мәліметтерді құрайтын тілдік амалдардан тұрады.

Тілдің қарым-қатыстағы прагматикалық әлеуеті адамның тілдік белгілерді қолдануы, сөйлеу акті және дискурс барысында эмоциясы мен ниетін жеткізе алуы, баға беруіне байланысты. Эмоциялық құрылымдарды барлық мәтін түрлерінен табуға болады, алайда көркем әдебиеттегі мәтіннен эмоциялық көркемдегіш құралдарды жиі кездестіреміз. Көркем әдебиет стилінде жазылған мәтіндер эмоцияның прагматикалық әлеуетін толықтай ашуға көмектеседі.

Эмоциялық құрылымдардың прагматикалық әлеуеті сөйлеушінің қолданған тілдік бірліктеріне тікелей байланысты. Мұнда сөйлеуші сипаттау барысында троптар мен көркемдегіш құралдарды қолданады. Эмоциялық құрылымдардың прагматикалық әлеуетін айқындау және оны анықтай алуды үйрену сөйлеушінң түпкі ойын түсінуге (иллокуция) көмектеседі. Сонымен қатар, керісінше, көркем мәтіндегі сөйлеушінің көңіл күйін жеткізе алуы, тыңдаушы немесе оқырманның оны сезіне алуы қолданылған эмоциялық құрылымдардың прагматикалық әлеуетіне байланысты.

Номинация айтушының прагматикалық ойын жеткізуде маңызды рөл атқарады. Тілдік-танымдық үдеріс ретінде номинация тілде бар атауыш сөздерді қолданумен немесе сол кездегі адамның күйіне сай атау ойлап табумен байланысты. Номинацияға сөйлеушінің тыңдаушыға жауабы мен өз ойы, сонымен қатар оны жүзеге асырушы тілдік құрал енеді. Бұл сөйлеуші ойының прагматикалық әлеуетін көрсетеді. Мысал келтірсек:

Өзі туралы ақпараттың қате берілгенін көрегенде, тітіркеніп кетті. Онда «бойы» деп те жазылмаған еді. Бірақ бұл қатесіз берілген ақпар еді. Бір метр, елу сантиметр... Ол санды өзгертті де, «сақтау» түймесін баса салды [5].

Осы сөйлемде адамның ішкі сезімі «тітіркенді» етістігі арқылы беріліп тұр. Тітіркену – адамның ұнамайтын, жағымсыз, қорқынышты жайтта білдіретін сезімі. Мұнда адам шошып, ашуланып қана қойған жоқ, көрген сан өзіне қатысты болғандықтан, денесін тітіркендіріп өткен. Бұл жағдайда шошынды, ашуланды, таңданды деп қоя алмаймыз. Себебі дәл сол сәттегі көңіл күйді тек «тітіркену» жеткізе алады. Жалғыз өзін қолданып, біз «тітіркену» сөзінің мағынасын аша алмаймыз. Аталмыш сөздің прагматикалық әлеуеті тұтас мәтін барысында ғана көрінеді. Осыдан кейін кейіпкер ешкімнен рұқсат сұрамай өзіне қатысты мәліметті өзгерткен.

«Құдай-ай, үндемеші!» - деп сөзін бөлді ол ашудан көзіне жас алып [5]. Бұл сөйлемнен сөйлеушінің ашудан жылап жібергенін байқаймыз: ашу-ызадан шыққан көз жас, одағай (Құдай-ай), бұйрық мәнді (үндемеңдерші) деп сөзді бөлгенінен адресанттың ауыр сезімді бастан кешіргені түсінікті. Сөйлеу барысында дұрыс қолданылған сөз

әйелінің күйеуіне деген жек көрінішін, оған шыдай алмайтынын, тыңдағысы келмейтінін айқын жеткізіп тұр.

«*Бұл сұмдық емес пе?! Ол күйеуінен қашып кетіпті»* деген сөйлемнен сөйлеушінің болған оқиғаға қатысты сезімін, өте нашар баға бергенін «сұмдық» сөзі арқылы түсінеміз [5]. Бұл да сөйлеушінің немесе автордың шеберлігін, ойының прагматикалық әдеуетін көрсетеді.

Ойды барынша анық жеткізу туралы М.Балақаев, М. Томанов «Қазақ тілінің стилистикасы» атты еңбегінде мынадай мысал келтіреді:

«Ойды жай хабар ретінде де, кісіге әсер ететіндей мәнерлі түрде де айтуға болады. Мысалы, Енді оны көрмеймін дегенді күшейтіп: Енді оны көрсем көзім шықсын деуге болады» [3, 159].

Адамның сөйлеу кезіндегі сезімін, көңіл күйін сыртқы қалпын, жағдайын суреттеу арқылы да білдіруге болады. Адамның тұрған тұрысы, жүрісі, қозғалысы, сол сәттегі іс-әрекеті, бет әлпетін суреттеудің де прагматикалық әлеуеті бар.

Мысалы:

Сөзін жігерлі бастаған анамның даусы дірілдеп, кеудесін өксік қысып кетті,- деген сөйлемде адамның даусының дірілінен болған жайттың жанына қатты батқанын, қолынан келер шара жоқ болғаннан көкірегін өксік кернегенін байқаймыз [4]. Бұл сөйлемді жай ғана жылады деп аяқтар болсақ, кейіпкердің қатты қайғыға берілгенін жеткізе алмас едік. Демек, «даусы дірілдеп, кеудесін өксік қысты» деген сипаттаулардың прагматикалық әлеуеті жоғары.

Қорытындылай келе, эмоциялық құрылымдардың жағымды немесе жағымсыз көңіл күй кезінде, адамдағы әртүрлі жағдайда жоғары прагматикалық әлеуетін танытатындығын білдік. Жоғарыдағы талдаулардан эмоциялық құрылымдарды жалпы мәнмәтін негізінде қарастырсақ, ондағы сөздердің мағыналары жақын болып көрінгенімен, адамның ішкі сезімін жеткізгенде үлкен айырмашылықтың бар екенін аңғара аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Иманалиева Ғ.Қ. Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.-255 б.
2. Жгун Д. Прагматический потенциал эмоциональных высказываний в художественном тексте, - 2019
3. Балақаев М., Томанов М. Қазақ тілінң стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1974. – 200 б.
4. https://alashainasy.kz/proza/kanat-tleuhan-janaza-povest-92359/
5. https://ortalyq.kz/anasyn-sa-yn-an-bala-gime/

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙЫНЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Мамаев Шынғыс, 1 курс магистранты
Қазақ спорт және туризм академиясы
E-mail: Shake1 kz@mail/ru
Ғылыми жетекшілері:
Белегова А.А. п.ғ.к.доцент; Сураншиева М.К. аға оқытушы, PhD
Қазақ спорт және туризм академиясы

Аннотация. Все истинные человеческие качества человека формируются в результате воспитания собственной жизни. В процессе обучения в начальных классах очень велик вклад детей в развитие познавательных процессов, в формирование мыслительного процесса. Программа современной начальной школы составлена с учетом путей ускоренного развития всех познавательных процессов. Однако для решения данной проблемы каждому педагогу необходимо полное понимание особенностей мышления, путей его развития. Задача учителя - формирование мышления младшего школьника в процессе обучения. В связи с этим учащийся в процессе обучения, на каждом уроке должен определять цели и задачи своей учебной деятельности, использовать конкретные способы и приемы их реализации и научиться контролировать себя. Наши предки, уделявшие большое значение как физическому воспитанию подрастающего поколения, так и умственному развитию, изобрели и использовали эту игру как средство умственного и интеллектуального развития.

Ключевые слова: теоретическое и логическое мышление, познавательный процесс, формирование мышления, игра "тогузқумалак", физическое воспитание.

Annotation

All true human qualities of a person are formed as a result of raising their own life. In the process of teaching in the primary grades, the contribution of children to the development of cognitive processes, to the formation of the thought process, is very great.

The curriculum of a modern elementary school is drawn up taking into account the ways of accelerated development of all cognitive processes. However, to solve this problem, each teacher needs a complete understanding of the peculiarities of thinking, the ways of its development.

The task of the teacher is to form the thinking of the younger student in the learning process. In this regard, a student in the learning process, at each lesson, must determine the goals and objectives of his educational activities, use specific methods and techniques for their implementation and learn to control himself.

ur ancestors, who attached great importance to both the physical education of the younger generation and mental development, invented and used this game as a means of mental and intellectual development.

Key words: theoretical and logical thinking, cognitive process, the formation of thinking, the game "touzkumalak", physical education.

Қазіргі әрекет теориясында оқушыларда ойлаудың, әсіресе теориялық ойлаудың қалыптасу процесі жеткілікті дәрежеде қарастырылған. Мысалы: А.З.Закпың зерттеулерінде бастауыш мектеп жасында теориялық ойлаудың күрделі танымдық қызмет ретінде дамуы үш кезеңнен тұрады [1]:

1) диалектикалық кезең – теориялық ойлаудың аналитикалық тәсілдерін, міндеттердің кейбір топтарының мазмұнын, объектілердің жалпылама қатынасын және осы топтың өзіне жататын міндеттерін құру және шешу мүмкіндігін меңгеруі;

2) рефлексивті кезең – осы жалпылама қатынастың ерекше формаларын құру;

3) синтездеуші кезең – осы жалпылама қатынастың бірлігін және оны жүзеге асырудың ерекше формаларын білуді қамтамасыз ететін ойлаудың синтетикалық тәсілдерін меңгеру.

Сонымен, оқушыларда теориялық ойлаудың қалыптасу жолын жалпы түрде көз алдымызға келтірсек:

- оқушылар оқу әрекетін игере отырып, мұғаліммен бірге оқу әрекетін талдайды. Ондағы жалпы қатынасты бөліп алып, оны қандай да бір таңбалық формада есепке алады. Басқаша айтқанда, жалпы және абстрактылы білімді меңгеру жеке және нақтырақ

біліммен танысуға алғышарт болады, соңғысы бұл жағдайда алдыңғысынан бөлінгендігі көрінеді;

- бастапқы абстракция мен қорытындыны, басқа абстракцияларды қорытындылау және біріктірудің құралы ретінде қолдану, бұл амалдарды оқу пәнінің бір «жасушасына» – ұғымға айналдырады; басқаша айтқанда оқу материалын меңгеру – абстрактылыдан нақтылыға өту жолымен жүзеге асады;

- теориялық қорытуды қалыптастыру тікелей оқу міндеттерінің жүйесін, оларды шешудің жалпы тәсілдерін игеру арқылы жүреді;

- оқу міндеттерін шешу: оқып-үйренетін объектімен (материалдың) жалпы қатынасын табу мақсатында міндеттің шарттарын өзгерту, бөліп алынған қатынасты модельдеу; қатынастың моделін, оның қасиеттерін «таза күйінде» зерделеу үшін модельді өзгерту; жалпы тәсілмен шешілетін жеке міндеттер жүйесін құру, алдыңғы амалдардың орындалуын бақылау және жалпы тәсілдерді меңгеруді осы міндетті шешудің нәтижесі ретінде бағалау; сонымен, жалпы және ерекшені бөліп алу процестері, алдымен салыстырмалы өзбетіндік амал әрекет ретінде, сонан соң операциялар ретінде беріледі.

